

81.2  
М86

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
СҮЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ



SULEYMAN DEMIREL  
UNIVERSITY

Мұхамәди Қ. Т.

**ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ**

**СӨЗЖАСАМЫ**

Оқу құралы

(қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы  
студенттеріне арналған)

Қаскелең, 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
СҮЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ

Мұхамади Құралай Төлегенқызы

**UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS**  
**ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СӨЗЖАСАМЫ**

*Оқу құрал*  
*(қазақ тілі мен әдебиеті, филология мамандығы*  
*студенттеріне арналған)*

ӘОЖ 811.512.122  
ҚБЖ 81.2Қаз-923  
М86

Баспаға Сүлейман Демирель атындағы университеттің Ғылыми кеңесімен  
ұсынылған  
(Хаттама №8, 31.03.2016.).

**Пікір жазғандар:** педагогика ғылымдарының докторы, профессор  
**Оразбаева Ф.Ш**  
  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
**Қалыбаева Қ**  
  
филология ғылымдарының кандидаты  
**Абнасырова Р.Ж**

**UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS**  
Мухомедов К.Т.  
М 86 Қазақ тілінің сөзжасамы. Оқу құралы / К.Т.Мухомедов. - Қаскелең:  
Сүлейман Демирель атындағы университет, 2016. -169 б.

ISBN 978-601-7537-15-9

Оқу құралында қазақ тілінің сөзжасам саласына қатысты оқу үрдісіне  
лайықталған теориялық және практикалық мәселелер толық қамтылды. Сөзжасамның  
негізгі теориялық мәселелері лингвистиканың әлемдік деңгейдегі тәжірибесі мен  
қазақ ғалымдарының пікір-көзқарастарымен тоғыстырыла берілді. Оқу құралы қазіргі  
қазақ тілінің сөзжасамы жаңа ғылыми бағыттардың негізінде инновациялық оқыту  
технологиясына сәйкес жазылды.

Еңбек ғылыми қызметкерлер мен ізденушілерге, филология факультеттерінің  
докторанттары мен магистранттарына, студенттерге және жоғары оқу орындарының  
оқытушыларына арналған.

ӘОЖ 811.512.122  
ҚБЖ 81.2Қаз-923

ISBN 978-601-7537-15-9

© Сүлейман Демирель атындағы Университет  
Филология және педагогика ғылымдары факультеті  
Қазақ филологиясы кафедрасы

## АЛҒЫ СӨЗ

*Сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді.*

*Ахмет Байтұрсынов*

«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы» - қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері мен филологтар даярлайтын филология факультеттерінде оқытылатын пәндердің бірі. Және бұл 1991 жылдан бері оқытылып кел жатқан ғылыми негіздері айқындалған, тілдің басқа салаларымен өзгешеліктері мен ұқсастықтары белгілі, тіл білімінің жеке саласы. Дегенмен де оның кейбір теориялық мәселелері әлі де болса даулы, тала туғызатын, тіпті қайта қарауды қажет ететін тұстары да, қазірге дейі зерттеу нысанына ілікпеген жәйттары да аз емес.

Бүгінгі күні оқытудағы басты талаптардың бірі - білім беруде оқыт ісін өмірмен байланыстыру талабына сай, студенттерге берілеті лингвистикалық мамандықтың теориясы мен практикасы арасындағы алалықты жою, теориялық білім дәрежесін тереңдету, ана тілінің өзінді ерекшелігін жете таныту болып отыр.

Сөзжасамның негізгі заңдылықтары мен тәсілдерін жете тан арқылы студентті тіліміздің баюы мен толығуы сөзжасам жүйесінің үлесін тиісінше көз жеткізе алады. Оқу құралында сөзжасамның жалпы теориялық негізгі-негізгі мәселелерінен жеткілікті түрде мағлұм берілген.

Әрбір дәріс тақырыбына орай кездесетін лингвистикалық терминдердің түсініктемесі лингвистикалық сөздіктерден алынды да жақша ішінде сөздік авторлары көрсетілді.

Сөзжасам саласының қазіргі кездегі даму дәрежесіне студенттердің хабардар болуы үшін, әр тақырып бойынша негізгі ғылым еңбектердің тізімі мен сөзжасамға қатысты арнайы зерттеу еңбектерде үзінділер берілді.

Оқу құралына оқытудың кредиттік жүйесіне байланысты практикалық сабақтар, студенттердің оқытушының жетекшілігімен және өз беттерімен істейтін жұмыстарының түрлері, тақырыпқа қатысты жаттығулардың үлгілері енгізілді. Сөйтіп, студенттің бұл курс бойынша теориялық білім ала отырып, практикалық жағынан шыңдала түсу мақсаты көзделді.

Бұл оқу құралы қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне қатысты ғылыми зерттеу еңбектеріне, мұның алдында шыққан оқулықтар мен оқу құралдарына, «Қазақ тілі» энциклопедиясына және тағы да басқа анықтамалық және библиографиялық материалдарға, сөздіктерге сүйеніп отырып жазылды.

### **1-дәріс тезисі. Сөзжасам – тіл білімінің жеке саласы**

*Ана тілі засырлар бойында жасала береді, жасара береді. Тіл диалектикасы – жасаған сайын жасара беруінде. Ана тілі дегеніміз сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі.*

*Фабит Мүсірепов*

#### **Дәріс жоспары:**

1. Сөзжасам пәні, оның мақсаты мен мазмұны
2. Сөзжасам – тіл білімінің жеке саласы
3. Сөзжасамның тілдің басқа салаларымен байланысы
4. Сөзжасамдық талдау

#### **тақырып бойынша негізгі ұғымдардың лингвистикалық сөздігі:**

**сөзжасам** – “Сөзжасам термині тіл білімінде екі мағынада қолданылады: 1. Туынды және күрделі сөздердің тілдегі үлгілері бойынша бір түбірлі сөздер негізінде аффикстердің көмегімен және сөздерді біріктіру, конверсия арқылы жасалуын білдіреді. 2. Туынды және күрделі сөздердің қызметін, құрылысын, топтастырылуын зерттейтін тіл білімінің саласы ұғымын білдіреді.” (Ф.Қалиев)

**UNREGISTERED COPY OF SCANPARVUS**

морфологиялық сөздің “morph” форма және “ology” ішіне кірген сөздерінен құралған термин. Тіл білімінің сөздігінде оған төмендегідей анықтама берілген: “1. Сөз формаларын құрауды және оларды түсіндіруді қамтамасыз ететін тіл механизмінің жүйесі; 2. Осы құрылымның қызметі мен дамуының заңдылықтарын зерттейтін *Грамматиканың* саласы” (Тіл білімі сөздігі)

**сөзжасамдық талдау** - орыс. *словообразовательный анализ* – осы күнгі сөзжасам тұрғысынан сөз құрылымын, яғни сөз құрамындағы морфемалардың өзара байланысын, қарым-қатынасын анықтау. Мыс.: *көр* – түбірінен шыққан *көріктендірушілер* сөзінің құрамында бірнеше сөз тудырушы негіз бар: *көрік*, *көріктен*, *көріктендір*, *көріктендіру*, *көріктендіруші* (-лер көптік жалғауы). Осылардың әрқайсысы өзінен кейінгі туындыларға негіз болып тұр. Мәселен, *көр*- түбірінен *көріктен* сөзі тууы үшін, алдымен *көрік* сөзі жасалуы керек, *көріктен* дегендегі – *тен* жұрнағы бірден *көр* – түбіріне қосыла алмайды, басқалары да осылай. Сол сияқты *ұйытқы* сөзінің тікелей тудырушы негізі *ұйы-* түбірі емес, *ұйыт-* туындысы, ал оның тудырушы негізі – *ұйы-* түбірі. (Ф.Қалиев)

#### **дәріс мәтіні:**

**1.Сөзжасам пәні, оның мақсаты мен мазмұны.** Тіл байлығын, сөз мағынасының қыр-сырын игеруді жұртшылық, ең алдымен, аса

көрнекті қаламгерлерден, тілі келісті сөз шеберлерінен үйренеді. Өйткені, небір шұрайлы сөз үлгілері көркем әдебиетте (өлең, жыр, эпос, дастан, әңгіме, повесть, роман т.б.) жинақталған. Мәселен, М.Әуезовтің 20 томдық шығармалары жинағындағы сөздің саны 30 мыңнан асадан екен. Тек бір ғана «Абай жолы» роман-эпопеясында жазушы 16983 сөз қолданғанын ғалымдар дәлелдеп отыр. Осы тектес салыстырмалы статистикалық деректерді өзге ұлт жазушылары мен ақындарына келтіре кетсек, сандар сыры ашыла түсер еді. Мысалы, орыс ақыны А.С.Пушкин өз шығармаларында 21197 сөз қолданса, В.Шекспир 1500 сөз қолданғаны белгілі болып отыр. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Тіл білімі институты шығарған 15 томдық әдебиет тіл сөздігі - ана тіліміздің байлығының басты көрсеткіші. 15 томдық сөздіктегі сөз саны - 92200, тіркес саны – 57800. Сөздік тіл байлығының көрсеткіші болғанмен, ол тілдегі барлық сөзді тұтастай қамтуы мүмкін емес. 15 томдық сөздікте қазақ тілінің байлығы толық тұтастай қамтымағанын ескерер болсақ, ана тіліміздің бай лексикасын бағамда беруге болады.

Мұндаша тіліміздің бай сөздік құрамы бірден қалыптаса қалма жоқ. Тілдің байлығы үнемі дамып, толығып, жетіліп отырады.

Өзге тілден сөз қабылдау тілдің толығы мен баюында белгілі орын алғанмен, кез келген тілдің байлығы төл сөздер негізінде жаңа сөздердің туындауы арқылы анықталады. Жазушы Ғ.Мүсірепов ана тілінің байлығын былай суреттейді: «Ана тілі бағымдау болғанда жасқа да беріледі, жаса береді. Тіл диалектикасы – жасаған сайын жасара беруінде. Ана тілі дегеніміз сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі» - деп жазған [1,321б.]. Белгілі бір тілде сөйлеуші халық - өзінің бай тілдік қазынасының иесі ғана емес, *оны жасаушы*, он өз игілігіне асырушы, көзінің қарашығындай сақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші.

Жалпы тіл білімі және орыс тіл ғылымында сөзжасамның жалпы теориялық мәселері жан-жақты зерттелді. Оған 1978 жылы Вена қаласында өткен лингвистердің дүниежүзілік конгресінде сөзжасамды зерттеуді күшейту мәселесі алға қойылғаны дәлел бала алады. Шетел ғалымдарынан сөзжасам мәселесімен арнайы шұғылданған В.Дресле, Х.Брекла, Д.Кастовский, Т.Репер, М.Хакле т.б. атап өтуге болады.

Ал орыс тілінің 1970 жылдан бері қарай шығып жатқан академиялық грамматикаларын дәлел ретінде айтуға болады. Сөзжасамның орыс тіл білімінің жеке саласы ретінде танылуы мен теориялық тұрғыдан негізінің қалануында В.В.Виноградов, Г.О. Виноку, Н.М.Шанский, Е.С.Кубрякова, Е.А.Земская, А.Н.Тихонов т.б. ғалымдардың еңбектері өлшеусіз.

Түркітанымда сөзжасамның жеке сала ретінде танылуында да ғалымдар көп еңбек сіңірді. Мәселен, Э.В.Севортян мен Бакаев Ч. азербайжан тіліндегі, Ф.А.Ганиев татар тіліндегі, Б.О.Орузбаева қырғыз

тіліндегі, М.Хабичев қарачай-балқар тіліндегі сөзжасамды жеке алып зерттеген.

Қазақ тіл білімінде Ә.Төлеуов, Н.Оралбай, С.Исаев, Б.Қасым, А.Салқынбай, Қ.Құрманәлиев, Қ.Шаяхметов, З.Бейсембаева т.б. ғалымдар зерттеулерінде синхронды әрі салыстырмалы-тарихи тұрғыда кеңінен сипатталды. XX ғасырдың 50-жылдарының орта тұсынан бастап сөзжасам мәселелері зерттеліп келеді. Алайда тек 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда сөзжасам қазақ тіл білімінің жеке саласы ретінде ғылыми тұрғыда дәлелденді.

Сөзжасам тіл білімінің жеке саласы болып танылуы оның өзіне тән зерттеу нысанының болуымен байланысты. Өйткені, тілдің сөзжасамдық бірліктерін, сөзжасамдық заңдылықтарын, сөзжасамдық тәсілдерін, сөзжасамдық үлгілерін, сөзжасамдық мағынаны т.б. тілдің сөзжасам жүйесі зерттейді. Бір сөзбен айтқанда, сөзжасам өзінің негізгі нысаны туынды сөздің жасалу жолын, тәсілін, уәжділігін қарастырады.

Сөздердің тілде қалыптасқан заңдылықтар негізінде жүзеге асатыны белгілі. Сөзжасам пәні осы заңдылықтармен таныстырады, ол туралы нақты ғылыми деректер береді.

*Сөзжасам пәнінің мазмұнын* сөзжасамның жалпы теориялық мәселелері, оның қалыптасуы мен даму тарихы құрайды.

*Сөзжасам пәнінің мақсаты мен міндеті* - жалпы сөзжасам мәселелерін зерттеу.

**2. Сөзжасам –тіл білімінің жеке саласы.** Сөзжасамның тіл білімінің жеке саласы деп таныту туралы мәселе қазақ тіл білімінде алғаш мақала түрінде, кейінірек монографиялық еңбектер түрінде басталды. 1984 жылы «Қазақстан мектебі» журналында ғалым Ғ.Қалиевтің «Сөз тудыру-жеке сала» деген мақаласы жарияланды. Ғалым Ғ.Қалиев айтқандай: «Тіл фактілері сөз тудыруды тек морфологияда синтетикалық тәсіл тұрғысынан қараудың жеткіліксіздігін, онымен қатар аналитикалық тәсілдің де айрықша қызмет еткенін көрсетеді. Табиғаты синтаксистік қатынастарға барып тірелетін бірігу, қосарлау, тіркесу тәсілдері арқылы туған сөздерге тек олардың морфологиялық құрамы, сыртқы кескіні жағынан қарау жеткіліксіз. Форма жасау сөз тудыру қызметінің бір ғана жағы. Одан синтетикалық тәсілдерінің сөз тудырудағы барлық мүмкіндігі мен қабілеті, олардың өзара қарым-қатынастарынан туатын заңдылықтары, сөздікті байытып отырудағы қызметі, соның нәтижесінде бүкіл тіл жүйесінде алатын орны толық көріне бермейді» [2,586.]. Сол себепті сөзжасамның морфология аясына симайтын кесек-кесек мәселелері бар, зерттеу әдіс-тәсілдері бар тіл білімінің бір саласы болып саналады.

Сөзжасам 1992 жылдан бастап жоғарғы оқу орындарының филология факультеттерінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бөлімінде жеке пән ретінде оқу жоспарына кіріп оқытыла бастады. Ал

оған дейін сөзжасам морфология саласына жатқызылып, морфология курсымен бірге оқытылды. Бірақ морфологияда сөзжасамның теориялық мәселелері толық қамтылмай, тек сөз таптарының сөзжасамы тұрғысында ғана оқытылды. Ал сөзжасамның қызметі сөз таптарын жасау ғана емес сөзжасамның басты белгісі - жаңа мағыналы сөз тудыру екені белгілі. Сондықтан да морфологиямен бірге оқытылғанда сөзжасам пәні ғылымның сұранысына толық жауап бере алмады. Өйткені, сөзжасамның теориялық мәселелері ол уақытта толық зерттелмеді де, оқытылмады да. Сондай-ақ ғалым А.Салқынбай атап көрсеткендей: «Бір қарағанда сөзжасам морфологиядан жіктеліп шыққан сала ретінде көрінуі ықтимал. Бұл пікір түбірінен дұрыс емес. Өйткені, дәстүрлі грамматика бойынша морфологияда сөзжасамның тек синтетикалық тұлғалар арқылы жасалған тәсілі ғана бірге қарастырылған болатын. Сөзжасамның бұдан өзге бірнеше тәсілдері (фонетикалық, семантикалық, аналитикалық) мәселесі теориялық ұғымдары морфологияда анықтала алмайды» [3, 286.]

1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы синтетикалық тәсіл тұрғысынан қараудың жеткіліксіздігін, сөзжасамы онымен қатар аналитикалық тәсіл түрлерінің де айырықша қызмет ететінін көрсетеді» [4, 56.]. Бұл жағдайдың өзі сөзжасамның жеке сала ретінде қарастырылу керектігін күн тәртібіне қойды. Осымен байланысты 1991 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» деген монография сөзжасам теориясын қамтыған, ғылымның соңғы жетістіктеріне сүйеніп жазылған еңбек болды. Астана тілдік монографиялар еңбекті орындауға Тіл білімі институтының сол кездегі қызметкерлері қатынасты. Монографияның жауапты редакторы – Н.Оралбаева. Монография авторлары: М.Балақаев, А.Қалыбаева, Қ.Есенжанов, Н.Оралбаева, С.Нұрқатов. Нақты авторлар қандай мәселені қарастырғандығын дегенге келсек, еңбектің алғысөзін (кіріспе) және сөзжасамның жалпы теориялық мәселелерін - Н.Оралбаева, сөзжасам тәсілдері синтетикалық – А.Қалыбаева, аналитикалық – Н.Оралбаева, лексикалық семантикалық – Қ.Есенжанов; зат есімнің жасалу жолдарын – М.Балақаев, Е.Жанпейісов, С.Нұрханов; есімдікті – Қ.Есенжанов; етістікті – А.Қалыбаева, Н.Оралбаева; үстеуді – Қ.Есенжанов жазған. Ал монография енгізген - сын есім мен сан есімнің сөзжасамы. Бұл екі сөз табының сөзжасамы бойынша дербес монографиялар болғандықтан, бұл еңбек оларға оларға орын берілмеді. Монографияда сөзжасамның тіл білімінде жеке саласы екені, сөзжасам жүйесі көне құбылыстарға жататынын дәлелденген. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі, сөзжасамдық талдау, сөзжасамдық тәсілдер, сөзжасам негізділігі, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тип, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық үлгі т.б. қазақ тілінде осы монографияда алғаш рет берілді.

**3. Сөзжасамның тілдің басқа салаларымен байланысы**  
Сөзжасам тіл білімінің басқа да салаларымен тығыз байланысты. Атап айтқанда, морфологиямен, синтаксиспен, лексикологиямен, фонетикамен

байланысты. Сөзжасамның көп уақыт бойы морфология саласында қаралғаны белгілі. Сөзжасамның морфологияда қаралуының тиімді жағы - әрбір сөз табына тән «сөзжасамдық қосымшалардың синтаксистік тәсілдердің негізгі-негізгі түрлері, олардың қызметі мен мағынасы анықталды. Бұл сөзжасамды морфологияда қараудан туған ең басты нәтиже еді. Жалпы алғанда, сөзжасамның қалыптасуы морфологиямен тығыз байланысты, оның негізі морфологияда салынды» [5,4].

Сөзжасамның морфологияда қаралуының басты мәні сөз тудырушы қосымшалардың грамматикалық форма тудырушы қосымшалармен ұқсастығына байланысты. Ғалымдар сөзжасамды морфологияда қарағанда ең басты дәлелдері - сөз тудырушы формалардың грамматикалық категориялар сияқты жалпылық сипатқа ие болатыны, сөз тудырушы формалардың сөзжасам үрдісінде үнемі қайталануы, сөзжасам үрдісі негізінде сөз таптарының толығып, дамып отыратындығы.

Ғалым Н.Оралбаева: «Сөзжасам да, морфологияда сөз құрамын зерттейді. Екеуінде де сөздің құрамы негізгі морфема мен көмекші морфемадан тұрады. Айырмашылық көмекші морфеманың мағынасы мен қызметіне қатысты. Сөзжасамдық морфема яғни жұрнақ сөз мағынасын өзгертіп, жаңа мағына береді, не сөз мағынасына өзгеріс қосады» - деп көрсетеді [6,14]. Ал сөз түрлендіруші жұрнақтар - тек грамматикалық мағына үстеуші, тек грамматикалық қызмет атқарушы бірліктер. Сондықтан олар сөзжасамдық мағына тудыратын бірліктер емес, сөзжасамдық мағынаға қосылмайтындығын, сөз түрлендіруші жұрнақтар сөзжасамның зерттеу нысанына кірмейді.

Сөзжасамның нысанына көмекші морфеманың сөзжасамдық жұрнақ түрі жатса, морфологияның нысанына көмекші морфеманың жалғаулар, сөз түрлендіруші жұрнақтар түрі жатады.

Ал бұл екеуінің (көмекші морфемалардың) ұқсастығы олардың сөзге жалғану заңдылығынан көрінеді.

Тілдегі сөздер сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалып, сөздік құрамға қосылып, лексикологияның зерттеу нысанына айналады. Сөзжасамның нәтижесінде тілдің сөздік құрамы барынша байып, толығып отырады. Ғалым Джапаров С.А. «Лексика современного азербайджанского языка» деген докторлық диссертациясында сөзжасамды лексикологияда қарастырудағы келтірілген дәлелдері мынадай:

- 1) сөзжасам нәтижесінде жеке лексема пайда болатындығы;
- 2) сөзжасам арқылы тілдің сөздік құрамының толығып отыратындығы [7,с.8].

Сөзжасамның синтаксистен байланысы синтаксистік тәсіл арқылы қалыптасқан күрделі сөздермен байланысты. Өйткені күрделі сөздер қалыптасу арналары мен шығу тегі жағынан сөз тіркестеріне барып тіреледі. Күрделі сөздердің сыңарларының бір-бірімен байланысуында сөз тіркесімен ұқсастығы бар. Бірақ күрделі сөз тіркестері мен күрделі

сөздердің айырмашылықтары да үлкен. Күрделі сөздер құрамында қант сөз болса да, ол бір сөз болып табылады. Күрделі сөздер жасалса ол сөздік қорды толықтырады, ал сөз тіркестері болса тілде бар сөздер сөйлем ыңғайына қарай әртүрлі қолдану арқылы жасала береді. Сөз себепті де күрделі сөздер сөзжасамның нысаны да, сөз тіркесте синтаксис нысаны болып табылады.

**4. Сөзжасамдық талдау.** Тіліміздің сөзжасам жүйесі туынды сөздердің механизмін анықтаудан, сөзжасамдық талдаудан басталады. Өйткені сөзжасамдық талдау туынды сөздің қалай жасалғанын көрсетеді. Сөзжасамдық талдау ғана туынды сөз жасаушы бірліктерді анықтау мүмкіндік береді. Ал туынды сөздің құрамы бірнеше сөзжасамдық бірліктерден тұрады. Өйткені көбінесе туынды сөздің морфемдік құрамы негіз сөздің морфемдік құрамынан күрделі болу керек. Күрделі туынды сөздің тек морфемдік құрамынан ғана көрінбейді, ол мағыналық жақтан да көрінуі керек. Өйткені туынды сөздің мағынасы негіз сөз мағынасынан жасалатындықтан ол мағына көрініс беруі қажет. Мысал *өтірікші, өлеңші* деген туынды түбірлер мағынасының жасалуына *өтір өлең* деген сөздер негіз болған. Кез келген туынды сөздің құрамында сөздің лексикалық мағынасына арқау болатын негіз сөз болады. Ол негіз сөз біреу де, бірнешеу де бола береді.

Тілімізде тек туынды сөздер құрамында ғана қолданылып, жеке қолданылмайтын түп негіздер болады. Мысалы: *ұял, ұят, момь* *мәжіліс, діншарық, тұлқарық* т.б.

Сондай-ақ туынды сөздің түп негізі туынды түбір, күрделі сөз бола береді, бұл туынды түбір тек негізгі түбірден жасалмайтынын білдіреді. Мысалы: *жиналыс, егінші* т.б.

Жаңа сөз жасауға түбірдің түрліше болуы кедергі келтірмей, өйткені туынды түбір болсын, негізгі түбір болсын, тіпті күрделі сөз болсын барлығы да сөзжасамдық үрдіске қатыса алады.

#### **Әдебиет:**

- 1 Мүсірепов Ф. Күнделік. Алматы: Ана тілі, 1997.
- 2 Қалиев Ф. Сөз тудыру - жеке сала. «Қазақстан мектебі» журналы.1998. №6, 57-60 бб.
- 3 Салқынбай А.Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы.-2003
- 4 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі . –Алматы, 1989
- 5 Қалиев Ф. Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері.- Алматы, 2002
- 6 Оралбай Н.Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002
- 7 Джапаров С.А. Лексика современного азербайджанского языка Автореф.докт.дисс.Баку, 1959
- 8 Сарбалаев Ж.Т. Сөзжасам – жеке сала //ПМУ Хабаршы Филологиялық серия. – 2008. №4. – 127-143бб.
- 9 Рысбай Б. Сөзжасам жүйесінің лингвистикада жеке сала ретінде зерттелуі// Қазақ тілінің лексикология, лексикография, фольклортану мәселелері

көркем аударма мәселелері: қалыптасуы, дамуы мен болашағы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2007. -236-238бб.

10 Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002

11 Оралбай Н., Құрманәлиев К., Балтабаева Ж., Қазақ тілінің сөзжасамы. –Алматы, 2014

**Дәріс бойынша тапсырмалар:**

1. Дәріс мәтінін оқыңыз.
2. Дәріс мәтіні бойынша төмендегі кестені толтырыңыз.

№	Дәріс мәтініндегі (Сіз үшін) маңызды ақпарат не?	Өзіндік ойларларыңыз	Оқытушыға қоятын сұрақ	Дәріс мәтінін бағалау	Дәріс мәтіні бойынша ізденіс жұмысы (қосымша мәлімет қосу)	Оқытушының бағасы, пікірі

**Тақырып бойынша семинар сұрақтары:**

- 1.Сөзжасам пәнінің мазмұны, мақсаты қандай? Сөзжасамның зерттеу нысаны не?
- 2.Сөзжасамның тіл білімінің жеке саласы деп қалайды? Себебі не? қандай?
- 3.Сөзжасам мәселелерінің түркітануда зерттелуі туралы не білесіз?
4. Сөзжасамды қазақ тілшілері қашаннан бастап зерттеді және кімдер қандай мәселелерге назар аударды?
- 4.Тіл білімінің сөзжасаммен шектес салалары бар ма? Оларды атаңыз.
5. Неге ұзақ уақыт бойы сөзжасам морфологияның саласына жатқызылды?
- 6.Сөзжасамдық талдаудың мақсаты не?
- 7.Сөзжасамдық талдауда алдымен нені ажыратуға көңіл бөлеміз? Сөзжасамдық мағынаға қарай талдауда неге баса назар аудару керек?
8. Тарихи сөзжасам, оның негізгі нысаны не? Осы бағыттағы жазылған қандай зерттеулер еңбектер бар?
9. Сипаттамалы сөзжасам, оның негізгі нысаны не? Осы бағыттағы жазылған қандай зерттеулер еңбектер бар?

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

### Дамытушылық тапсырмалар:

А) «Сөзжасам- тіл білімінің жеке саласы» тақырыбы негізін «Сөзжасам» сөзі шығатын сөзжұмбақ құрастырыңыз.

Ә) «Күн жылытпайтын суық көңілді сөз ғана жылыта алады» (Ғабиден Мұстафин) атты эссе жазыңыз, ондағы туынды сөздер сөзжасамдық талдау жасаңыз.

### Қазақ тіл білімінің тарландары

*Ахмет Байтұрсынұов\**

*(1873-1938)*

Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы 18 қаңтарда Тосын болысы, Торғай уезінде дүниеге келді. 1882-1884 жылдары ауыл мектебінде оқыды. 1884-1885 жылдары Торғайдағы екі кластық, орыс-қазақ училищесін, 1895 жылда Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітірген. 1895-1909 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уезіндегі мектептер мен орыс-қазақ училищелерінде мұғалімдік қызмет атқарады. 1913 жылдары Орынбор «Қазақ» газетін ұйымдастырып, 1917 жылдың аяғына дейін оның редакторы болды. 1918-1919 жылдары қазақ мемлекетін қалпына келтіру үшін күрескен Алашордашылар қатарында болады. 1919 жылда бірқатар ғалым-зиялылармен бірге Кеңес өкіметі жағына өтуге мәжбүр болады. 1919 жылы 24 маусымда Қазақ өлкесін басқаратын Әскер революциялық комитеттің мүшелігіне тағайындалады. 1922-25 жылдары Қазақстанның Халық ағарту комиссиясының жанындағы Ақпарат комиссиясының төрағасы, Халық ағарту комиссары, Бүкілресейлік ОАК-ның, ҚР ОАК-нің мүшесі, Түркістан Компартиясы ОК-нің органы «Жол» газетінде қызметкер. 1925-28 жылдары Қазақ халық ағарту институтында (Ташкент) оқытушы болды. 1928-29 жылдары Қазақстан тұңғыш ашылған жоғары оқу-орны – ҚазПИ-де кафедра басқарады.

**Ғылыми бағыттары:** лингвистика, әдебиеттану, түркітану, публицистика.

А.Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті мен сөз өнерінің дамуына айрықша еңбек сіңірді. 1909 және 1911 жылдары оның көпке белгілі «Қырым мысал» және «Маса» жинақтары жарияланды. Көркем сөз өнерінің қоры жинақтап, зерттеп, бастыру жөнінен келелі істер атқарды.

1923 жылы жарияланған «Ер сайын» эпостық жырының кіріс мақаласын және түсіндірмесін жазды, сондай-ақ «Жоқтау» деп аталатын жинақ (1926), «Әдебиет танытқыш» деп аталатын оқу құралын шығарды. Қазақ балаларын ана тілінде оқыту ісіне арнап тұңғыш оқулықтар жазды. Қазақ тіл білімі мен әдебиет ғылымының негізін салды. Олардың арасында: «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Әліппе» (1914), «Жаңа әліппе» (1926-1928) және «Баяншы» (1926) деп аталатын әдістемелік құралдар балаларды оқыту барысында маңызды еңбек болып табылады. А.Байтұрсынұлы 1938 жылы Сталиндік жазалар салдарынан тұтқындалып, кейіннен атылды. Ғалым 1988 жылы ақталды.

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

Монография мен зерттеулер

- Тіл тағылымы: Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы, 1992. -447б.  
Оқу құралдар  
1.Оқу құралы. Қазақтан басқа түркі, ғараб, фарсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп етілген. Алифбаға жалғас. Екінші кітап. – Орынбор, 1913. -52 б.  
2.Қазақша әліппе: Оқу құралы. – Орынбор, 1914. – 97б.  
Усуг сотиемен тәртіп етілген қазақша алифба. Бірінші жылдық кітап. Екінші басылуы. – Орынбор, 1914. -96б.  
3.Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Оренбург, 1914. – 53б.  
Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы) Екінші жылдық. – Орынбор, 1914 (Сыртқы мұқабда - 1915). -120б.  
4.Баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін. –Қазан, 1920. -15б.  
5.Оқу құралы. – Қызылорда, 1921.-14 б.  
6.Оқу құралы. 1-ші кітап: Үлкендер үшін. – Семей, 1921. -24б.  
7.Оқу құралы. Жаңа жолмен тәртіп етілген қазақша әліппе. Бірінші кітап. Үлкендер үшін. – Семей, 1921. -30б.  
8.Оқу құралы. Қазақша әліпби. – Оренбург, 1921. -17б.  
9.Оқу құралы.Усуг сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліпбиге баяншы. - Ташкент, 1921. -14б.  
10.Оқу құралы. Усуг сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліппе. Бірінші кітап. – Орынбор, 1921. -90б.  
11.Тіл –құрал. Дыбыс жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы. – Орынбор, 1923. -46б.  
12.Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы. – Орынбор, 1923. -68б.  
13.Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Бірінші басылуы. –Орынбор, 1923. -68б.  
14.Әліппе астары («Оқу құралы» деген қазақша әліпби бойынша үйретушілер үшін шығарылған баяншы). Орынбор, 1924. – 26б.  
15.Оқу құралы (қазақша әліппе). Жетінші басылуы. – Орынбор. 1924. -72 б.  
16.Тіл –құрал. I-ші тіл танытқыш кітап-фонетика: Дыбыс жүйесі мен түрлері. – Қызылорда: Қазмембас. 4-бас. – Орынбор, 1924. -48б. 5-басылым. Орынбор, 1924. – 46б.  
17.Тіл-құрал. II-танытқыш – этимология: Сөздің жүйесі мен түрлері. – Қызылорда: Қазмембас., 1924.-128б.  
18.Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы. – Орынбор, 1924. – 48б.  
19.Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Бесінші басылуы. – Орынбор, 1924. – 48б.  
20.Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы. – Орынбор, 1924. -128б.  
21.Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Екінші басылуы. – Орынбор, 1924. – 67б.  
22.Сауатшқыш. Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліпби. Сауатсыз үлкендер үшін бірінші кітап. – Орынбор, 1924. – 114б.

Мақала мен баяндамалар

23. Жазу тәртібі //Айқап. 1912. №4-5. 84-86бб.;-104-107бб.  
24.Қазақтың бас ақыны // Қазақ. 1913. №39, 40.  
25.Қазақтың тарихы // Қазақ. 10февраль 1913. №4  
26.Қазақша сөз жазушыларға // Шора. 1913. №4. -110-113бб

27. Бастауыш мектеп // Қазақ. 1914. №61.  
 28. «Ов» туралы // Қазақ. 8 ақпан 1915. №102.  
 29. Қазақша жазу. Тақырыпты жаңа жазу ережелері (Е.Омаровпен бірге) // Еңбекші қазақ. 19 февраль 1923  
 30. Баулу мектебі // Жаңа мектеп. 1925. №1. – 22-27бб.  
 31. Латын әліппесінің керексіздігі // Еңбекші қазақ, 30 декабрь 1926.  
 32. Ана тілінің әдісі // Жаңа мектеп, 1927. №9. - 23-31 бб.  
 33. Жалқылау (айырыңқы) әдіс // Жаңа мектеп, 1927. №11-12. -45-49бб.  
 34. Дыбыстарды жіктеу туралы // Жаңа мектеп, 1928. №5. -65-70бб.

### Оқуға арналған материал

#### \* АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕНГІЗГЕН СӨЗЖАСАМ ТЕРМИНДЕРІ ТУРАЛЫ

Лингвистикалық терминдер мәселесін сөз еткенде Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріне соқпай кете алмаймыз. Өйткені лингвистикалық терминдер жасаудағы А.Байтұрсынұлының байқампаздығы мен тапқырлығы, ерекше шеберлігі тәнті етеді. А.Байтұрсынұлы лингвистикалық терминдер жасауда «жалпыхалық» тіл лексикасын еркін де шебер пайдаланады, оларға нақты қызм жүктейді. Бұлардың бәрі де лингвистика шеңберінде шектеу қолданыста күй кешкендей көрінгенмен, шебер қолданыс арқасын орын-орнына тұра қалған терминдерге дау айта алмайсыз. Бұл терминдерге сөз еткенде тіл қолданушылардың сөзін ұрпақтан Міне, осы себептен де Байтұрсынұлының жасаған терминдері қаз лексикасының бір тармағы ретінде тұра қалды. ... бір ғажай А.Байтұрсынұлы алып келген бұл терминдердің көбі қайта жасалатын көңілге күдік келтірген емес. Егер қадағалап қарасақ, тіл білімі терминдерінің көбі әу баста нақты заттың, нәрсенің атауы болған еді. ...Бұл жалпы қолданыстағы сөздер мен олардың терминологиял тініндегі өзара үйлесіп жатқан сәйкестік пен байланысты дәл байқауд болса керек» [1, 458б.]. Сондықтан да мағыналық жағынан да, қызмет тұрғыдан да сәйкестік пен жақындықтың күштілігіне байланысты, қаз тіл білімі терминдерінің негізгі терминологиялық жүйесі сол алғаш қалпындағыдай күні бүгінге дейін қолданыстан түспей келеді. А.Байтұрсынұлы енгізген тіл білімінің әр саласына қатысты терминдер бәрінде сөз етуге болады. Әсіресе тіл білімінің жеке саласы ретінде кешірек қалыптасқан сала терминдерінің қалыптасу тарихын білуі маңызы зор. Осы айтылғандармен байланысты А.Байтұрсынұлы енгізген сөзжасамдық терминдер туралы арнайы сөз ету қажет деп санаймын. Сөзжасам саласының жеке сала ретінде қалыптасуы кешірек болса да, бірақ ғылымда сөзжасам мәселесі сөз болмаған деп айта алмаймын. Сөзжасам мәселесі сөз болған болса, оның терминдері де болды деп айта сөз. Қазақ тілінің (қазақ тілінде жазылған) алғашқы оқулығы А.Байтұрсынұлының 1914 жылы шыққан «Тіл – құрал» оқулығынан бастап, *түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, жұрнақ* терминдері мен олар

UNREGISTERED COPY OF SCANDAPYRUS

берілген анықтамаларды кездестіреміз. «Түбір сөз дегеніміз – бастапқы мағынасындағы, бастапқы тұлғасындағы сөз; мәселен, *бас, тас, шаш, қол*» [2, 154б.]. Бұл берілген анықтама мен келтірілген мысалдардан А.Байтұрсынұлының түбір сөз терминін қазіргі негізгі түбір мәнінде қолданғаны байқалады. Ал туынды сөз терминін А.Байтұрсынұлы туынды сөз терминін мына тұрғыда қолданған: «Туынды сөз дегеніміз – бастапқы тұлғасы да, мағынасы да өзгерген сөз; мәселен, *бастық, тастақ, шашақ, қолтық*» [2, 154б.]. Бұл анықтамаға қарағанда А.Байтұрсынұлы туынды сөз терминін қазіргі туынды түбір мағынасында қолданғанын байқау қиын емес. Өйткені ғалым келтірген мысалдардың бәрі тек қана туынды түбір сөздер. Негізінен алған осы аталған терминдердің мағынасы өзгермеген, олар күні бүгінге дейін өзінің терминдік қолданысын сақтап қалған сөздер. Олай болса ол терминдерді алғаш ғылымға енгізген – А.Байтұрсынұлы. Сол сияқты ғалым туынды сөз жасайтын жұрнақ туралы мынадай түсінік береді: «жалғанған сөзінің тұлғасын да, ішкі мағынасын да өзгертеді» деп сипаттай келе, оларды *«ішкергі жалғаулар я тікелей жұрнақ* деп аталады» -дейді [2, 154б.]. Оны А.Байтұрсынұлы былайша түсіндіреді: «Жылқы-жылқышы, жылқы-жылқының, «жылқышы» дегенде сөздің бастапқы тұлғасы да, мағынасы да өзгерілді, яғни «жылқышы» деген сөз енді малдың есімін көрсетпейді, адамның есімін көрсетеді. «Жылқының» дегенде, сөздің тұлғасы өзгертілді, мағынасы өзгерген жоқ, яғни «жылқының» деген сөз бәрібір малдың есімін көрсетпейді» [2, 154б.]. Бұл айтқанына: «Малға жалғау түбір қосымшасы жұрнақ екендігі, «ның» қосымша жалғау екендігі. Жалғау аз, жұрнақ көп. Жалғау түбір сөзде де, туынды сөзде де болады. Жұрнақ түбір сөзде жоқ, туынды сөздерде ғана болады» [2, 154б.]. Бұл қазақ тіл ғылымында туынды сөзге, жұрнаққа берілген ең алғашқы анықтамалар. Туынды сөз, жұрнақ терминдер қазіргі күнге дейін қолданыста. Бұл терминдердің де авторы – А.Байтұрсынұлы. Сондықтан да біз жалпы сөзжасам мәселесі мен кейбір сөзжасам саласының терминдерінің 1914 жылы жарық көрген «Тіл – құрал» еңбегінде орын алғанын көреміз. Олай болса, алғаш түсінік, анықтама берілген тілдік құбылыстардың атауын, терминін белгілеген А.Байтұрсынұлы екенін атап, ғалым қолданған терминдердің барлық лингвистикалық сөздіктерде беріліп, оқулықтар мен монографиялық еңбектерде қолданылып жүргенін айтуымызға болады. 1914 жылы шыққан «Тіл-құрал» еңбегінде ғалым зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, одағай, шылау берілсе де олардың ешбірінің сөзжасамы (сөзжасамдық жұрнақтары, жасалу жолы көрсетілмеген). Өйткені кітаптың мұқабасында «Тіл –құрал» бірінші жылдық деп көрсетілген. Сондықтан да ғалым оқытудың түсінуге жеңіл қолайлылық принципі (ұстанымы) бойынша оқушылардың ерекшелігін ескере отырып оқулық тілі және оның баяндалу желісі, оқулықтағы оқу материалының көлемі мен күрделілік деңгейі т.б. ерекшеліктер ескерілетінін басшылыққа алған А.Байтұрсынұлының бірінші жылда



аталған еңбегінде сөзжасамға байланысты қаралған мәселелерді жинақтайтын болсақ, мыналарды ерекше атап өтеміз:

*Біріншіден*, туынды сөз, қос сөз, жұрнақ терминдері ұсынылып, олардың анықтамасы берілген.

*Екіншіден*, кейбір сөз таптарының сөзжасамы, олардың уәждемелік қызметі танылған.

*Үшіншіден*, жұрнақтың сөз мағынасын да, тұлғасын да өзгертетіні айтылған.

А.Байтұрсынұлы: «Етістіктің түпкі түрі сабақты һәм салтан етіс. Осы екі етістің түбіріне түрлі жұрнақтар жалғанып, түрлі сөздер туды. Етіс жұрнақтар: 1) бір етістен екінші етістік сөздер туғызады. 2) етістерден басқа есімдік сөздер туғызады. Сабақты етіс пен салтан етістен басқалары туынды етіс» - деп етістіктің етістікке уәждеме болатынын байқағанын көреміз. Етістің сөзжасамдық қызметі күні бүгінге дейін дау тудырып жүрген мәселе екені белгілі. Етісті арнайы зерттеген А.Қалыбаева: «етіс категориясы етістік сөз табының морфологиялық ерекшеліктерінің негізгі бір келелі саласы болумен бірге, оның мағынасын және сөйлемдегі қызметін көрсететін қалыптасқан грамматикалық категориясы болып саналады»- деп етісті грамматикалық категория ретінде танығаны белгілі.[3, 52]. Бірақ ғалым етіс жұрнақтарын сөзжасамдық жұрнақтар деп таныған. Сол сияқты А.Ысқақов та етіс жұрнақтары сөзжасамдық жұрнақ деп санайды. А.Ысқақов: «Сөйтіп, етіс жұрнақтарының (бұл ерекшелігіне) біріншіден, осы жұрнақтар етістік туынды етістік жасайтын қабілет барлығы (айырмасы тек етістіктен етістік тудыратындығы) және сол етіс жұрнақтары арқылы туған формалар етістік негіздері есебінде қызмет ететіні айқындалады. Ендеше бұл жағынан қарағанда, етіс жұрнақтары сөзден сөз тудыратын жұрнақтармен сипаттас келеді де, лексикалық категорияға жатады.» - деп көрсетеді. [4, 6]. Ал ғалым С.Исаев етісті лексика-грамматикалық категория деп танып, етіс жұрнақтары сөздің грамматикалық формасын жасайды деп көрсетеді. Оны ғалымның мына сөзінен көруге болады: «Сөйтіп, *етіс тұлғалары сөзжасам қосымшалары емес, ... (және тұлғалар жүйесінің сөзжасамға қарама-қайшы барлық етістікке түбірлерге жалғана алу мүмкіндігінің арқасында) негізінде етістіктің лексика-грамматикалық категориясы болып табылады*»[5, 177б.]. Ғалым Н.Оралбайдың пікірі бойынша етіс жұрнақтары сөзжасамдық қосымшалардың бір түрі болып табылады. Н.Оралбай: «Тілдегі түбір етістіктердің салт, сабақтылығы қандай лексикалық мағыналы болса, салт, сабақты етістіктердің жасайтын етіс жұрнақтары да сондай лексикалық мағына жасайды. Яғни олар – сөзжасамдық жұрнақтар. Сондықтан орыс тілі грамматикаларында, басқа тілдерде де етіс категориясы деп аталмай, тек «залог» деп атауы осымен байланысты» - деп жазады »[6, 208б.].

Осы айтылғандармен байланысты ғалым Н.Оралбай етістерді «Сөз етістік жасайтын етістер», «Сабақты етістік жасайтын етістер» деп бөлді. «Етіс жұрнақтарының қабаттаса қолданылуы» деген мәселеде: «Етіс жұрнақтары сөзжасамдық жұрнақтар болғандықтан, олар бір сөз құрамында бірнешедеп қолданыла береді. Мысалы, жиналғандықтан... Бір туынды сөзден екінші туынды сөздің, одан үшінші туынды сөздің жасалуы – сөзжасамдағы заңды құбылыс. ...Етіс жұрнақтарын қабаттаса қолданылуы сөзжасамның осы заңдылығына жатады. Өйткені бұл заңдылық категория көрсеткіштерінің қолданысында жоқ. Етіс категорияға емес, сөзжасамға жататын болғандықтан, олар сөз құрамында қабаттасып қолданыла береді» [6, 214б.]. Етіс грамматикалық категорияның көрсеткіші бір сөз ішінде бірнеше рет қайталанбайды. Заңдылыққа етіс жұрнақтары сай келмейді.

Ғалым А.Байтұрсынұлы салт және сабақты етістіктің етіс арқылы жасалатынын көрсетуі, бұл мәселені сол кездің өзінде дұрыс шешкенін таңдандырады. Демек, ғалым «Етістіктен туған сөздер» дегенде салт және сабақты етістіктерді көрсету арқылы сөзжасам саласының тағы бір теориялық та, практикалық та маңызды мәселесінің бірі – етіс жұрнақтары туралы дұрыс байлам жасап, сөзжасамның қарастыратын нысандарының нақтылануы мен толығына өз үлесін қосқан деуіміз болады.

Қорыта келгенде, біріншіден, А.Байтұрсынұлы еңбекте сөзжасамның қарастырудың жалпы лингвистикалық жақтан да, терминжасам мәселесінен де қарастырылуына және тілдік жақтан да арқылы терминжасам ісінің алғашқы қалыптасу кезеңін тануға, сырын білдіруге мүмкіндік аламыз.

Екіншіден, А.Байтұрсынұлы ұсынған сөзжасам терминдерінің ғылымында тұрақтануының басты себебі жасалған терминдердің жалпы терминология теориясының талаптарына сай болуымен байланысты.

Үшіншіден, А.Байтұрсынұлы ұсынған сөзжасам терминдері дәлдігі мен табиғилығы оның «қазақ тілінің қарапайым лексикасына жақын болуы. Міне, сондықтан да бұларды игеру тіл қолданушылар үшін онша қиындық тудырмайды» [1, 460б.].

Төртіншіден, А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі сөзжасам терминдері сөзжасамның жеке ғылым саласы болып бөлінбей тұрғандағы кезеңінің қалыптасты, солай бола тұра ол терминдердің берік орнығып тұрақтауының тегіннен тегін емес екенін тағы да дәлелдей түседі.

*Қ.Т.Мұхамедидің «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының көсі» (Алматы, 2013) жинағына жарияланған мақаласы*

## 2-дәріс тезісі. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі

### Дәріс жоспары:

1. Тілдің сөзжасам жүйесі - ертеден келе жатқан тілдік құбылыс
2. Сөзжасам жүйесіндегі түбір сөздердің қызметі
3. Тілдің сөзжасам жүйесіндегі сөзжасамдық журналдардың мағыналық құрамының кенеюі
4. Сөзжасам жүйесіндегі аналитикалық және семантикалық тәсілдердің қызметі

### тақырып бойынша негізгі ұғымдардың лингвистикалық сөздігі:

**жүйе** орыс. *система* – 1) өзара тұрақты қатынастарға негізделген іштей біртұтас тіл элементтерінің жиынтығы (жіктелетін формалар жүйесі т.б.); 2) белгілі бір грамматикалық категорияны жасаушы формалардың жиынтығы (септік жалғау жүйесі; тәуелдік жалғау жүйесі т.б.) (Ғ.Қалиев)


**сөзжасам жүйесі** орыс. *словообразовательная система* - өзара қарым-қатынаста болып отыратын сөзжасамдық типтер мен сөзжасамдық ұялардың жиынтығы. (Ғ.Қалиев)

**журнал** орыс. *суффикс* – түбірге (негізге) қосылып, жаңа сөз және грамматикалық тұлғалар жасайтын көмекші морфема. Қазақ тіліндегі журналдардың басым көпшілігі сөзжасам журналдары. Мыс.: *кузет-ші, кәсіпкерлік, кәсіпкерлік, қолданушы, қолданушы, қолданушы, ауыз-ша* т.б. (Ғ.Қалиев)

**түбір** орыс. *корень* – сөздің өз алдына жеке тұрып мағына бере алатын, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін түпкі формасы. Т. негізгі Т. деп те аталады. Мыс.: *сөздік, сөзсіз, сөзуар, сөзің, сөйлем* сөздерінің түбірі *сөз*. Бұлар бір Т. – ден шыққан түбірлес сөздер. Т. әр сөзде міндетті түрде болатын негізгі морфема, сөздің лексикалық қазығы. Т. сөздердің ішінде қазір дербес тұрып қолданылмайтын, сол себепті әрқашан айқын көріне бермейтін т а р и х и Т.-лер болады. Мыс.: *майысу, майыру, майысқақ, майып (болу), маймақ* сөздерінің түбірі *майы-, май-*. (Ғ.Қалиев)

### дәріс мәтіні:

**1. Тілдің сөзжасам жүйесі - ертеден келе жатқан тілдік құбылыс.** Сөзжасам жүйесінің ертеден келе жатқан тілдік құбылыс болатыны ол тілдің шығу кезеңімен орайлас, өйткені белгілі бір құбылыс пен затқа атау беріп, алғашқы атаудың жасалу сипаты мен одан туындайтын өзге мағыналарынан бастап, тілде сөзжасам процесі үздіксіз жүріп келеді. Сондықтан да тілдің сөзжасам жүйесінің көне құбылыс екеніне ең көне жазба ескерткіштерінің тілі толық дәлел бола алады. Көне жазба ескерткіштер тілінде туынды сөздер болғаны белгілі. Көне жазба ескерткіштерінде туынды түбір, күрделі сөздер, бір сөздің өзінің бірнеше



мағынада қолданылуы жиі кездеседі. Мысалы: *біл-іг, ұр-ұш, өт-* (жұрнақтар арқылы жасалған сөздер), *күнтүз, Қара-құм, Ілтеріс, сі он, йеті йуз* (сөздердің тіркесуі арқылы жасалған сөздер), *қат* 1) қаф қатар, 2) жеміс, 3) жануардың аты, 4) қату, 5) араластыру (бір сөз бірнеше мағынада қолданылуы арқылы жасалған сөздер). М бұлардың барлығы да тілдің сол кездегі сөзжасам жүйесіне жатады. ( сияқты орта түркі кезеңінен де осы тектес мысалдар келтіріп, кезеңнің сөзжасам жүйесі туралы да айтуға болады. Орта түркі лексикасын зерттеген Сабыр Мұрат сөзжасамдық жұрнақтар туралы былай дейді: «Жазба ескерткіштер тіліндегі сөзжасам жұрнақтар қазіргі қазақ тілі тұрғысынан қарастыра отырып, өлі жұрнақтар ж тірі жұрнақтар деп екіге бөлеміз. Мұрағаттар тіліндегі көпте сөзжасам жұрнақтар сәл фонетикалық ерекшелігі болғанымен, қаз қазақ тіліндегі сөзжасам жұрнақтарға негіз болып тұрған морфемалар. Мәселен, -лық, -лы, -сыз, -чы, -дағ, -қы, -даш, -ым, -ғу, -і сөзжасам жұрнақтарының орта түркі тіліндегі мағыналары мен қа тіліндегі мағыналары өзектесіп, даму үстінде екені байқалады» [1,34 Бұдан орта түркі лексикасындағы сөзжасамдық жұрнақтар сөзжасамдық қызметі атқарғандығы, тіпті олардың кейбірі қазіргі кә тілінде кездесетіні белгілі болып отыр. Тілдің сөзжасам жүйесі көнеден келе жатқан құбылыс екені еш дау тудармайды. Әйтсе сөзжасамдық бірліктер, сөзжасамдық тәсілдер мен заңдылықтар жиі-жиі өзгеріп тұрып келеді, қисімі жағынан құрылымдар жас. Ә сөзжасам жүйесінде өзгеріс болып тұрады, бірақ ол барынша б болады.

UNREGISTERED COPY OF SCANPARAPYUS

Тілдің сөзжасам жүйесі көне замандардан бері қарай үзді дамып, толығып, күрделеніп отырады. Қазақ тілінің сөзжасам жүі әбден қалыптасқан. Ол өмірде пайда болған кез келген жаңа заттар оқиғаларды, құбылыстарды, ұғымдарды атауды қамтамасыз етеді.

3.Сөзжасам жүйесіндегі негізгі түбір сөздердің қызм Сөзжасамдағы негізгі тұлға – негізгі түбір. Себебі, түбірсіз ешбір ж сөз жасалмайды. Тілімізде түбір әр қырынан, түрлі аспектіде қара жүргенімен, дәл сөз тудырушы (жасаушы) негізгі тұлғалардың ретінде толық зерттелді деуге келмейді.

Сөзжасам жүйесінде түбірдің өзіндік қызметтері бар:

*Біріншіден*, негізгі түбір сөзжасамдық тәсілдердің барлық түрінде неі қызмет атқарады, басқаша айтқанда негізгі түбірдің қатысын ешқандай да туынды сөз жасалмайды. Мысалы, *қойма, орындық, қуан, жүлдегер, жалақы, ағайын, құрбан айт, сабақ кестесі, бала бақ ата-ана, өкпе-бауыр* т.б.

*Екіншіден*, негізгі түбір «сөз жасаушы негіздің бірі ретінде таны оның жаңа сөздің мағынасын белгілеуде атқаратын қызметі байланысты». Негізгі түбірдің сөзжасам жүйесіндегі негізгі қызм атқаруы ол сөздің лексикалық мағынасы жаңа сөздің сөзжасам

мағынасына арқау болады. Негізгі түбір сөздің лексикалық мағынасы негізінде жана мағыналы туынды сөз жасалады. Мысалы, *өр+ім, өр+ме, өр+іс, өр+іл* т.б. Келтірілген 4 туынды сөздің бәрінің мағынасында жақындық бар, себебі олардың мағынасының жасалуына *өр* сөзі негіз болып тұр. Ол осы 4 туынды сөздің мағынасына арқау болғандықтан, оларда мағына ұқсастығы, жақындығы бар, олардың мағыналық байланысы, семантикалық жақындығы көрініп тұр және ол кездейсоқ құбылыс емес, сөзжасамда үнемі сақталып отыратын заңдылық.

*Үшіншіден*, түбірлес сөздердегі ортақ семаны туғызушы өзек (орталық) сема болып табылады.

Тілде *ұял, ұят, оян, оят, жұбан, жұбат, шалқала, шалқасынан, момын, момақан* сияқты бірен-саран жағдайда туынды түбір құрамында тілде жеке қолданылмайтын негіз сөздер де кездесіп отырады. Бұл мысалдардағы негізгі сөздердің лексикалық мағынасы қазіргі кезеңде біз үшін көмескі, бұл туынды сөздерге негіз болып тұрған *ұя, оя, жұба, мом* сияқты бірліктердің қазіргі лексикалық мағынасы анық көрінбейді. Бірақ бұлардың бір кездері толық лексикалық мағынасы болған, егер лексикалық мағынасы болмаса одан ешбір туынды түбір жасалмас та еді. Ғалым Ж.Манкеева 2010 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту» деген ғылыми монографиясында: «... «өлі» түбірлерді атаудағы алғышарт – қазіргі тілде жеке тұрып мағына білдіре алмайтын «өлі» түбірлер көнетүркі, ортатүркі ескерткіштерінде немесе бұлқала тұрғанда тілге құрамында жеке тұрып мағына білдіретін лексема ретінде қолданылған. Кейде туынды негіздердің нақты мағынасын «өлі» түбірлердің семантикасы арқылы жаңғыртуға болады» [2,156.]- деп атап өтеді.

4.Тілдің сөзжасам жүйесіндегі сөзжасамдық жұрнақтардың мағыналық құрамының кеңеюі. Тілдің сөзжасам жүйесінің бауы мен толығы - сөзжасамдық жұрнақтардың мағыналық құрамының кеңеюі арқылы да болады. Жалпы сөзжасамдық жұрнақтардың ішінде түрлі мағына беретіндері де жиі кездеседі. Бұл жұрнақтардың бірнеше сөз табына ортақтық қасиетін қалыптастыратын жолдың бірі болып саналады.

Жұрнақтардың мағынасының кеңеюі тілде омоним жұрнақтардың қалыптастырады. Мысалы, *келін, қорған* деген туынды түбірлердегі зат есім жасайтын *-ын, -ін, -н* жұрнағы мен *киін, таран* дегендердегі өздік етістің *-ын, -ін, -н* жұрнақтары бірдей.

Сол сияқты жұрнақтардың мағынасы мен атқаратын қызметтерінің сәйкес болуына байланысты синоним жұрнақтар қалыптасты. Ғалым Ф.Оразбаева синоним сын есім жасайтын аффикстердің бірнеше түрін атап көрсетеді: «Қазіргі қазақ тілінде сын есім жасайтын синонимдес аффикстердің бірнеше түрлері бар: -шак, (-шек), -как (-кек), -ғыш (-гіш), -қыр (-кір), -шыл (-шіл), -шаң (-шен), т.б.» [3 , 173б.] Жұрнақтардың синонимдігіне *ұшқыр-ұтқыр, сөзшең-сөзшіл-сөзуар-сөйлегіш, әзілкеш-*

*әзілқой, өнерпаз-өнерлі, қалжыңбас- қалжыңшыл-қалжыңқой, білгі білгі, сезгіш-сезімтал, тершең-тершіл-терлегіш* т.б.

Сөзжасамдық жұрнақтардың толығы жұрнақтардың өзара бірімен тұлғалық жағынан кірігуі арқылы да болып отырады. Оң жұрнақтар құранды жұрнақ немесе күрделі жұрнақтар деп танылып келеді. Мысалы: лан<ла+n, дас<да+c, ғанша<ған+ша, ушы<у+шы, малы<ма+лы т.б.

5. Сөзжасам жүйесіндегі күрделендіру тәсілі мен сөзжасамдық тәсілдердің қызметі. Тарихи тұрғыдан алғанда сөзжасамдық жүйесінде барлық сөзжасамдық тәсілдердің белсенділігі артып отырып байқалады. Тілдегі көне тәсілдердің бірінен саналатын аналитикалық тәсілдің кенес дәуірінде де қызметі артып, белсенді тәсілге айналған көреміз. Мысалы, *көркемөнер, бесжылдық, үш бұрыш, азот қышқылы, социалистік жарыс, халықаралық* т.б.

Сол сияқты Қазан төңкерісінен кейін қысқарту тәсілі (аналитикалық тәсіл) арқылы жасалған сөздер кеңінен қолданысқа түсіп, Қазан төңкерісінен кейін тілімізде күрделі аталымдар көбейді, айтуға да, жазуға да ықшамдау, қысқарту қажеттігі туды. Қысқарту тәсілі мен жолдарының орыс тілінде қолданылып жүрген түрлері қазақ тілінде де кірді. Мысалы, *ауылсовет, педсовет, обком, колхоз, совхоз, КПСС, партком* т.б.

Соңғы жылдары сөзжасамдық күрделендіру тәсілі арқылы жасалған сөздердің тілімізде көптеп қолданылып жүргендігі айқындалды. Мысалы: *жұмыс (зарплата), пәтерақы (квартплата), жәрдемақы (пособие), жолақы (платеж за проезд), үстемақы (переплата), өтемақы (компенсация), сый (вознаграждение), зейнетақы (пенсия), ақуыз (белок), айыппұл (штраф), ақорда (резиденция), мұражай (музей), көші-қон (миграция), сәт сааттық (аукцион), іс-шара (мероприятия)* т.б. Осы қатарды бір бөлімге төл сөзіміз, екінші жартысы кірме сөз болып келетін атаулар бүгінгі тіл толықтыра түсуде. Бұндай атауларды тілде «будан атаулар» деп атауға кездеседі. Қазіргі күні тілімізде мына төмендегідей будан атаулар қолданылып жүр: *авиатасымал (авиаперевозка), автотұрақ (автостоянка), бейнекамера (видеокамера), веложарыс (велогонка), геосаясат (геополитика), дендробақ (дендропарк), инфрақұрылым (инфраструктура), мегажоба (мегапроект), телехабар (телепередача), штаб-пәтер (штаб-квартира), экожүйе (экосистема), этноорталық (этноцентр)* т.б.

Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде белсенді тәсіл ретінде қолданылатын сөздердің жасалуына ұйытқы болған сөз қысқарту тәсілі. Әрбір Қазан төңкерісіне дейін сөз қысқарту тәсілі мүлде болмаған деп айтуға келмейді. Бұл тәсіл тілде адам аттарында қолданылып, оған сый-құрмет үлкейту, кішірейту, еркелету мәнін қосып көптеген қысқарған сөздер қалыптастырды. Ол қазір де жиі кездеседі. Мысалы, *Жәке, Сәбе, Мәке, Тәке, Айнаш* т.б.

Бұл тәсілдің тағы бір ерекшелігі адам аттары тек қысқартылып қана қоймайды, сонымен бірге қысқарған кісі есіміне *-еке, -ке, -аң, -а, -е, -ш,* -тай сияқты белгілі бір қосымшалар қосылып отырады. Демек, мұндай сөздердің белгілі бір тобы қысқарып, қысқаратын сөздің бірінші буынын сақталады және сол бірінші буынға белгілі бір қосымшалар қосылытыны сияқты заңдылықтары бар.

Сөзжасамдық мағына тәсілі де - тілдің сөзжасам жүйесінде көнеден келе жатқан тәсілдердің бірі. Сөздің ешбір дыбыстық құрамы мен тұлғасын өзгертпей-ақ, оның өзінде бар мағынасының үстіне басқа жаңа мағына қосу, сол арқылы бір сөздің өзі бірнеше сөздің қызметін атқаруы тілде көп кездеседі. Мысалы, *буын, құн, дыбыс, әңгіме, айтыс, үндеу* т.б. Бұл сөздер тілдегі жай сөздер ретінде де, термин ретінде де қолданыста жүр. Мұндай сөздер тілде көптеп кездеседі.

Соңғы жылдардың өзінде-ақ бұл тәсіл арқылы қалыптасқан жасалған күрделі сөздер өте көп. Мысалы, *даңғыл, нысан, ұжым, бағам, үрдіс, түлек, өңір* т.б. Мұндай сөзжасамдық мағына тәсілі арқылы қалыптасқан атаулардың ішінде тілде орныға бастағандары да, бірнеше балама атаулармен қатар қолданылып әлі толық басымдыққа ие бола қоймағандары да кездеседі.

Қорыта келгенде, қазақ тілінің сөзжасам жүйесі ұзақ уақыт бойы талай өзгерістен өтіп, қазіргі күнде әбден қалыптасқан, ол өмірде жаңадан пайда болған барлық заттарды, құбылыстарды, оқиғаларды, ұлттардың арасындағы қарым-қатынасты, сол ұлттың өмірін жасай берген.

UNREGISTERED COPY OF SCANPADYRUS

Әдебиет:

1. Сабыр Мұрат Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2005. – 41б.
2. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010-212б.
3. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер.- Алматы: Анарыс, 2009. -368б.
4. Рысбай Б. Сөзжасам тәсілдері бойынша сөз тудырудың ерекшеліктері // Әлем өркениеті және Қазақстан. – Алматы, 2007. ІТ. 363-366бб
5. Оралбай Н., Құрманәлиев К. Сөзжасамның жалпы теориялық мәселелері. –Павлодар: Типография Сытина, 2011-348б.
6. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989.- 368б.

Дәріс бойынша тапсырмалар:

1. Дәріс мәтінін оқыңыз.

2. «Менде осы тақырып бойынша қандай білім, ойлар ұстанымдар бар?», «Қандай мәселелерді тереңірек білгім келеді? д сұрақтар төңірегінде (4-6 минут ішінде) ойларыңызды жазыңыз.

#### **Тақырып бойынша семинар сұрақтары**

1. Тілдің сөзжасам жүйесі не жатады?
2. Сөзжасам жүйесінде тұрақты құбылыстар бар ма?
3. Түбірлердің қызметі қандай?
3. Сөзжасамдық жұрнақтар сөзжасамда қандай қызмет атқарады?
4. Сөзжасам жүйесіндегі күрделендіру тәсілі мен сөзжасамдық мағ тәсілдердің қызметі қандай?
5. Сөз мағынасын түрлендіруші жұрнақтар туралы пікірлер қандай

#### **Дамытушылық тапсырмалар**

1. «Мектеп оқушыларына осы тақырып бойынша қандай мәлі беруге болады?» немесе «Мектеп оқушысына осы тақырып байланыстырып қандай ғылыми жұмыс (ізденіс жұмыстарын) бей болады?» деген сұрақ төңірегінде ой бөлесіңіз.

### **Қазақ тіл білімінің тарландары**

#### **Құдайберген Жұбанов\* (1899-1938)**

А.Жұбановтың ағасы Құдайберген Жұбанов тамаша кісі еді. Ол с екі тіл білімі, ағылшын тілін білген, сөйлемі қанша болса да, тілді ең ұқсамайды. Қалың бұйра толқын шашы бұл кезде бурыл тарта баста кара көздері жылу шашады, кісіге ықыластана жымия қарай Мамандығы лингвист болғанымен, ол ілімнің көптеген-көпті салаларынан мағлұматы мол, ой өрісі кең адам екені мазмұ әңгімесінен ашық аңғарылып тұратын, мағыналы әңгімені тарата өзіде әңгімешіл кісі-тін. Пікір алысқанда адам разы болып, тыңдауш байып қалатын адамдар болмай ма, ол осындай кісінің бірі Фактілерге сүйенген, қызықты мағлұматтарға кенен әңгімелері еркін, өзінен ағытыла беретін. Мен оған бірден таңырқай емініп, оның ә сөзін қалт жібермей тыңдауға тырыстым

#### **Е.Г.Брусилова**

Құдайберген Куанұлы Жұбанов – тіл білімі саласындағы алғаш қазақ профессоры, қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бі түркітанушы, педагог, мемлекет және қоғам қайраткері.

1988 жылы Ақтөбе облысының Темір ауданында дүниеге кел Алғашында Оспан ишанның мешітінен дәріс алып, араб тілін үйрені 1918 жылы Електегі екі кластық орыс-қазақ училищесін, Орыс қаласындағы «Хусайния» медресесін бітірген. Темір-Орқаш болысы

әуелі хатшысы, кейін төрағасы болады. Араб, парсы, орыс, түрік, жапон, француз, ағылшын, неміс тілдерін меңгерген.

1920 жылы «Ай» атты журнал ұйымдастырып, оның бетінде де М.Горькийдің «Сұңқар туралы жыр», «Дауылпаз туралы жыр» т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударып жариялайды.

Ғылыми бағыттары: қазақ тілін оқыту әдістемесі, грамматика, фонетика, пунктуация, терминология, этимология

Қ.Жұбанов тіл білімі мәселелерімен 1920 жылдан бастап шұғылдана бастады. Ол қазақ мектептері мен жоғары оқу орындары үшін қазақ тілін оқыту бағдарламаларын жасап, оқулықтар мен әдістемелік құралдарын жазды.

Қ.Жұбанов ХХ ғасырдың 20-30 –шы жылдарында қазақ халқының рухани-мәдени өмірінде саяси-әлеуметтік, халықтық мәні зор мәселелердің бірі – жазу, емле, термин мәселелерімен де шұғылданған. 1929 Қызылордада өткізілген тұңғыш ғылыми-терминологиялық конференцияда Қ.Жұбанов қазақ тілінің емлесі жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар жасайды. 1935 жылы қазақ әліпбиі мен емлесін жақсартудың жобасын ұсынған. Онда халықаралық және орыс тілінен енген терминдерді орысша жазылуына жақындатып таңбалау, кейбір қосар дыбыстарды жалаң әріппен беру, біріккен сөзді қосып жазу туралы пікір айтқан. Қ.Жұбанов 1933 жылдан саяси қуғын-сүргінге ұшырағанға дейін терминологиялық комиссияның төрағасы болған.

**UNREGISTERED COPY OF SCANBAPYRUS**

Қ.Жұбанов 1935 жылы «Қазақстан мәдениеті» газетіндегі тіл сьезіне Мемлекеттік терминкомның атынан ұсынылған жобаның негізгі авторы. Ол ұсынылған принциптер қазақ терминологиясын жасаудың үлгісі ретінде әлі күнге дейін қолданылып келеді. 1936 жылы ғалымның «Қазақ сөйлем мүшелерінің орны тарихына» атты кітабы баспадан шыққан. Бұл кітабында ол қазақ тіліндегі сөйлем мүшелерінің тарихын басқа түркі тілдерінен бөліп қарамай, өзі еркін игерген түркі халықтарының тілдерін бір-бірімен байланыстыра зерттеп, тарихи салыстырмалы әдісті шебер қолданған. Бұл еңбегімен Жұбанов қазақстандық түркітану ғылымының қалыптасуына зор үлес қосқан. «Ауыл мұғалімі» (қазіргі «Қазақстан мектебі») журналында мұғалімдерге арнап қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы, кітапты қалай пайдалану, оқулықтағы материалдарды оқушыларға қалай нәтижелі игерту мәселелерін көтеріп отырған. Осы журналда «Жаңа грамматиканың жақсылықтары», «шылаулар», «Қос сөздер», «Біріккен сөздер», «Әдіс, бағдарлама мәселелері», т.б. мақалаларын жариялаған. Жұбанов қазақ әдеби тілі мен музыкалық өнері туралы да келелі пікірлер айтқан. Ол өзінің «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты еңбегінде Абайдың қазақ әдеби тілін дамытудағы, әлеуметтік ой-санадағы орнын, ақындық шеберлігін, композиторлығы мен өлең құрылысына енгізген жаңалығын тұңғыш көрсетіп, әділ бағалаған. 1936 жылы «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жөнінен» деген зерттеуінде «ән», «би», «бақсы»,

«жыр», «домбыра», «күй», «қобыз», «сыбызғы», «толғау» сөздер этимологиясын ашу арқылы қазақ музыка мәдениетінің тарихы ерте басталатынын көрсеткен.

Қ.Жұбанов тек ғылыммен ғана шұғылданып қоймай, Қазақ Оқу-ағарту халық комиссариаты жанындағы әдістеме, бағдарлы оқулықта секторының меңгерушісі міндетін атқара жүріп, бар ы жігерін аз уақыттың ішінде қазақ мектептерін ғылыми негіз жазылғаниоқулықтармен қамтамасыз етуге жұмсаған. Мұғалімдер білімін жетілдіру курстарында, семинарларында дәріс оқып, ақыл-көз беріп отырған. Ол қазақ тіл білімі мамандарын баулып, тәрбиелеуді мол еңбек сіңірген. Республикамыздың саяси-әлеуметтік өміріне белсене қатысқан. 1937 жылы жалған саяси айыппен тұтқындалып, 1 жылды ақпанның 25-інде ату жазасына кесілген. 1957 жылы қазанның 1-інде КСРО Жоғарғы Соты Әскери алқасының шешімімен ақталып, Ақтөбе мемлекеттік университетіне, осы қаладағы бір көшеге Қ.Жұбанов есімі берілген.

#### **ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ**

##### **Монография мен зерттеулер**

1. Из истории порядка слов в казахском предложении: (Исследования казахскому языку. Вып. I). – Алма-Ата, 1936. – С.57.
2. Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы (тіл мен табиғатпен байланысы). – Алматы: Ғылым, 1966. – 21 б.
3. Заметки о вспомогательных и сложных глаголах: (исследования казахскому языку. Вып II). – Алма-Ата, 1936. – С.51
4. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 362 б.
5. Қазақ тіл жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.

##### **Оқу-әдістемелік құрал**

6. Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім. Сөздің жалпы құрылысы (Жаморфология). Орта мектептің V класына арналған. – Алматы, 1936. – 71 б.
7. Қазақ тілінің программасы. Проект. V-VII класқа арналған. Алматы, 1936. – 29 б.

##### **Оқу арналған материалдар**

*Е. Жанпейісов, С. Нұрханов*

##### **Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері**

Сөз таптарының қалыптасуына, бір-бірінен дараланып, сарап түсуіне қай тілде де, қашан да ең алдымен зат есімнің негіз-үгі болатыны – ғылымда әр кез айтылып жүрген, мамандарға жалпы мәлім жай. Тілдегі тұтас сөзжасам жүйесінде зат есімдік сөзжасамның айрық орын алатыны міне осы заңдылықтан келіп шығады.

Зат есімдік сөзжасам жүйесін қай тілде де көбінесе синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық тәсілдер құрайды. Осы жасалу тәсілдеріне қарай зат есімді негізгі үш түрге бөліп қарауға болады. Мысалы, синтетикалық туынды зат есімді, аналитикалық тәсіл күрделі зат есімді, ал лексика-семантикалық тәсіл субстансив зат есімді жасайды. Бұл жерде бір ескерте кететін нәрсе: субстансив зат есім өзінің құрылымы жөнінен түбір де, туынды да, күрделі де болып келеді. Зат есімнің құрылымдық сипаты мен оның осы жасалу тәсілдері арасында тығыз байланыс, өзара тәуелділік бар. Зат есімнің негізгі құрылымдық типтері оның жасалу тәсілдерін (немесе жасалу тәсілдері оның құрылымдық типтерін) анықтайды, белгілейді. Демек, зат есімдік сөзжасамның синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық тәсілдері бар деп жай санамалап шығудың сыртында тағы зат есімнің құрылымдық типтері (туынды зат есім, күрделі зат есім, субстансив зат есім) туралы да түсінік жатады, яғни оның осы бір объективтік сипаты ойда тұрады.

Зат есімнің сөзжасам жүйесі қазақ тілінде ғана емес, жалпы түркология көлемінде бірсыдырғы зерттелген дейге болады. Дегенмен бұл проблеманың тіл ғылымының кейінгі жетістіктері тұрғысынан әлі де нақтылай түсетін, әлі де жүйелей түсетін мәселелері жоқ емес. Мысалы, соңғы кездегі лингвистикалық зерттеулерде қайсыбір тіл құбылысын жаңаша зерделеу, бұрынғы дәстүрлі әдістен шығып өзгешерек түсіндіру бағыты байқала бастады. Мұндай жаңа тәсілдердің тілдік сөзжасам жүйесінен де сезіледі. Тіл ғылымындағы бұл сонылықты ескермейінше зат есімдік сөзжасам заңдылықтарын да, оның лексикалық-граматикалық табиғатын толық тану, жете сипаттау, әрине, мүмкін болмайды. Қазір зат есім жасайтын жұрнақтарды мынадай негізгі ұғымдармен байланыстыра зерттеу қажеттіліктері туып отыр. Ол ұғымдар, атап айтсақ, мыналар: сөзжасамдық тип, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық тұлғалық, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық қосақ, сөзжасамдық қатынас, т.б.

Әдетте қандай да бір термин болса да, оның ар жағында белгілі бір тіл құбылысы жайында барынша жүйеленген, қағидалық бітім алған заңдылық, барынша нақтыланған түйінді ой жатады. Рас, бір тілдегі жаңағы келтірілгендер тәрізді қайсыбір ұғымдардың, терминдердің құрылымы басқа екінші бір тілдің табиғатына сәйкеспейтін, күштеп телігендей жасанды көрінетін реттері болады. Ал әлгі сөзжасамдық тип, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық тұлғалық, сөзжасамдық ұя тіркестері өзге тілден аударма жолымен алынып отырғанмен, олардың мазмұнынан аңғарылатын қағидалық ой, заңдылық сипат қазақ тілінің табиғатынан да өзінің тиісті көрініс-көрнегін таба алады. Ойымызды нақтылы бір деректермен дәлелдеп көрейік. Мысалы, қазақ тіліндегі зат есім жұрнақтарының кейбірін жаңағы аталған терминдік жаңа ұғымдар тұрғысынан алып қалай талдап көрсетуге болар еді? Енді қысқаша соған тоқталайық.

Мысалы, сатушы, жазушы, оқушы, тергеуші, нұсқаушы д туынды зат есімдерді алайық. Бұлардың түбірлері – сату, жазу, тергеу, нұсқау етістіктері. Бұл айтып отырғандарымыз - кімге болса жалпы белгілі жай. Бірақ осы сату мен сатушы, жазу мен жазушы, мен оқушы, тергеу мен тергеуші, нұсқау мен нұсқаушы қосақтары арақатынасынан шығатын заңдылықтарды түсіндіруде, ілгеріде өткеніміздей, жаңа бір зерделеу, жаңа бір ізденіс бары аңғарылды. Мысалы, жаңағы сату мен сатушы сияқтылар тіл ғылымындағы кей түсінік бойынша сөзжасамдық қосақ деп аталып жүр. Жазу мен жазушы да, оқу мен оқушы да, тергеу мен тергеуші де, нұсқау мен нұсқаушы сондай сөзжасамдық қосақтар болып табылады. Жоғарыдағы туынды есімдердің, яғни сатушы, тергеуші, нұсқаушы және басқалары бәрінде де бір мағына қайталанып айтылады. Ол – кәсіптің, мамандықтың білдіретін мағына. Әдетте әлденеше туынды сөзде бұлай қайтала отыратын бір түрлі мағынаны типтік семантика немесе сөзжасамдық мағына деп атайды. Сөзжасамдық мағына арнайы әдебиеттерде бірақ бәрі кеңірек түрде былай түсіндіріледі. Сөзжасамдық мағынаның мағынасы жұрнақ қана емес, сонымен қатар онымен сөз тудыратын негізгі сөз қосылып, бірге де білдіре алады. Сөзжасамдық мағынасы өзара қарсы сөзжасамдық қосақтар тобын сөзжасамдық тип дейді. Мысалы, ілгеріде аталған сату-сатушы, нұсқау-нұсқаушы, тергеу-тергеуші, жазу-жазушы, оқу-оқушы қосақтарының бәрінің сөзжасамдық мағынасы бірдей. Мысалы, сөзжасамдық қосақтардың жінегілығы сөзжасамдық тип атау дәстүрі қазір етек алып келеді. Мұндайда, біріншіден туынды түбірлері бәрі бір сөз табынан болуы керек, екіншіден, олар мағына және сөзжасамдық тұлғалығы жағынан да бәрі біркелкі болып келуі отыруға тиіс. Жоғарыдағы сөзжасамдық типтерде осы екі шарттың екеуі де сақталған. Олардың сөзжасамдық тип бола алатыны да міне осы. Осы жүйелеу, осы заңдылық тұрғысынан мал-малшы, мұнай-мұнайшы, сын-сыншы, мүсін-мүсінші, ән-әнші, тіл-тілші, етік-етікші, сынынықышы, жыр-жыршы дегендерді де талдап көрейік. Бұлар сөзжасамдық қосақтар. Бәрінің сөзжасамдық мағынасы да бірдей. Бәрі бір сөз табынан (зат есімнен) жасалып тұр. Бәрінің сөзжасамдық тұлғалығы да ортақ. Демек, бұлар - өз алдына бөлек сөзжасамдық Алғашқы сөзжасамдық тип – етістік негізді болса, соңғы сөзжасамдық тип – есім негізді.

Ұш-ұшқыш, ат-атқыш, секір-секіргіш – бұлар да сөзжасамдық қосақтар, бұлар да өз алдына сөзжасамдық тип. Бұл сөзжасамдық тип де сөзжасамдық мағынасы сол мамандық түрімен, белгілі бір саласымен байланысты. Бұл сөзжасамдық тип те етістік негізді. Бұл айтылғандардан мынадай бір қорытынды жасай кетуге болады. Сөзжасамдық мағына сөзжасамдық бір типке, сондай-ақ екі, кейде одан да көп сөзжасамдық типке ортақ болып келеді. Мысалы, жоғарыдағы үш түрлі сөзжасамдық типтің (1. сату-сатушы, нұсқау-нұсқаушы т.

мүсін-мүсінші, мал-малшы т.б.; 3. ұш-ұшқыш, ат-атқыш, т.б.) үшеуінің де сөзжасамдық мағынасы біреу-ақ: кәсіпті, мамандықты білдіреді.

Туынды зат есім жасайтын жұрнақтар өздерінің сөзжасамдық бейім-қабілеті жағынан әдетте біркелкі болып келе бермейді. Мысалы, зат есім жұрнақтарының бірталайы сөзжасамдық бір ғана типке емес, сөзжасамдық мағынасы әртүрлі әлденеше типке қатысты болып келеді. Мәселе, бұл арада зат есім жұрнақтарының ішінде көп категориялық немесе ара категориялық және бір категориялық түрлері болатыны туралы. Зат есім жұрнақтарының сөзжасамдық ерекшеліктерін анықтаудың күрделілігі бір жағы олардың осы сипатына байланысты.

Жоғарыда айтылған сөзжасамдық мағынаның лексикалық мағынамен, грамматикалық мағынамен арақатынасы қандай, олардың бір-бірінен айырым белгілері қандай – енді осы мәселелерді пысықтай кетейік. Ілгеріде, келтірілген сатушы, сыншы, етікші, нұсқаушы, мүсінші, ұшқыш дегендердің, осылар іспеттес басқа да туынды зат есімдердің жеке-жеке алып қарағандағы әрқайсысының мағынасы – лексикалық мағына. Мысалы, етікші, сыншы сөздерінің әлдеқандай бір мағынаны емес, тек қана «сапожник, критик» дегенді білдіретіндігі, сондай-ақ нұсқаушы, ұшқыш лексемаларының да әлдеқандай бір өзге мағынаны емес, тек қана «инструктор, летчик» дегенді білдіретіндігі олардың лексикалық мағынасы болып табылады. Ал бұлардың, яғни оқушы, жазушы, мұнайшы, кенші, тергеуші және жоғарыдағы басқа да сөздердің зат есім сипаты дегенді білдіретіндігі, яғни сөз табына қатысты грамматикалық (морфологиялық) мағынасы болып табылады. Мысалы, сөз табына қатысы жағынан ілгеріде келтірілген туынды лексемалардың бәрі де – зат есім. Олардың міне осы зат есім болатындығы – олардың грамматикалық мағынасы. Жеке бір ғана тіл құбылысының бойынан табылатын әр сала осы мағыналар мына бір үзіндіде, мысалы, бұдан да дәл, бұдан да толық сипатталады. «Лексикалық мағына жеке сөзде болады және сол арқылы көрінеді; морфологиялық мағына тұлғаларының өзгеруі, типтік тіркесімдігі, басқа морфологиялық кластармен арақатынасы жағынан өзара ұқсас сөздер тобында болады. Ал сөзжасамдық мағына сөзжасамдық қосақтарда я стандартты түрде немесе соған ұқсастырып сөзжасамдық қатынас жасай алатын сондай біраз қосақтарда болады және солар арқылы көрінеді». Бұл жерде бір ескерте кететін нәрсе: кейінгі кезде сөзжасамдық мағына тұлғалықта болады. Деген де пікір айтылып жүр. Сөйтін жоғарыда талданған туынды зат есімдердің сөзжасамдық үш типке жататынын көрдік. Осы жағдайға байланысты айта кететін тағы бір мәселе бар. Ол – мынау. Үш түрлі сөзжасамдық типке жатқызылған бұл туынды зат есімдердің сөзжасамдық үлгісі үш түрлі: зат есім + шы жұрнағы, етістік + шы жұрнағы, етістік + қыш жұрнағы.

Зат есімнің сөзжасамдық жүйесі әңгіме ету орайында мына бір мәселеге де көңіл аударар отыру қажет. Мәселе сөзжасам жүйесінің

лексикамен, морфологиямен арақатынасы туралы. Сөзжасам көп тілді көп заманнан морфологияның объектісі ретінде алынып, сол тұр зерттеліп келді. Көп тілде әлі де солай, сол баяғы морфология аясы қарастырылууда. Сонымен қабат кейінгі кейбір зерттеулерде, айтқанда орыс ғалымдарының еңбектерінде сөзжасам тіл құрылымы өз алдына дербес, жеке сала ретінде алынып тексеріле бастады. құрылымының бұлай жеке бір тармағы боларлықтай сөзжасамның қа өзіндік ерекшеліктері бар дегенде, ғылымда қазір мынадай дәлел айтылады. Бұл дәлелдің қысқаша түйіні мынаған саяды. Сөзде арасындағы қатынас лексикада семантикаға. Ал морфологияда форм келіп тірелсе, сөзжасамда осының екеуіне де, яғни семантикаға формаға да, екі жақтан да бірдей келіп тіреледі. Мәселе, өте принцип болғандықтан текстің өзін толық күйінде келтіруді жөн көрдік. «Сөз лексикада ең алдымен өзара семантикалық қатынаста болады. Егер бі ана тілінің өз сөздері болса, олардың көзге көріну сырт қалпы әд сөйлеушінің көңілін өзіне аудара бермейді. Сөздер морфологияда алдымен өзара формалық қатынаста болады. Мұндайда грамматика категориялардың семантикасын адамдар әдетте сезе бермейді бақылап та отырмайды. Сөздер сөзжасамда формалдық-семантика қатынаста болады. Мұндайда типтік, сөзжасамдық мағына ар лингвистикалық методикасыз белгісіз болып қалғанымен, тұрға өзгерісі де, сөздің дара өз мағынасы да оңай байқалады.

UNREGISTERED COPY OF SCANBAPYRUS

Сонымен, сөзжасам лексикаға немесе морфологияға қатынастар олармен қатар тұрады деуге әбден негіз бар. Лексика, морфология сөзжасам тіл құрылымының үш аспектісі және оның сөз ара қатынастардың үш типті негізінде пайда болған үш дербес механ болып табылады. Сондықтан сөзжасам лингвистикалық зертте лексикамен және морфологиямен терезесі тең саласы ретінде таны тиіс.

Сөзжасамдық типтер кейде түгелдей, кейде ішінара бір-бір синонимдік қатынаста болады. Мысалы, жоғарыда атап өткенімі мал-малшы, етік-етікші, сурет-суретші, дүкен-дүкенші дегенде сөзжасамдық бір тип, ал дәрі-дәрігер, бал-балгер, сурет-суреткер қосақтар сөзжасамдық және бір тип. Міне, сөзжасамдық осы екі ілгерінде салыстырылған типтер сияқты, мағыналық жақтан паралель типтер болып табылады.

Әрбір осындай сөзжасамдық тип әдетте мынадай үш түрлі ың қарастырылады.; 1) әрбір типтің сөзжасамдық жалпы мағынасы, о мағынасы; 2) әрбір сөзжасамдық типтің өнімділігі; 3) әрбір сөзжасам типтің стильдік сипаттамасы.

Туынды зат есім жасайтын жұрнақтар сөзжасамдық ти өнімділігі және сөзжасамдық типтің қолданымдылығы тұрғысында үнемі біркелкі болып келе бермейді. Мысалы, отын деген туынды есімді алайық. Мұның түбірі – от. Отын зат есімі егін, ағын

есімдерімен сөзжасамдық тип тұрғысынан бірдей емес. Себебі отын – от есімінен болған туынды зат есім, ал егін, ағын дегендер – ек, ақ етістіктерінен жасалған туынды зат есімдер. Отын дегендегі –ын - өнімсіз жұрнақ. Өйткені оның дәл осылай есім сөзге жалғанып, туынды зат есім жасайтын реттері сирек ұшырасады. Ол қолданымды ма? Қолданымды. Себебі отын зат есімі – тілімізде жалпы жий айтылатын, жиі қолданылатын сөз. Ал –ын (ін) жұрнағы етістікке жалғанып туынды зат есім жасауда барынша өнімді де, қолданымды да. Бұл келтірілген салыстырулардан жеке бір жұрнақтың жеке бір сөз табына ғана тән болуы барынша шартты құбылыс екенін көреміз. Жұрнақтың сөзжасам жүйесінің негізгі белгілері, лексика-грамматикалық табиғаты ең алдымен осы зат есім жұрнақтарынан айқын көрінеді.

Зат есімнің сөзжасамдық сипаты сөзжасамдық ұя туралы мәселені айтпайынша толық ашылмайды. Қазақ тіліндегі мысалы бір ғана жол деген түбірден жасалған жолшы, жолаушы, жолдас, жолдастық, жолдама тәріздес бірнеше туынды зат есімдердің жиынтығын тіл ғылымында қазір сөзжасамдық ұя деп атайды. Зат есімнің сөзжасамдық жүйесі осы тұрғыда да жан-жақты сипатталуға тиіс. Ал сөзжасамдық жүйе дегенде әдетте ойда тілдің өзара үнемі байланыста болатын сөзжасамдық типтерінің жиынтығы мен сөзжасамдық ұялардың жиынтығы тұрады.

**UNREGISTERED COPY OF SCANDAPYRUS**  
Қоспа. А.С. Салқынбай. Тіл, әдебиет және мәдениет. 1984. №2. 53-56 бб.

**3-дәріс тезисі. Сөзжасамдық бірліктер мен сөзжасамдық мағына түрлері**

**Дәріс жоспары:**

1. Жалпы тілдік бірліктер мәселесі.
2. Сөзжасамдық бірліктер.
3. Сөзжасамдық мағына:
  - а) өзгерген туынды мағына
  - ә) түрленген туынды мағына
  - б) көшірілген туынды мағына
  - в) теңбе-тең туынды мағына

**тақырып бойынша негізгі ұғымдардың лингвистикалық сөздігі:**  
**сөзжасамдық мағына** – себепші негіздер мен сөзжасамдық тұлғалардың бірігуіне не қосарлануы, тіркесуі, жалғануы негізінде уәжделіп жасалатын ерекше туынды мағына (А.Салқынбай).

**1. Жалпы тілдік бірліктер мәселесі.** Лингвистикада «языковая единица» терминінің баламасы ретінде «тілдік бірлік» атауы қазіргі тілтаным ғылымында әбден орнықты деуге болады. Өйткені ол атау

лингвистикалық сөздіктерде беріліп, тіл білімінің қай саласында боу сөз болып монографиялар, оқу құралдары мен ғылыми мақалалар кеңінен қолданысқа ие болып жүр. Тілдің әр саласының өзіне бірліктері бар. Қазақ тіл ғылымында болсын, орыс тіл білімінде боу тілдік бірліктер аясында морфема, сөз тіркесі, сөйлем қаралып. Кейде дыбыс пен фонеманы – фонетикалық бірлік, сөзді – лексикалық бірлік, морфема мен сөйлемді – грамматикалық бірлік деп нақтылап да кездеседі. Дегенмен де, лингвистикада нақтылы тілдік бірліктері жатады дегенде, ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер бар.

Ал тілдік бірліктер туралы пікірлер ерте кезден тіпті Аристотель заманынан басталып, Аристотель есімімен байланысты қаралып жүр де белгілі.

Тіл ғылымында грамматика теориясының қалыптасуы байланысты жалпы тілдік бірліктерді, оның ішінде грамматикалық бірліктерді зерттеу ғылымда кең орын алды деуге болады. Олай болса заңды да өйткені грамматикалық бірліктер – грамматика теориясының басты құралы. Тілдік бірліктерсіз, оның ішінде грамматикалық бірліктерсіз грамматика теориясының қалыптасуы да, дамуы да мүмкін емес нәрсе. Грамматикалық бірліктердің атқаратын қызметі, мағынасы дәлелденбей тұрып, грамматиканың теориясы туралы сөз болуы мүмкін де емес. Ал грамматика теориясының қалыптасуы грамматикалық бірліктерді тереңірек, толығырақ танытуға және тануға әкеледі. Нақты аясында лингвистика теориясының қалыптасуы және грамматикалық бірліктердің арнайы зерттелуіне жол ашты.

Мәселен, ғалым Джон Лайонз 1978 жылы шыққан «Введение в теоретическую лингвистику» деген еңбегінде морфеманы, сөзді, сөйлемді грамматикалық бірліктер деп дәлелдейді [1].

Ал тілдік бірлік жөніндегі В.Г.Адмони пікірі толығырақ. Оның тілдік бірліктер туралы пікірлері 1988 жылы жарық көрген «Грамматический строй как система построения и общая теория грамматики» атты еңбегінде қамтылған. Мәселен, В.Г. Адмони фонетикалық сөз тіркесі, сөйлем, фразадан үстем тұтастық (сверхфразовые единицы) аяқталған сөйлемелік (законченное высказывание) түрлеріне жеке-жеке жан-жақты тоқталады [2].

Ал Ю.В.Фоменко «Язык и речь» деген 1990 жылы шыққан еңбегінде фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем тілдік бірліктері жатады деген солай дей тұра ең басты тілдік бірлікке сөз ғана жатады деген тұжырымға келеді [3].

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың көзқарасынан тілдік бірліктер қатысты мәселеде пікір үндестігі де, қайшылығы да бар екеніне жеткізуге болады.

Осындай пікір алалығы болғанымен, көптеген тілшілер тілдік бірліктерге фонеманы, сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді жатқызатынын тағы да атап өткен жөн.

Ғылымда тілдік бірліктердің өзін жоғарыда атап көрсеткеніміздей, фонетикалық бірлік, лексикалық бірлік, грамматикалық бірлік деп атаудан басқа ритмикалық бірлік, фразелогиялық бірлік, коммуникативтік бірлік, синтаксистік бірлік т.б. түрлері бар. Бұл атаулар – жалпы тілдік бірлік дегеннен гөрі нақтылау мақсатында туған атаулар.

Сондай-ақ тілдің сөзжасам саласының да өзіне тән бірліктері бар. Сөзжасамдық бірліктер де өзге тілдік бірліктер сияқты ерте кезеңнен бастап, бүгінгі күнге дейін қалыптасу, даму сатыларынан өткен. Қазіргі күнде сөзжасамдық бірліктерді сөзжасам әрекетін жүзеге асыратын әбден қалыптасқан бірліктер деуге әбден болады.

Туынды сөзді жасауды іске асыратын негізгі құралдар - ол сөзжасамдық бірліктер. Сөзжасамдық бірліктерсіз ешбір туынды сөздің жасалуы мүмкін емес. Сөзжасамдық бірліктерге түбір сөздер (уәждеме сөздер) мен сөзжасамдық жұрнақтар жатады. Бұл сөзжасамдық бірліктердің қызметі тілде әбден қалыптасқан, оған ешбір өзгеріс енгізу мүмкін де емес.

2. Сөзжасамдық бірліктер. Сөзжасамдық бірліктер дегеніміз - туынды сөз жасауға қатысатын негізгі құралдар. Мысалы, көлшік, әнұран, буын деген туынды сөздер жасауға көл, -шік, ән, ұран, буын дегендер қатысып тұр. Бұлар туынды сөз жасауға қатысатындықтан олар сөзжасамдық бірліктер болып саналады. Себебі, көл морфемасына –шік жұрнағы қосылу арқылы көлшік сөзі жасалған. Ән сөзіне ұран қосылу арқылы әнұран сөзі жасалады. Буын сөзі жай қолданыстағы мәннен басқа мағынаны білдіріп, лингвистикалық терминге айналды. Сондықтан да жасалған туынды сөздердің бәрі де сөзжасамдық бірліктер арқылы іске асқан. Тілде сөзжасамдық бірліктерге екі түрлі:

- 1) уәждеме бірліктер немесе түбір сөздер,
- 2) сөзжасамдық жұрнақтар.

Түбір сөз сөзжасамдағы негізгі тілдік тұлға болып саналады.

Өйткені, түбір сөздің қатысынсыз ешбір туынды сөз жасалмайды. Қазақ тілінде кеш зерттелген сала ретінде сөзжасамдағы уәждеме мәселесі де кеш қаралды. Уәждеме мәселесін А.Салқынбай, Б.Қасым еңбектерінде қарастырылды. Бұдан бөлек сөзжасамдағы уәждеме мәселесі 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде» де қарастырылған болатын, бірақ онда «уәждеме» терминінің орнына «негіз сөз» деген атау қолданылған. Ол термин 2002 жылы шыққан Н.Оралбайдың «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында да, сол жылы жазылған академиялық грамматика «Қазақ грамматикасында» да қолданылды. Н.Оралбайдың «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында негіз сөзге мынандай анықтама берілді: «Негіз сөз дегеніміз – туынды сөздің лексикалық мағынасына арқау болатын сөз. Мысалы, *кәсіпкер*,

*қаламгер, аңшы* туындыларының мағынасы *кәсіп, қалам, аң* деген сөздердің мағынасынан жасалған, сондықтан олардың мағы байланысты. Жалпы туынды түбір атаулының бәрінде осы заңд сақталады» [4]. Ал жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі ( департаменті жоғары оқу орындарының филология факультетте студенттеріне оқулық ретінде ұсынған 2014 жылы Н.Ора К.Құрманәлиев, Ж.Балтабаевалар авторлығымен жарық көрген «К тілінің сөзжасамы» атты оқулықта «Сөзжасамның уәждеме бірлік деп алынған, оған берілген анықтамада: «Уәждеме деп туынды с лексикалық мағынасына арқау, негіз болатын лексикалық мағына аталады. Мысалы, *саналы, ақылгөй, өнерпаз, әуесқой* адам *д колданыстағы туынды сын есім сөздер (саналы, ақылгөй, өне әуесқой)* туынды түбір сын есімдерге жатады» - делінген[5], с берілген екі анықтама да бірдей. Ол бұл мәселенің атауларында өзгеріс болғандығын көрсетеді.

2. Сөзжасамдық мағына. Жалпы қандай да бір тілдік бірлік мағын болмайды. Тілде ешбір мағынасыз бірлік қолданысқа ие бола алма Тілдік бірліктердің мағынасы әдетте лексикалық және грамматик мағынаның айналысында ғана қаралатыны белгілі. Ал соңғы ке ғылыми әдебиеттерде сөзжасамдық үрдістің негізінде жасалған сөз мағынасы анықталып, ол сөзжасамдық мағына деп аталып жүр. Қаза ғылымында сөзжасамдық мағынаны танып, оны басқа мағына түрлері жасаушылардың алатын үйренісіне талым профессор Нұр Оралбай. 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөз жүйесі» атты ұжымдық монографияның авторларының бірі Н.Ора сөзжасамдық мағынаның сөзжасам саласындағы негізгі мәселе е айта келе, оның лексикалық деривация және синтаксистік деривация екіге бөлінетінін атап көрсетеді. Ғалымның айтуынша, лексик деривацияда түп негіздің мағынасы мен туындының мағынасында ү айырма болады да олар өзара бірімен-бірі тең бола алмайды (*кем бай-байы, дөң-дөңки*), ал синтаксистік деривацияда түп негіз туындының лексикалық мағынасы бірдей болады, (*жүр-жүріс, тарау, жел-желіс*) тек туынды түп негізден басқа сөз табына ж арқылы ерекшеленеді, яғни олар синтаксистік қызметі жағ ажыратылады, сол себепті де синтаксистік деривацияға бір сөз таб екінші сөз табына ауысқан туындылар жатады. Ғалымның пікірі сөзжасамдық мағына атаулының бәрі туынды мағына болған сөздердің қандай тәсілімен жасалғанына қарай әр туынды с сөзжасамдық мағынасында ерекшелік болады [6]

*Сөзжасамдық мағына дегеніміз* – туынды сөздің жасалуында болған мағына. Мысалы, *зергер* туынды сөзінің мағынасы с бұйымдарды зерлеп, айшықтап жасаушы шеберді, ұстаны білдіреді. сөздің мағынасы туынды түбірге негіз болған жеке тұрғандағы сөзінде де, -гер жұрнағында да жоқ. Сөзжасамдық мағына туынды

де ғана бар, сондықтан ол – туынды түбір сөздің мағынасы. *Зергер* сөзінің мағынасына негіз болған - зер деген сөздің мағынасы. Сол себепті *зер-зергер* деген сөздерде мағыналық байланыс бар. *Зер* сөзі әшекей, сән бұйымдарын жасауға пайдаланатын әдемі, сары түстес қымбат металл. Халық арасында «зер қадірін зергер» білер деген мақал бар. Мұнда зат есімнен зат есім жасалып тұр.

Сөзжасамдық мағынаның бірнеше түрі бар. Олар:

**1.Өзгерген туынды мағына.** Негіз сөздің мағынасы негізінде басқа мағынаның жасалуын өзгерген туынды мағына деп атайды. Мысалы, *сүзгі, шалғы, күзек, белес, тазала* сияқты туынды түбірлердің мағынасы *сүз, шал, күз, бел, таза* деген негіз сөздердің мағынасының негізінде жасалған.

**2.Түрленген туынды мағына.** Түрленген туынды мағына дегеніміз туынды мағына негіз сөздің мағынасын мүлде өзгертіп жібермей, оның мағынасына үстеліп қосылуы. Мысалы, *үй-шік, бала-қан, құлын-шақ, кітап-ша* т.б. Бұлардағы сөздің лексикалық мағынасы өзгерген жоқ, тек мағына үстемеленген.

**3.Көшірілген туынды мағына.** Туынды сөздің мағынасы негіз сөздің мағынасын басқа бір сөз табына көшіру арқылы жасалады. Мысалы, *айтыс (етістік) – айтыс (зат есім), қорған (етістік) – қорған (зат есім)* т.б.

**4. Теңбе-тең туынды мағына.** Туынды сөздің лексикалық мағынасы негіз сөздің тең сөз біріктірілген мағынасымен теңбе-тең туынды мағына деп атаймыз. Мысалы, *СДУ-Сүлейман Демирел университеті, Қаз ҰПУ- Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, БҰҰ-Біріккен ұлттар ұйымы* т.б. Бұл мысалдардың мағынасында өзгеріс жоқ, бірақ тұлғасында өзгеріс бар.

Әдебиет:

1. Джон Лайонз .Введение в теоретическую лингвистику. М.,1978
2. Адмони В.Г. Грамматический строй как система построения и общая теория грамматики.-Ленинград: Наука,1988-239с.
3. Фоменко Ю.В. Язык и речь. Новосибирск: НГЛИ, 1990.
4. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002.
5. Оралбай Н., Құрманәлиев К., Балтабаева Ж. Қазақ тілінің сөзжасамы.-Алматы.-2014.-288б.
6. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 367б.

Дәріс бойынша тапсырмалар:

- 1.Дәріс мәтінін оқыңыз.
- 2.Дәріс тақырыбы бойынша ғаламтордан қосымша материалдар іздеп, оларды таңдап, бір жүйеге келтіру керек.

Тақырып бойынша семинар тапсырмалары:

1. Сөзжасамдық мағына деген не? Оның лексикалық және грамматикалық мағыналардан қандай айырмашылығы бар?
2. Жиынтық мағына мен айырма мағына деген не?
3. Туынды мағынаның негізділігі деген не?
4. Туынды мағынаның түрлендірілген түрі туралы не білесіз?
5. Туынды мағынаның көшірілуі деген не?
6. Туынды мағынаның теңбе-теңдік түрі қандай сөздерге тән?

Дамытушылық тапсырмалар:

- А) Сөзжасамдық мағына тақырыбы бойынша кесте сызыңыздар.  
 Ә) А.Байтұрсынұлының «Сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді» деген пікірін қазіргі кезеңмен байланыстырып сөздеріңізбен түсіндіріп беріңіздер.

### Қазақ тіл білімінің тарланы

*Сәрсен Аманжолов*

*(1903-1958)*

*Сәрсен Аманжолұлы Аманжолов 1903 жылы 27 желтоқпанда Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Егінесу жерінде дүниеге келген.*

Қазақ филологиясының көрнекті қайраткері, қазақ советтік білімінің негізін салушылардың бірі, белгілі түрколог, филолог, доктор (1948), Қазақ ССР ҒА-ның корреспондент-мембрі (1964) жылдан КПСС мүшесі.

1930 жылы Орта Азия мемлекеттік университетін бітірген. 1931 жылдан бастап Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтында жылдай Қазақ тілі кафедрасын басқарған. Қазақтың Ұлт мәдениет зерттеу институтында (1934-36) ғылыми хатшы болып, ауыз әдебиеті бірқатар таңдаулы нұсқаларын жинап бастырған.

С.Аманжолов – СССР ҒА Қазақстан филиалының Тіл және әдебиет секторында (1937-42), Қазақ ССР ҒА Тіл-әдебиет институтының Академиялық сөздік, терминология бөлімдерінде (1946-58) меншік болып қызмет атқарған. Ұлы Отан соғысы жылдары ұлт жауынгерлер арасында үгітші (1942-44), Совет Армиясының Жоғарғы Басқармасында (1944-46) жауапты қызметкер болған. Қазақ ССР ҒА және ғылыми білімдер тарату қоғамының президиум мүшесі (1948-58) әдебиет секциясын басқарушы болды (1948-58)

С.Аманжолов – Қазақстан оқу-ағарту қайраткерлерінің Сауатсыздықты жоюға арналған оқу құралдарынан (1931) бастап мектептер мен жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтар бағдарламалар жасауға тікелей қатысты, ана тілін оқытуды ғылыми жолға қосуға елеулі үлес қосты.

**Ғылыми бағыттары:** Тіл білімі салалары бойынша: лексикология, диалектология, грамматика, синтаксис, қазақ тілінің тарихы, түркология

түркі тілдес халықтардың жазба ескерткіштерінің тілі, қазақ әдеби тілінің мәселелері, терминология, орфография және әдебиет саласы бойынша: фольклортану ғылымы, қазақ халқының мақал-мәтелдері мен жұмбақтары

Қазақ тіл білімінде С.Аманжолов зерттемеген сала кемде-кем. Тілдің тарихы мен диалектологиясынан бастап, орысша-қазақша сөздіктер, терминология, грамматика, орфография мәселелері оның тікелей қатысуымен жүйеге түсті. Жаңа алфавит пен орфографияның С.Аманжолов жасаған жобасы қазақ ССР Жоғарғы Советінің 5-сессиясында (1940) қабылданды.

Әсіресе, синтаксис теориясына ерекше көңіл бөлді. Сөз таптарының сөйлем мүшесі болу шарттары интонация, оқшау сөздер, шақ пен жаққа қатысты синтаксистік категориялар, құрмалас сөйлемнің пайдаболу жолдары, үйірлі мүше т.б. жайында тың қорытындылар жасады. «Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы» (1940) дейтін еңбегі 1950 жылдардан бері студенттердің бірден-бір оқу құралы болып келді.

С.Аманжолов қазақ диалектологиясының негізін салды. Тілдегі диалектілік ерекшеліктерді жинап-зерттеуді (1937-38) ұйымдастырып, диалектілердің даму сипаты, айырым белгілері, тайпалық тілдермен байланысы, ұлттық әдеби тілдің диалектілік негізі сияқты аса күрделі мәселелерге тұжырым жасады. Диалектілерге халық, тіл тарихы тұрғысынан қарап, олардың қоғамдық сипатын ашты.

Қазақтың халық тілі мен әдеби тілінің өзгешеліктерін зерттеу, соны пікірлер айтты. Ұлттық жазба әдеби тіл тарихын XIX ғасырдың 2-жартысынан бастап, Абайдың халық тілін пайдаланудағы шеберлігін, сөз қолданудағы жаңа үлгісін талдап көрсетті. «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» (1959) атты монографиясы түркология саласындағы елеулі табыстардың бірі ретінде бағаланды.

С.Аманжолов 15 ғылым кандидатын дайындап шықты.

## **ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ**

### **Монография мен зерттеулер**

1. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, 1959, 1997.
2. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері (Орысшадан аударған және редакциясын қараған ғалымның шәкірті –филология ғылымдарының докторы, профессор Ғабдолла Қалиев). – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004.
3. Сәрсен Аманжолов және қазақ фольклоры. Зерттеулер, фольклор материалдары. Құрастырған А.С.Аманжолов. – Алматы, 2004

### **Оқулық**

4. Қазақ тілі. IX класқа арналған оқулық (Негізгі автор) – Алматы, 1994, 2001.
5. Қазақ тілі. Синтаксис. Орта мектептің VIII класқа арналған оқулығы (негізгі автор). – Алматы, 1993 (20 басылуы), 1995, 1997, 2001.
6. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002.

#### Оқу құралдар

7. Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. – Алматы, 1938-1939.
8. Қазақ тілі грамматикасы. Синтаксис. (авторлық бірлестікте). – Алматы, 1932.
9. Қазақтың әдеби тілі. – Алматы, 1949.
10. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы, 1950, 1951.

#### Оқуға арналаған материал

##### Сөз тудыру – жеке сала.

Сөз тудырудың негізгі жолдары мен тәсілдері тюркология ғылымы қазіргі кезде анықталғанына қарамастан, оның түркі тілдері саласында қатысы, онда алатын орны жайында әр түрлі пікір айтылып жүр.

Сөз тудыру жалпы түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде, о бастапқы сөз формаларымен, сөз таптары жүйесімен бірге морфологиялық қатынастарды білдіретін мүлдем тіпті қатынасқа да өзінше сөз тудырушы қосымшалардың, синтаксистік тәсілдерінің түрлері, олардың қызметі мен мағынасы анықталды. Бұл сөз тудыру морфологияда қараудан туған ең басты нәтиже. Жалпы алғанда сөз тудырудың қалыптасуы морфологиямен тығыз байланысты, оның морфологияда салынды. Бірақ сөз тудырудың грамматикада, морфология бөлімінде қарастыру арқылы оған қатысты бағалы проблемаларды жан жақты шешу мүмкін еместігі және мұны шешу бірқатар қолайсыздық жасап келгені белгілі. Мәселен, аса көрнекті совет тюркологі Э.В. Севортян сөз тудыруды морфологиядағы сөз тудырушы мүшелер аясында қарап, сонымен шектеп қою дәстүрі тәжірибеде күнге дейін кездесетінін, түркі тілдерінде құрамды етістіктерден аналитикалық формаларға көңіл бөлінбей жүргенін, аналитикалық формалар жайында шолу жасалса, оны әркім өзінше шешіп, бір морфологияға, біресе синтаксиске қосып келгенін көрсеткен болар. Тіл фактілері сөз тудыруды тек морфологияда да синтетикалық құрамынан қараудың жеткіліксіздігін, онымен қатар аналитикалық тәсілдің де айрықша қызмет еткенін көрсетеді. Табиғаты синтаксистік қатынастарға барып тірелетін бірігу, қосарлау, тіркесу тәсілдері арқылы туған сөздерге тек олардың морфологиялық құрамы, сыртқы құрамына жағынан қарау жеткіліксіз. Форма жасау сөз тудыру қызметінің бір бөлігі жағы. Одан синтетикалық тәсілдерінің сөз тудырудағы барлық мүмкіндіктері

мен қабілеті, олардың өзара қарым қатынастарынан туатын заңдылықтары, сөздікті байытып отырудағы қызметі, соның нәтижесінде бүкіл тіл жүйесінде алатын орны толық көріне бермейді.

Сөз тудырудың грамматикаға қатыстылығын жоққа шығаруға болмайды. Көптеген тіл мамандарының сөз тудыруды грамматикада қарауы тегін емес. Оның басты себебі сөз тудырушы формалардың грамматикалық сөз түрлендіруші формаларға ұқсастығында, жақындығында жатыр. Мұның өзі грамматикалық категориялардың әрқашан жалпылық сипатта болуымен байланысты.

Ал, жалпылық сипат Э.В.Севортян айтқандай өзара тығыз байланысты екі белгіге негізделеді: а) категориялардың немесе формалардың жан жақтылығы, ә) категориялар мен формалардың ұдайы жаңарып қайталанып отыруы. Сонымен бірге, аффикстік тәсіл мен жаңа туған сөз тек лексиканы толықтырып қоймай, белгілі бір сөз табы үшін жаңа единица болып табылады. Э.В.Севортян. Бұл айтылғандары ғалым сөз тудырудың грамматикаға тікелей қатысын көрсететін факторлар ретінде қарастырады. Бірақ бұған қарап ол сөз тудыруды түгелдей грамматикаға жатқызуға деп ойлауға болмайды. Сөйтіп, сөз тудыруды грамматикаға жатқызудағы дәлелдер мынаған саяды: а) сөз тудырушы формалардың грамматикалық категориялар сияқты жалпылық, жан жақтылық сипатқа ие болатындығы, ә) сөз тудырушы формалардың сөз тудыру процесінде үнемі қайталанатындығы, б) сөз тудыру процесі арқылы сөз топтарының

**UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS**

Бірақ осы дәлелдерден көрінгендей, жақындыққа қарамастан, сөз тудырушы формалар грамматикалық сөз түрлендіруші формалармен, категориялармен бірдей еместігін, оның өзіндік ерекшеліктері бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Жалпылық, жан жақтылық белгілі мөлшерде сөз тудырушы формаларға тән екені рас. Мәселен, сөз тудырушы аффикстердің көмегімен лексикалық семантикалық белгілері бірдей сөз топтары жасалады. Бірақ ондағы жалпылық, жан жақтылық сөз түрлендіруші формалардағыдай емес. Сөз түрлендіруші форма қызметі белгілі бір сөз табындағы барлық сөздерді қамтиды, ол өзі қосылған сөздің мағынасына бағынышты емес. Мысалы, тәуелдік жалғау бүкіл зат есімге тән категория, оның жалпылық қасиетінің кендігі сондай ол зат есім қызметін атқаратын.

Сонымен бірге тәуелдік жалғау тіл дамуының белгілі бір кезеңі үшін ғана қызмет етіп қоймай, ол зат есімдердің меншіктілік, тәуелділік мағынасын тудыруда үнемі қолданатын, қайталанатын категория. Көне замандарда да қазіргі кезде де өзінің жалпылық қасиетінен, қайталану сипатынан айрылған емес. Бұл жайт тіліміздегі жалғаулардың бәріне де тән, сонымен бірге, сөз түрлендіруші формалардың да бірқатарынан байқалады.

Рас, кейде сөз түрлендіруші формалардың қамтуынан тыс жатқан негіздер болуы мүмкін, бірақ олар өте аз, оларды ерекшелік ретінде

толық есепке алуға болады. Мәселен, тәуелдік жалғауға байлап жоғарыда айтылғандай жалпылық қасиеттен басқа тәуелдеуді сөз қызметінде білдіретін қосымша мағыналарында жалпылық сипат заңдылықтар бар. Мысалы: әдеби тілде жалғау бірен саран сөзде қай болмаса, сөзге қайталап жалғанбайды. Бұл жалпы заңдылық. Ал ау сөйлеу тілінде, говорларда тәуелдік жалғаудың сөзге қайталап жалп кездесе береді: ақырысы, мүлкісі, бірісі, үшісі, кірісі, т.с. Бірақ м құбылысты есепке алуға болады. Немесе тәуелденген сөз сөй бастауыш болған жағдайда, баяндауышпен жақ жағынан қиыспай белгілі. Өйткені, тәуелді сөз қай жақта тұрса да, баяндауыштың жалғауы әрқашан үшінші жақта тұрады. Мысалы, әкем келді, әкең әкесі келді т.б. Бұл формалық көрсеткіш тәуелді зат есімнен б бастауыштың бәріне тән жалпы заңдылық. Бірақ осы заңдылыққа за қызметін атқаратын басқа сөз таптары бағына бермейді: өзім келді, келдің, өзі келді, бәріміз келдік, бәріңіз келдіңіз, бәрі келді, ең келдік, үшеуін келдіңдер.

Сөз тудырушы формаға келсек, ол белгілі бір сөз табындағы кез негізден лексикалық семантикалық белгілері бірдей жаңа сөздер т бермейді, ол негіз сөздерге таңдап, талғап қосылады, өйткені қ жағынан сөз тудырушы негіздерге бағынышты. Айталық, ең жұрнақтардың бірі шы, ші жүздеген сөздерге қосылып, кәсіп иелер мамандықтардың дағдыға айналған іс әрекеттердің атауларын, бә бірде бір формалық белгімен қосып, кәсіп иелердің кәсіпін білдіріп, лексикалық семантикалық белгілері бірыңғай сөздердің тобын тудырған. Сөйтіп ол белгілі мөлшерде жалпылық сипат болған. Бірақ -шы, -ші кез келген сөзден зат есім тудыра бермейді. қызметі жоғарыдағыдай мағынадағы зат есімдер тудырумен шектеледі. Демек, оның жалпылық сипатында шек бар, ол сөз туды негіз сөздерге бағынышты. Э.В. Севортяннің пікірінше сөз туды грамматикалық формалары мен сөз түрлендіруші формалар айырмашылығы, ең алдымен, олардың мағыналарынан көріне түрлендіруші формалар сөз бен сөздің арасындағы түрліше қ қатынастардың жинақталған типтерін білдіреді де сөздердің мағынасына қатыссыз ақ оларды өзара байланыстырады. т тудырушы формалар сөз бен сөздің арасындағы қаты білдірмейді, сөздің өзін жасайды.

Сөз тудыру арқылы сөз таптарының дамып толығыны т мәселеге келсек, шынындасөз тудырушы жұрнақтар мен олар ар жасалған сөздер белгілі бір сөз таптарына қатысты болып келеді. е табына байланысты жұрнақтар жүйесі қалыптасқан. Сондықтан қ қандай тәсілден, қандай жұрнақтан жасалатыны грамматиканың обь Бірақ грамматикалық тәсілдердің көмегімен туған сөздер грамматика карамағында қала алмайтыны ескеру керек. Енді олар сөздік құ кіріп, лексиканың қарауына көшеді. Демек, әрбір жаңа туған сөздің

UNREGISTERED COPY OF SCANDAPYRUS

табына жатуы оның қызметінің бір ғана жағы. Сөйтіп, бұдан сөз тудыру лексика үшін қызмет ететінін көреміз.

Бұл арада сөз тудырудың грамматикалық тәсілдері сөз таптарын толықтыратын бірден бір жол емес екендігін, сөз таптарының толығына грамматикалық тәсілдермен бірге, сөз тудырудың грамматикалық емес тәсілдері де қызмет ететінін есте ұстаған жөн.

Кейбір зерттеушілер сөз тудыруды лексикологияның объектісі ретінде қарайды.

Сөз тудырушы формалар мен тәсілдер арқылы тілде бұрыннан белгілі сөздерден шындық өмірдегі құбылыстар мен ұғымдарды білдіретін жаңа лексикалық дербес тұлғалар туындайтыны, осылайша лексиканың қоры толығыны белгілі. Бұдан сөз тудырудың лексикологияға қызмет ететінін көреміз. Бірақ, мұның өзі сөз тудырудың бір ғана жағы болып табылады. Одан сөз тудырудың өзіне тән формалары мен тәсілдері, заңдылықтары арқылы қалыптасқан бүкіл болмысы көрінбейді. Демек, сөз тудырудың маңызы тілдің сөз байлығын толықтырумен шектелмейді. Сондықтан Э.В.Севортян сөз тудыруды лексикологияға да қатысы барлығын айтады. Мәселен, қазақ тіліндегі сөз тудыруға тоқталып, А.Ысқақов: «Сөз тудыру жайындағы қағидалардың бір ұшығы лексикологиямен, бір ұшығы грамматикамен ұштас болады», - дейді.

Сөз тудыруды грамматикаға немесе лексикологияға, болмаса екеуіне де бірдей жатқызу туралы жоғарыда келтірілген дәлелдердің қайсысы да тілде бас тасталудың сияқты жағын қарастыруға қатысты. Ақпараттың біріншісі керек. Сөз тудырудың грамматикаға да лексикологияға да қатысты екені даусыз, өйткені ол сөз жасау тәсілдері жағынан грамматикамен, сөздік құрамды толықтыруы жағынан лексикологиямен ұштасып жатыр. Бірақ сөз тудыруды тек грамматикада болмаса лексикологияда қарастыруда оның өзіне тән ерекшелігінен туатын аспектілері назардан тыс қалады. Ол туралы «Жалпы тіл білімінде» былай делінген: «Сөз тудыру тіл құрылысының грамматика, лексика және морфология сияқты әр түрлі бөлімдерімен барлық жағынан да өте тығыз байланысты болғандықтан, оны аталған ғылыми салалардың біреуіне қосу сөз тудырушы құбылыстарды жан жақты қарастыру мүмкіншілігін тарылтатыны сөзсіз. Мәселен, сөз тудыруды грамматикаға жатқытуда зерттеу ісінің лексикалық семантикалық аспектісіне, ал, оны лексикаға қосуда оның формальді немесе структуралық аспектісіне зиян келетіні байқалады. Сірә, бұл пікірлерді еске алмауға болмайды, өйткені, шынында да, сөз тудырудың ерекшелігі оның байланыстарының көп пландығында және әр жақтылығында, сол себепті сөз тудыру процестерін қарастырудағы бір жақтылығында, сол себепті сөз тудыру процестерін қарастырудағы бір жақтылықтың қай қайсысы болса да, істің нақты жайын білдіре алмайды да, сөз тудырудың өзіне тән проблематикасына елеулі түрде шек қойып отырады».

Сөз тудыру грамматика мен лексикологиядан басқа кейде фонетика семантикаға да қарастыру дұрыс болмас еді.

Академик В.В.Виноградов сөз тудырудың ерекшелігін ескеріп, тіл білімінің басқа салалары арасында оның маңызды орын алуға тиіс екенін атап көрсеткен. Кітапта Э.В.Севортяннің «Грамматикалық типтегі сөз тудырудың сөздікке бағынышты болып, оған қызмет етуі, дегені грамматикалық амал тәсілдер арқылы іске асады. Сөз тудырудың маңызды өзгешелігі оның тілдің құрамды бөлімдері грамматикалық құрылымның негізгі сөздік қордың арасында алатын орны ерекше екенін көрсеткен деген пікірі де сөз тудырудың ерекшеленіп тұрған бөліктік қарнақтарға бағынатынын аңғартады.

Жеке тіл білімдерінде сөз тудыруды өз алдына бөлек сала ретінде қарастыру нәтижесінде туған еңбектер аз емес. Мұндай еңбектер тюркология саласында да бар. Мысалы, Э.В.Севортян азербайжан тіліндегі М.Хабичев қазақ балқар тіліндегі, Ф.А.Ганиев татар тіліндегі сөз тудыруды жеке сала ретінде зерттеген. Жеке сөз таптарында жұрнақ арқылы сөз тудыруды зерттеу арналған зерттеулер қазақ тіл білімінде де бар.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандардан сөз тудырудың грамматикамен лексикологиямен де шектесе, жанаса, түйісіп, тұтас алғанда, олардың бірігіп екеуінен де өзгешелігі бар сала екенін көреміз. Қазақ тіліндегі сөз тудырудың өз алдына зерттеу объектісі, тәсілдері мен жолдары, түрлері бар екенін ескерсек, сөз тудыруды қазақ тілі білімінің жеке бір саласы ретінде қарастырып зерттеу қажет екенін айтуға тура келеді. Оның объектісі сөзге қосымша қосу арқылы, сөзді біріктіру, қосарлау, тіркестіру тәсілдері арқылы сөз тудыруылын зерттеу. Сонымен бірге, сөз тудырудың қазақ тіл білімінде басқа салалармен алатын орнын, олармен қарым қатынасын анықтау, басқа салалармен қарым қатынастан туатын проблемаларын айқындау, сөз тудырудың жалпы халықтық болмаса әдеби тілдік негізде ғана емес, бүкіл ұлттық көлемінде қарастыру аса маңызды мәселелер болып табылады.

Ғ.Қалиевтің «Қазақстан мектебі» журналында жарияланған (1984, №6, 57-60-бб) мақаласы

#### 4-дәріс тезісі. Сөзжасамдық тәсілдер

##### Дәріс жоспары:

- 1.Сөзжасамдық тәсілдер туралы түсінік
- 2.Сөзжасамдық жұрнақ тәсілі
- 3.Сөзжасамдық күрделендіру тәсілі
- 4.Сөзжасамдық мағына тәсілі

тақырып бойынша негізгі ұғымдардың лингвистикалық сөздігі:

**Аналитикалық тәсіл** деп екі я онан да көп сөзден бір лексикалық мағыналы сөздің жасалуы аталады (**Н.Оралбай**)

**Синтетикалық тәсіл** (арғы тегі қосу, жапсыру, біріктіру деген мәндегі синтез сөзінен жасалған), ал тілдік термин мәнінде дербес мәнді тілдік единицаға дердес мәні жоқ яғни қосымша мәнді ғана тілдік единицаны қосу, жалғау деген ұғымда пайдаланады, яғни сөзге, түбірге қосымша қосу деген мәнде қолданылады (**С.Исаев**)

**Конверсия** (сөзжасамдық) орыс. *конверсия (в словообразовании)* - транспозицияның бір түрі. Сөз тудырушы аффикстің көмегісіз түбір я негіз сөздің басқа парадигмаға айналуы. К.бойынша бір сөз табындағы сөз грамматикалық өзгеріске ұшырамай, басқа сөз табына аутқалады. Мыс: *табыс* етістік – *табыс* зат есім, *көк* зат есім- *көк* сын есім.

К.аффикссіз сөзжасам тәсілі ретінде аффиксацияға қарсы қойылады.

К.-ға жақын құбылыстарды кейбір ғалымдар нөлдік морфеманың қатысуымен жасалған сөзжасам нәтижесі деп қарастырса (Дж.Марчанд, В.В.Лопатин), кейбіреулер оны жоққа шығарады (М.Докулил, Е.С.Кубрякова). (**Ғ.Қалиев**)

##### дәріс мәтіні:

**1.Сөзжасамдық тәсілдер туралы түсінік.** Қазақ тілінде әбден орнығып қалыптасқан сөзжасамның негізгі үш тәсілі бар. Олар:

I. Сөзжасамдық жұрнақ тәсілі.

II. Күрделендіру тәсілі.

III. Сөзжасамдық мағына тәсілі.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің студенттеріне оқулық ретінде ұсынған «Қазақ тілінің сөзжасамы» атты оқулық 2014 жылы Н.Оралбай, К.Құрманәлиев, Ж.Балтабаевалар авторлығымен жарық көрді. Осы еңбектің «Сөзжасамдық тәсіл мәселелері» деп аталатын үшінші модуль

сөзжасамдық тәсілдер туралы жаңаша терминдер мен соны пікір ерекшеленеді. Жалпы әр саланың өзіне тән терминдері болатындықтан терминдер екінші бір салада қолданылмауы керек (егер ол тек көпмағыналы (омоним) болмаса). Сол сияқты тіл білімінде де «м» термині морфология саласына тән болғандықтан ол синтаксисте сөзжасамда қолданылмайды. Осы орайда сөзжасам терминде сақтықпен қарап, дұрыс қолдану қажет. Оқулықта осы жағдай шешімді, орнықты пікірлермен дәлелденген. Мәселен, сөзжасамдық **морфологиялық, синтаксистік, лексика-семантикалық** деген сөз қатысты емес атаулармен аталуы қате деп түсіндірілген. Авторлар біліміндегі сөзжасамдық тәсілдерді туынды сөз жасаушы бірліктер дәстүрі барын (суффиксация, профиксация, постфиксация, сә чередования, усечение т.б.) тілге тиек ете отырып, мынадай жағдай атап өтеді:

1. Сөзжасамдық тәсілдерді мүлдем сөзжасамдық мағына терминдермен атау қате деп танылды. Өйткені оларда (морфологиялық, синтаксистік, лексика-семантикалық) сөзжасамдық ұғым, мағына сондықтан олар түсініксіздік, түрлілік туғызды. Бұл орыс тіл ғалымдарын морфологиялық, синтаксистік, семантикалық терминдерді бас тартуға әкелді.

2. Сөзжасамда қолданылған бұрынғы терминдер морфологиялық (синтетикалық), аналитикалық (синтаксистік), лексика-семантикалық терминдердің қосындысы түрде аталуына қолайлы болса, бұл терминдерге қойылатын қысқалық, дәлдік талаптарына да сәйкеспейді.

3. Осы қолайсыздықтар ескеріліп ... әр тәсіл оны жасаушы бірліктер атымен атау дұрыс деп саналды... Осы жоғарыдағы дәлелдемелерді келтіре отырып авторлар қазақ тіліндегі түрлі сөзжасамдық тәсіл бар деп, оларды былайша атауды ұсынды: 1) сөзжасамдық жұрнақ тәсілі; 2) сөзжасамдық күрделендіру тәсілі. [1,73-74бб.].

**2.Сөзжасамдық жұрнақ тәсілі.** Тілімізде сөзжасамдық жұрнақ сөз жасауда ерекше маңызға ие. Себебі, түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі қосымшалы тілдер саналатындықтан, сөзжасамның жұрнақ тәсілі туынды сөз жасауда негізгі қызмет атқарады. Сөзжасамдық жұрнақ арқылы сөзжасауда екі түрлі тілдік бірлік қатынасады. Олар:

- 1) лексикалық мағыналы сөз,
- 2) сөзжасамдық жұрнақ.

Лексикалық мағыналы сөз туынды сөздің мағынасына қатынасады, ал жұрнақ туынды сөз жасауға тек лексикалық мағыналы сөз қатынасады.

Сөзжасамдық жұрнақтар уәждемелердің мағынасын өзгерту арқылы уәждемеге негізделген туынды сөз жасайды.

Тілде негізгі сөз таптарының бәрінің де сөзжасамдық жұрнақ бар. Әр сөз табы өзінің сөзжасамдық жұрнақтары негізінде құрылады.

толықтырып, байытып отырады. Әр сөз табының өзіне ғана тән жұрнақтар болатындықтан, ол тек сол сөз табына байлаулы болады, түрлі сөз табына бір жұрнақ қызмет ете алмайды. Сол сияқты әр сөзжасамдық жұрнақтың сөзжасамдық мағынасы болады. Мысалы, мамандық мәнді жұрнақтар (ән+ші, күй+ші, заң+гер, бап+кер), орын-жай мәнді жұрнақтар (Қазақ+стан, Өзбек+стан, Жар+кент, Шым+кент, дәріс+хана, шебер+хана) т.б.

Сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған туынды түбірлердің мағынасында айырмашылық болатындықтан, сөзжасамдық жұрнақтар іштей бөлінеді, өйткені туынды түбір мағынасындағы айырмашылық тікелей сөзжасамдық жұрнақтың мағынасына байланысты. Осы айтылғандармен байланысты сөзжасамдық жұрнақтар екіге бөлінеді:

- 1) лексикалық мағына жасайтын жұрнақтар,
- 2) лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақтар.

*Күре* етістігінен жасалған күрек туынды түбірінің мағынасы уәждеменің мағынасынан мүлдем басқа. Олай болса, күре сөзінен күрек сөзін жасауға қатысқан –к жұрнағы сөздің лексикалық мағынасын өзгертетін жұрнақ болады. Ал *ана* уәждемесінен жасалған апатай туынды түбірінде уәждеме мағынасы мүлде басқа деуге келмейді, тек уәждемеге қосымша үстеме мағына ғана қосылған. Сондықтан да *апатай* сөзіндегі –тай жұрнағы сөздің лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақ болып табылады.

Есім сөз жасамдық жұрнақ тәсілі арқылы жасалған туынды түбір сөздер өте бай. Бұл сөзжасамдық тәсілдердің ішінде сөзжасамдық жұрнақ тәсілінің маңызды қызмет атаратынын көрсетеді.

**3. Сөзжасамдық күрделендіру тәсілі.** Сөзжасамдық күрделендіру тәсілі деп екі не одан да көп сөздер тіркесі арқылы таңбаланып бір лексикалық мағыналы сөздің жасалуын атаймыз. Мысалы, елтаңба, әуежай, асқазан, Ақтөбе, Алатау, Ербатыр, Нұрсұлтан, қарлығаш, он бес, кіріп шық т.б. Бұл мысалдардағы сөздер бірнеше сөзден құралған.

Ғалым Б.Қасым аналитизмге: «Аналитизм - күрделі аталым жасаудың, ұғымды бірнеше сөздердің тіркесі арқылы таңбалаудың, күрделі құрылымдық жүйенің *дара бірлік* ретінде қалыптастырудың жолы, яғни әртүрлі мағынаны білдіретін тіркестердің бір номинативті мағына беретін бірлік ретінде жаңа номинативтік қызметке көшуі, сөйтіп, біртұтас лексикалық мағынаға ие болуы, яғни лексема ретінде қалыптасуы» - [1, 17] деген анықтама береді.

Танымда бұрыннан бар, қалыптасқан атаудың қатысы арқылы ұқсас, ұғымдық сипаты жақын заттар мен құбылыстарға атау беру ыңғайлы сондықтан болар аналитикалық тәсіл тіл дамуында ерекше мұрагерлікке ие. Ғалым Н.Оралбай аналитикалық тәсіл туралы: «Ол барлық сөз табының сөзжасамынан кең орын алады. ...Аналитикалық тәсіл қазақ тілінде барлық сөз табының сөзжасамынан орын алғанымен, оның есім сөзжасамында негізгі тәсіл екенін атау қажет» - деп жазған [2].

Ал ғалым Ш.Құрманбайұлы аналитикалық тәсіл арқылы жаңа терминдердің көп екенін айтады: «Ұлттық терминдер аналитикалық жолмен жасалған терминдер өте мол. ... терминологиялық лексикамыздағы сөздердің тіркесуі арқылы жаңа терминдердің үлес-салмағы әзірге статистикалық тұрғыдан көрсетілген емес. Дегенмен кейбір арнаулы салалардың термин жүйесін зерттеген еңбектердің нәтижесіне қарағанда терминологиясында да көп сыңарлы терминдердің 60 пайыздан (өте дегенде) аз болмайтыны байқалады» [3, 132-134бб.].

Қазақ тілінде аналитикалық тәсіл іштей бірнеше түрге бөлінеді. Олар: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту.

Кейбір ғалымдар аналитикалық тәсілдің екі түрін ғана көрсетеді. Олар: 1) сөздердің бірігуі, 2) сөздердің тіркесуі.

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған жаңа аталымдарды тексеру үшін лингвистикалық және экстралингвистикалық фактор әсер етеді.

#### 1. Лингвистикалық фактор:

а) күрделі аталымдағы сөздердің ішкі семантикалық құрылым сәйкес келуі;

ә) синтагмалық қатынасқа түсуі;

б) ортақ семаға бірігіп, жаңа ұғымды таңбалауы.

#### 2. Экстралингвистикалық фактор:

а) жаңа аталымның тілде тұрақтануының уақытпен байланысты болуы және оның тілдік және сөздік қабілетінде қолдануға мүмкіндік беруі.

Аналитикалық тәсілдің ең басты ерекшелігі – толық мағыналы сөздердің семалық бірігуі арқылы жаңа аталым жасай алу қабілеті. Толық лексикалық мағыналы сөздер арқылы сөзжасамдық мағына жасаудың екі жақты сипаты бар:

**Біріншіден**, жаңа сөзжасамдық мағына жасайтын атаудың уәждемелі негізделуі айқын болады, яғни тұлғаның мағынасынан адам бұрыннан таныс ақпаратты тану арқылы затты не құбылысты көз елестете алады.

**Екіншіден**, құрамындағы сөздердің бастапқы (әуелгі) мағынасы айқын болуы я таныс болуы, олар жасаған жаңа сөзжасамдық мағына бар бірлік бірден танылып, бірден бағалануына қиындық келтіреді.

Сөздердің мағынасының өзгеруі сөздердің бір сөз табынан бір сөз табына өту құбылысы тілде бар, белгілі мәселе. Осы құбылыс есім сөздерде де кездеседі. Сан есімдерден лексика-семантикалық арқылы жаңа мағынаға ауысқан тілімізде біршама сөздер бар. Мысалы: *бір, біреу (есімдіктер), бір, екі, үш, төрт, бес (база, кредиттік операция), балл атаулары), жеті (апта, жұма), бірде, бірден (үстеу), (қымыз) тоқсан (мектептегі оқу мерзімі), мың (көп ұғымын)*. Г.Шаһарман 2002 жылы шыққан «Қазақ тіліндегі сан есімдерінің жасалған аталымдар» атты еңбегінде сан есімдердің басқа мағыналарын

ауысуының себептері, тәсілдері туралы айтылып, сан есімдердің мағыналық дамуы мен сөзжасамдық өрісінің кеңдігі дәлелденген.

Қазақ тілінде қысқарту тәсілі Қазан төңкерісінен бұрында да болғанын ғалымдар алға тартады. Қысқарту тәсілінің тіліміздегі кісі есімдерінде қолданылып жүргенін және оған сый-құрмет, үлкейту, кішірейту, еркелету мәнін қосатынын, тілде жиі кездесетінін айтады. *Жәке, Секе, Сәбе, Қаныш* т.б.

#### 4. Сөзжасамдық мағына тәсілі.

Сөзжасамдық мағына тәсілі деп қолданыстағы сөздердің ешбір сөзжасамдық бірліктің көмегенсіз-ақ өзге мағынаға ие болып бірнеше сөздің қызметін атқаруы аталады. Мысалы, *бағам, содыр, даңғыл, нарық, өңір, түлек, ұжым, үрдіс* т.б. Бұл сөздердің бастапқы мағынасы негізге алына отырып, оған қосымша мағына жүктеу арқылы жаңа бір мағынаға пайда болған. Бұл атаулардың ішінде белгілі бір аумақта ғана қолданылып келген жергілікті сөздер де бар. Мәселен, «ұжым» сөзі Семей облысының Абай ауданында «ұйым» мағынасында қолданылып келсе, «үрдіс» сөзі Қарақалпақстан, Түркменстан, Қызылорда облысының жекелеген аудандарында дәстүр, әдет мағынасында қолданылған. Сөзжасамдық мағына тәсілін орыс тіл білімінде транспозиция, безаффиксный состав, конверсия, нөлдік суффикс арқылы туынды сөздің жасалуы деп түрліше атау кездеседі.

Қазақ тіл ғылымында да сөзжасамдық мағына тәсілін арқылы аталады. Мысалы, Шығажоқ Морфологиялық-синтаксистік, синтаксистік-морфологиялық тәсіл, С.Исаев лексикалық, конверсиялық тәсіл, Қ.Есенов лексика-семантикалық тәсіл, Н.Оралбай, К.Құрманәлиев, Ж.Балтабаевалар сөзжасамдық мағына тәсілі, А.Омарова нөлдік жұрнақ тәсілі деп атаған.

Сөзжасамдық мағына тәсілінде сөз мағынасының өзгеруіне байланысты ол үнемі бір сөз табынан екінші бір сөз табына ауыса бермейді. Сол себепті де сөзжасамдық мағына тәсілінің өзіндік іштей өзгешелігі бар, ол:

1. Сөздің жаңа мағынаға ауысуына орай басқа бір сөз табына көшуі;
2. Сөз жаңа мағынаға ауысқанымен де, сөз табын өзгертпей, сол сөз табының құрамында қалуы.

#### Әдебиет:

1. Қасым Б. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. – Алматы, 2001.
2. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы, 2002
3. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.
4. Шаһарман Г. Қазақ тіліндегі сан есімдерден жасалған аталымдар. – Алматы, 2002.

**Дәріс бойынша тапсырмалар:**

1. Дәріс мәтінін оқыңыз.
2. «Мен осы тақырыпта баяндама жазсам не қосар едім?» тақырыпта ойтолғау жазыңыз.

**Тақырып бойынша семинар сұрақтары:**

1. Жаңа сөздердің жасалу жолдары көне құбылыс па, әлде құбылысқа жата ма?
2. Туынды сөздердің жасалуының тілде қалыптасқан жолдары бар ма?
3. Сөзжасамның жұрнақ тәсілі деген не? Сөзжасамның жұрнақ арқылы сөз жасауға қандай сөзжасамдық бірліктер қатысады?
4. Сөзжасамдық күрделендіру тәсілі деген не? Сөзжасамдық күрделендіру тәсіл арқылы жаңа сөз қандай сөзжасамдық бірліктер арқылы жасалады?
5. Сөзжасамдық мағына тәсіл деген не? Оның басқа тәсілдерден айырмасы бар?

**UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS**

**Қазақ тіл білімінің тарландары**  
**Ісмет Кеңесбаев**  
**(1907-1995)**

**Ісмет Кеңесбаев 1907 жылы 15 ақпан күні Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданындағы Сызған аулында дүниеге келді.**

Алдымен ауыл молдасынан хат танып, 1921 жылы Ташкент қаласындағы Қазақ ағарту институтына оқуға түседі.

1928 жылы қазіргі Санкт-Петербург қаласындағы Шығыстану институтының түркология бөлімшесін бітірген.

Филолог-түркітанушы, Қаз ССР ҒА академигі (1946), филология ғылымдарының докторы (1946), профессор (1946), ҚазССР-ның құрметті ғылым қайраткері (1945), Қарақалпақ АССР-ның құрметті ғылым қайраткері (1977), 1931-1946 жылдар аралығында Қазақ педагогикалық университетінде ұстаз, 1933-1936 жылдары Қазақ мемлекеттік медицина институтында жаңадан ашылған тілдер кафедрасының меңгерушісі, Орталық атқару комитеті жанындағы Ұлт мәдениетін зерттеу институтында ғылыми қызметкер, 1946 жылы ҚазССР ҒА вице президенті, 1947-1978 жылдар аралығында тіл және әдебиет институтының, ҚазССР ҒА Тіл білімі институтының директор қызметтерін атқарған.

**Ғылыми бағыттары:** қазақ тіл білімінің фразеологиясы, лексикографиясы, лексикологиясы, фонетикасы, қазақ әдеби тілінің кеңес түрлерінің қалыптасуы мен дамуы жөніндегі қазақ тілінің терминология, түркология. Кейбір еңбектері КСРО халықтары тілдерінің өзара қарым-қатынасы мен аударма мәселесіне де арналды. 250 ғылыми жұмыстың авторы.

«Қазақ тілі грамматикасы» атты оқулығы үшін оған филология ғылымдарының кандидаты атағы берілді. Қорғау сол кездегі Ленинград қаласында орналасқан Тіл және ойлау институтынды өтеді.

Фразеология саласын зерттеу барысында елеулі жетістіктерге қол жеткізді. 1944 жылы «Қазақ тіліндегі тиянақты сөз тіркестері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Оның «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегі тек қазақ тіл білімінде ғана емес, түркі тіл білімінде алғашқы жаңалық болып есептеледі. 1978 жылы бұл еңбек ҚазССР Мемлекеттік сыйлығына ұсынылды.

Ғалым он шқты ғылым докторы мен жиырмадан астам ғылым кандидаттарының диссертациялық еңбек жазуына жетекшілік, кеңесшілік жасаған.

Ісмет Кеңесбайұлы Кеңесбаев Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен, Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған.

**ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ**  
**Монография мен зерттеулер**

1. Қазақ тілінің грамматикасы (жоғары мектеп оқулығы). – Алматы, 1939, 1969.
2. Қазақ тіліндегі тиянақты сөз тіркестері. Докторлық диссертация. 1987.
3. Қазіргі қазақ тілі. Фонетика. – Алматы, 1954.
4. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Алматы, 1987.

**Оқулық**

Қазақ тілі (бастауыш мектептің оқулығы). Грамматика мен емдік класс үшін. 1-бөлім. – Алматы: Қазбас., 1934; Қызылорда: Қазбас., 1936; Алматы: Қазбас., 1936. -64б

**5-дәріс тезисі. Туынды сөздер**

**Дәріс жоспары:**

1. Туынды сөздер туралы түсінік
2. Туынды түбір
3. Туынды сөздер, олардың түрлері

**тақырып бойынша негізгі ұғымдардың лингвистикалық сөздігі**

**экстралингвистикалық фактор** - табиғаттағы заттар құбылыстардың әртүрлі белгілері мен қасиеттерінің танылуы адам баласының өзінің қолмен жасаған заттары мен олардың белгілері мен қасиеттері сипатының танылуы (**А.Салқынбай**)

**UNREGISTERED COPY OF SCANPARPUS**

табиғаттағы заттар мен құбылыстардың әртүрлі белгілері мен қасиеттерінің танылуы адам баласының өзінің қолмен жасаған заттары мен олардың белгілері мен қасиеттері сипатының танылуы (**А.Салқынбай**)  
пен құбылыстың ұқсастық белгілері, жақындығы, мәндік тек айқындалып, тілдік таңбамен таңбаланады; іріктелген атау туынды мағынасын, уәжін белгілейді; сөзжасамдық тіркесімділік к орнайды; бұл қатынас деривациялық қатынас болады (**А.Салқынбай**)  
**туынды сөз** орыс. *производное слово* – сөз тудырушы негізден арқылы синтетикалық тәсілмен жасалған сөз. Т.с. термині сөздің туынды түбір терминдеріне қатысты болып келеді. Мыс.: *білім, жүзжіріс, көгілдір, арқала, сезіктен* сияқты туынды сөздер әрі түбірлер, әрі басқа сөздердің жасалуына негіз болатын сөздер (**Ғ.Қалиев**)  
**денотаттық мағына** – әртүрлі реңк тудыратын үстеме мағынада сөздің негізгі мағынасы. Мыс., *азамат* сөзінің кәмелетке жеткен деген негізді мағынасы –денотаттық мағына (**Ғ.Қалиев**)

**дәріс мәтіні:**

**1.Туынды сөздер туралы түсінік. Туынды сөз** - сөзжасам негізгі, ең басты ұғымы. Өйткені туынды сөздер сөзжасам заңдылығы бойынша, сөзжасамдық бірліктер негізінде пайда болып, тіліміздің қорынан орын алады. Тілдің сөздік қорынан орын алып, өмірде болған жаңа заттар мен құбылыстардың, оқиғалардың атау

қолданылып жүрген сөздердің көпшілігі (я барлығына жуығы) туынды атаулар.

**Туынды сөздер деп сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған сөздерді айтамыз.** Мысалы, жазушы, білім, сұрақ, ана тілі, сабақ кестесі, Ақтөбе, Сарыарқа, Асанәлі, он бес, сексен, тоқсан, сана, тазала, әкел т.б.

Туынды сөз бір сөздің тек синтетикалық тәсіл арқылы жасалуын ғана емес, барлық сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалып, сөздік қорымызға кірген сөздер.

Қазақ тілінде туынды сөзге ғалымдар әртүрлі анықтама береді. Мәселен, ғалым Н.Оралбаева 2002 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің сөзжасамы» атты оқулығында: «Туынды сөздер ең кемі екі морфемадан құралып, сөзжасам әрекетінің нәтижесінде жасалған, белгілі лексикалық мағынасы бар сөздер» [1, 50] –десе, ғалым А.Салқынбай: «...туынды сөз дегеніміз – себепші негіздер арқылы уәжденіп, сөзжасамдық тәсілдер негізінде жасалған, екінші мағыналы жаңа атау» - деген анықтама береді [2, 39].

Ғалым З.Бейсембаева: «Туынды сөздің сөзжасамдық құрылымы диахрондық және синхрондық тұрғыдан да бір-бірімен ерекшеленеді. Туынды сөзге диахрондық тұрғыдан талдау жасағанда ол сөздің пайда болу тарихы ескеріледі, құрылымдық элементтері ажыратылады, ал синхрондық тұрғыдан қарастырылғанда құрылымдық компонентерді бөліп алып, қазіргі тілдің дамуы тұрғысынан, тілдік қолданысқа түсуі тұрғысынан мағынасы жағынан қарастырылып, сөздің туынды сөзін сөзжасамдық құрылымын синхрондық және диахрондық тұрғыдан қарастырудағы ерекшеліктерді ашып көрсетеді.

Туынды сөздің ең басты белгісі ол өзін туғызушы негіз сөзбен мағыналасық жағынан байланысты болып келеді. Туынды сөздің бұл байланыстан басқа да белгілері бар. Мәселен, ғалым А.Салқынбай туынды сөздің мағынасының қалыптасуына тән бірнеше ерекшелікті (белгілерді) атап өтеді. Ол ерекшеліктер ғалым пікірінше, мына төмендегідей болып келеді:

- 1) сөздік құрамдағы негіздер мен жұрнақтар сөзжасамдық тұлға ретінде қызметке ие болып, тіркесімділік заңдылығына сәйкес әртүрлі тәсілдер негізінде жаңа атау жасайды;
- 2) жаңадан жасалған атау екіншілік туынды мағынаға ие болады;
- 3) туынды сөздің мағынасы шындық өмірдегі зат не құбылысты атайтындықтан, жеке денотаттық немесе сигнификаттық мағына иеленеді;
- 4) туынды сөздің мағынасы өзін құрайтын бөліктердің мағынасынан құралғанмен, өзіндік ерекше мағына мен мәнге ие болады;
- 5) туынды сөздің мағынасы өзін құрайтын бөліктердің өзек мағынасын сақтайды;

6) туынды сөз мағынасы сөзжасамдық тұлғалардың мағына салыстырғанда, белгілі дәрежеде ауыспалы, фразеолог мағынаға ие болады;

7) туынды сөз сөздікке сөзтізбе ретінде еніп, ана тілінің құрамын байытудың ең негізгі көзі болады.

Туынды сөздер құрамына қарай дара және күрделі болып бөлінеді. Дара туынды сөздерге синтетикалық тәсіл арқылы жаңа туынды сөздер жатса, туынды сөздердің күрделі түріне аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер жатады.

Дара туынды сөздердің негізін туынды түбір құрайтындықтан, ол туралы жеке тоқталу қажет.

**2. Туынды түбір.** Негіз (уәждеме) сөз бен жұрнақтан тұратын сөз туынды түбір деп атаймыз. Мысалы, *киім* < *ки*+*ім*, *ұиқыш* < *ұиқы*+*ш*, *тазала* < *таза*+*ла*, *қуырдық* < *қуыр*+*дақ*, *ойыншық* < *ойын*+*шық* т.б.

Туынды түбірлерге тек қана сөзжасамдық жұрнақ тәсілі арқылы жаңа туынды сөздер жатады. Бұл екі (туынды түбір мен туынды сөз) термин өзара ұқсастығы болғанымен, айырмашылықтары да жоқ емес.

Бірақ *байлаулы*, *ерттеулі*, *белбеулік* т.б. бірнеше қосымшалы туынды сөздер бар. Бұлар тек қана негізгі түбірден емес, біріккен туынды сөздерден, әртүрлі грамматикалық формалардан да беріледі.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Туынды түбірге қарағанда туынды сөздің ажығып алдығы болмайды. Ойткені, туынды түбір туынды сөздердің бір тобының ғана аты. Туынды түбірлерге тек қана сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған сөздер жатады. Мысалы, *көңіл*, *бұршақ*, *сыздауық*, *табалдырық*, *қаймақ*, *мейірім*, *түймелі*, *қарлы*, *тымақты*, *түзе*, *баста*, *тойла* т.б.

Тілдегі сөзжасамдық тәсілдердің кез келгенімен жасалған сөздер бәрі туынды сөздерге жатқанымен, олардың бәрінің туынды түбір алмайтынына байланысты туынды сөз бен туынды түбір деген атаулар жеке-жеке қолданылады.

Туынды түбір сөзге уәждеме болатын сөздерге қойылатын талап – уәждеменің лексикалық мағыналы сөз болуы. Туынды сөздің уәждемесі негізгі түбірден де, туынды түбірден де күрделі бола береді.

Сөзжасамдық жұрнақтар түрлі өзгерістерді басынан өткізіп. Олардың ішінде өздерінің қолданысын тоқтатып, қолданушылардың шыққандары да бар. Сол сияқты туынды түбірлер жаңа сөзжасамдық жұрнақтар арқылы байып, толығып та отырады. Сөзжасамдық жұрнақтар қатысына орай, сөзжасамдық қабілетіне қарай сөзжасамдық жұрнақтар өнімді, өнімсіз болып бөлінеді. Кейбір жұрнақтар өте өнімділік арқылы көптеген туынды түбірлер жасалған. Мысалы, *жүз*, *суреткер*, *дәрігер*, *сәулеткер*, *қаламгер*, *айыпкер*, *қайраткер*, *жасаушы*, *бапкер*, *майдангер*, *саясаткер*, *кәсіпкер*, *тыңгер*, *зергер*, *балгер*, *сауаткер*

*адіскер, кәсіпкер, еңбеккер, жұмыскер, мәмілегер, санаткер, зейнеткер*  
т.б.

Сөзжасамдық жұрнақтардың қазіргі кезде сөзжасамдық қызмет атқаруымен немесе ол қызметті қазір атқармауымен байланысты тірі және өлі жұрнақтар деп бөледі.

Қазақ тіліндегі *Ұлмекен* деген кісі есімінің осындай дыбыстық құрамындағы атауға айналуы сол сөздің жасалуының соңғы сатысы, оның жасалуына *Ұлма екен?* деген сөз тіркесі негіз болған.

**3. Туынды сөздер, олардың түрлері.** Туынды сөздерге түрлі тәсілдер арқылы жасалған сөздер жатады. Туынды сөздерге сөзқосым тәсілі арқылы жасалған біріккен, кіріккен сөздер де жатады. Біріккен, кіріккен сөздер деп екі немесе одан да көп сөздердің мағына және дыбыстық жағынан біртұтас лексикалық бірлікке көшкен сөздер аталады. Мысалы, *беташар, шашбау, елтаңба, әнұран, зейнетақы, қаламақы, сенімхат, елбасы, келісімшарт, асқазан, асқабақ, атқосшы, сәресі, елбасы, оттегі, жаздыгүні, биыл, әпер, қайтіп, сөйтіп* т.б. Жоғарыдағы мысалдардан байқалғанындай біріккен сөздер бір ғана үлгімен жасалмайды. Оларды бірнеше үлгімен жасалуына қарай былайша топтап беруге болады:

1) Изафеттік тіркестің бірінші сыңары қосымшасыз болса, екінші сыңарындағы тәуелдік жалғау сақталады. Мысалы, *отазасы, елубасы, елбасы, атбегі, қолбасшы* т.б.

2) Изафеттік тіркестің екі сыңарының да қосымшасы сақталып біріккен сөздер бұрын сан жалған аз. Мысалы, *жаздыгүні, қолбасшы, күздігүні*.

3) Біріккен сөздердің сыңарларының өте ықшамдалуы арқылы жасалған сөздер. Мысалы, *әкет (алып+кет), бүгін (бұл+күн), ағайын (аға+іні), тоқсан (тоғыз+он), сөйтіп (солдай+етіп)* т.б.

Біріккен сөздердің лексикалық бірліктерінің құрамында зат есім+зат есім, сын есім+зат есім, зат есім+етістік, сан есім+зат есім, есімдік+есімдік, етістік+етістік т.б. сөз таптары қолданыла береді.

Зат есім+зат есім үлгісімен жасалған біріккен сөздер – тілдегі ең үлкен топ. Мысалы, *еңбекақы, киікоты, қаламсап, оттегі* т.б.

Сан есім+зат есім үлгісі арқылы біршама біріккен сөздер жасалған. Мысалы, *біршама, бірқатар, екіқабат, Екібастұз, қырықаяқ, бесжылдық, сегізкөз, Елубай, Алтысбай, Тоқсанбай, Мыңбай* т.б.

Есімдік+есімдік үлгісімен жасалған сөздер. Бұл үлгі өнімсіз болып табылады. Мысалы, *ешкім, әркім, әлдеқашан, ешқашан, ешқандай, әрқайсысы* т.б.

Етістік+етістік үлгісімен жасалған біріккен, кіріккен сөздер аз. Мысалы, *өткел, әпер, әкет, түрегел, әкел* т.б.

Қосарлау тәсілі арқылы жасалған туынды сөздерге: *ем-дом, дәрі-дәрмек, той-думан, қазан-ошақ, ел-жұрт, қазы-қарта, ас-дәм, ақыл-кеңес, әке-шеше, бала-шаға* т.б. сөздер жатады. Қос сөз деп екі сыңардан тұратын (қайталанып я қосарланып) бір ырғақпен тұтас айтылатын сөздерді айтамыз.

Тілді қос сөздердің жасалуының әбден қалыптасқан заңды бар. Олар мына төмендегідей болып келеді:

1. Қос сөздің екі сыңары да бір ғана сөз табынан болады. Мысалы, *ата-ана, жсауын-шашын, ыдыс-аяқ, көрпе-жастық* т.б. Бұл алынған сөздер зат есімдерден жасалған. Ал *үлкен-кіші, жақсы-жаман, қағдегендер сын есімнен жасалған. Үш-төрт, бес-алты, жетпіс-дегендер сан есімдерден болған қос сөздер. Көре-көре, сөйлей-ішіп-жесіп* қос сөздері етістіктен жасалған.

2. Қос сөздердің сыңарлары мағыналық жағынан байланысы синоним, я антоним сөздерден болады. Мысалы, *ата-ана, әке-қазан-ошақ, көрпе-жастық, құрал-сайман, тамыр-таныс, күш-жән-жоба, үлкен-кіші, жоғары-төмен, жақсы-жаман, ақ-қара* т.б.

3. Қос сөздер сыңарларының қайталануынан жасалады. Мысалы, *көре, сөйлей-сөйлей, айта-айта, үлкен-үлкен, қора-қора, биік-биік-бірімен* т.б.

4. Қос сөздердің екі сыңары да мағыналы сөздерден жасалады. Мысалы, *туған-туыс, жаман-жақсы, үлкен-кіші, сексен-тоқсан* т.б.

5. Қос сөздердің екі сыңары да көбіне не бірыңғай жуан сөздерден бірыңғай жіңішке сөздерден жасалады. Мысалы, *тәлім-тәрбие, білген, өнер-білім, ақыл-айла, үлкен-кіші, жаман-жақсы, іркес-тіркес* т.б.

Тіркестіру тәсілі арқылы жасалған күрделі сөздер де тіркестірілген сөздерге жатады. Тіркестірілген сөз деп екі не одан да көп мағыналы сөзден тұратын бір ғана лексикалық бірлік аталады. Мысалы, *ортан жілік, бел омыртқа, ауа райы, киіз үй, кіндік шеше, қара сұр, ақ ала, ауыз әдебиеті, жиырма бес, кірпі көмек ет, жәрдем ет* т.б. Бұл сөздер сөйлемде дайын қолдануға жұмсалып, бір ғана сұраққа жауап беріп, бір ғана сөйлемнің мұқият қызметін атқарады.

Күрделі сан есімдердің өзіндік жасалу жолы бар. Ол екі түрде болады: 1) күрделі сан есімдердің қосылуы арқылы күрделі сан жасалады: он+бір=11, жиырма+бес=25, отыз+төрт=34, қырық+төрт=44, тоқсан+бір=91 т.б.; 2) күрделі сандардың көбейтілуі арқылы күрделі сан жасалады: екі×жүз=200, бес×жүз=500, бес×мың=5000, жеті×мың=7000, тоғыз×мың=9000.

Күрделі сандар құрамындағы сыңарларының қосындысынан шыққан үшінші түсті білдіреді. Мысалы, *қара көк қоңыр, қызыл күрең* т.б.

Туынды сөздерге қысқарту тәсілі арқылы жасалған күрделі сөздер де жатады. Сөзді қысқартып, ықшамдап қолдану тілде ертеден кездескен құбылыс. Бұл жағдай дүние жүзіндегі тілдердің бәрінде де кездеседі. Қазақ тілінде адам атын қысқартып қолдану жиі кездеседі. 1) адамды сыйлау, құрметтеу мақсатында кісі атын қысқарту: *Ахмет-Асқар-Асеке, Төлеген-Төке, Құрманбек-Құреке, Өмірзақ-Өмеке, Бала* атын еркелету мәнінде қысқарту. Мысалы, *Айнагүл-Айнаш, А*

*Алмаш, Жұмағали-Жұмаш*, т.б. Кеңес дәуірі кезінде тілімізде қысқарған атаулар молынан орын алды. Қазірде қысқарған атаулар аз емес. Мысалы, *ҚазҰПУ* –Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, *БҰҰ*-Біріккен ұлттар ұйымы, *ОСҚ*-Орталық сайлау комиссиясы т.б.

Кеңес үкіметі тұсында бірнеше сөзден тұратын мекеме, ұйым атаулары көбейді. Оларды айтуда я жазуда қайталау қажет болғанда көп орын алады, көп уақыт кетеді. Сондықтан оларды қысқарту қажеттігі туды.

Бұнымен бірге тар көлемде қысқартулар қолданылады. Бұл көбінесе ғылыми еңбектерден орын алды. Мысалы, ЕАФ - етістіктің аналитикалық форманттары, ҚТМО - казак тілін модульмен оқыту, ЖЖ- жұптық жұмыс, т.б.

Кісі атын, әкесінің атының басқы әрпін алып фамилиясын толық жазу. Мысалы, М.О.Әуезов, Р.Ғ.Сыздық, А.С.Аманжолов, Ф.Ш.Оразбаева т.б.

Қазақ тіліндегі сөздерді қысқарту орыс тілінің заңдылығын пайдалану арқылы қалыптасқан. Олар мына төмендегідей:

1. Күрделі сөздердің әр сыңарының тек бірінші әрпі алынады. Мысалы, АҚ-акционерлік қоғам, БҰҰ-біріккен ұлттар ұйымы.

2. Күрделі атаудың бірінші сөзінің бас буыны, қалған сөздердің басқы әрпі алынады. Мысалы, ҚазҰУ-Қазақ ұлттық университеті, ҚазМБА-Қазақ мемлекеттік басқару академиясы.

3. Күрделі атаудың басқы буындары алынады. Мысалы, Қармет- Қарағанды металлургиясы.

4. Күрделі атаудың басқы буындары алынады. Мысалы, Педколледж – Педагогикалық колледж, Медуниверситет- Медициналық университет.

Әдебиет:

1. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы.-Алматы, 2002.

Дәріс бойынша тапсырмалар:

1. Дәріс мәтінін оқыңыз.
2. Дәріс мәтіні бойынша инсерт белгілерін (+білемін; -жана ақпарат; ? білгім келеді) қойып шығыңыз.

Тақырып бойынша семинар сұрақтары:

1. Сөздік қорымыздан туынды сөздер қандай орын алады?
2. Туынды сөздердің түрлі болуы немен байланысты?
3. Түбір сөз, туынды сөз, туынды түбір деген терминдердің айырмасы қандай?
4. Туынды түбірлердің негізгі белгілері қандай?
5. Күрделі сөздің анықтамасы қандай?
6. Күрделі сөздің бір лексема екенін дәлелдеңіз?
7. Күрделі сөздердің түрлері қандай?
8. Біріккен, кіріккен сөздер неге күрделі сөздер тобына жатады?

9. Біріккен сөздердің сыңарларында қандай сөз таптары кездеседі?  
10. Тіркесті күрделі сөздер құрамынан олардың сөз тірі жасалғанын көруге бола ма?

11. Тіркесті күрделі сөздердің біріккен, қос сөздерден айырмашылығы бар?

12. Қос сөздер туралы не білесіз?

13. Қысқарған сөздердің зерттелуі туралы не білесіз?

#### **Дамытушылық тапсырмалар**

1) Баспасөз беттеріндегі жаңа қолданыстарға арналған рубрика жинақтай отырып, топ арасында талдаңыздар.

2) А. Ибатов «Қазақ тіліндегі туынды сөздер сөздігі» (Алматы еңбегі бойынша мысалдар жазып талдаңыз.

3) Ш. Құрманбайұлының «Қазақ тіліндегі жаңа қолданыстар еңбегі бойынша реферат дайындаңыз (көлемі 2500-3500 сөз).

**UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS**

**Қазақ тіл білімінің тарландары**  
**Жанұзақов Телқожа**  
**(1927)**

*Телқожа Сейдінулы Жанұзақов 1927 жылы 15 маусымда Алматы облысы Райымбек ауданы Нарынқол ауылында дүниеге келген. Тіл білімі маманы, филология ғылымдарының докторы (1976), түркітанушы профессор (1990)*

1934-1941 жылдары Нарынқол орта мектебінің 7 сыныбын, 1944 жылы Жалаңаш орта мектебін бітірген. 1944-1947 жылдары аудандық мекемеде бухгалтер болды. 1947-1951 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітірген. Сол жылы институт Ғылыми Кеңесінің шешімі бойынша аспирантураға қалдырылған.

1952-1961 жылдары Қазақстан ҒА-ның Тіл және әдебиет институтында кіші ғылыми қызметкер, Тіл білімі білімі институтында кіші, аға, жетекші ғылыми қызметкер (1961-1981), бөлім меңгерушісі (1981-2003), А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында бас ғылыми қызметкер (1995 жылдан бүгінге дейін) болып істеп келеді.

1961 жылы «Қазақ тіліндегі кісі есімдері» деген тақырыпта кандидаттық, «Қазақ тілі ономастикасының негізгі проблемалары» деген тақырыпта 1976 жылы докторлық диссертация қорғады.

Ғылыми бағыттары: қазақ тіл білімінің лексикография, ономастика терминология, сондай-ақ фольклор, көркем аударма.

**ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ.**

**Монография мен зерттеулер**

1. Қазақ халық жұмбақтары (С.Аманжоловпен бірге). – Алматы, 1959.-242б.
2. Қазақ тілі ономастикасы. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы. 2 шығуы. – Алматы, 1960.-36б.
3. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. Оқу құралы. –Алматы, 1965.-142б.
4. Қазақ есімдерінің тарихы. -Алматы, 1971.-216б.
5. Есімдер сыры. Тайны имен. – Алматы, 1974.-132б.
6. Основные проблемы ономастики казахского языка.- Алматы, 1976.
7. Очерк казахской ономастики.- Алматы, 1982.-С.176
8. Қазақ есімдері (К.Есбаевамен бірге). – Алматы, 1988. - 478б.
9. Есіміңіз кім? Ваше имя? – Алматы, 1989.-190б.
- 10.Қазақстан географиялық атаулары. Ақмола облысы (авторлық бірлестік). – Алматы, 1998.-330б.
- 11.Қазақстан географиялық атаулары.- Алматы облысы. –Алматы, 2005.
- 12.Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. – Алматы, 2006.
- 13.Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры. – Алматы, 2007

**Сөздік**

14. Қазақстан географиялық атауларының сөздігі (авторлық бірінші кітап) – Алматы, 1990.

15. Қазақша-орысша терминологиялық сөздік. Әдебиет лингвистика. – Алматы, 2001.-282б.

#### Оқуға арналған материал

Құрманәлиев Қ.  
Қайнар университеті  
Алматы.

#### Туынды сөздерге қатысты терминдерді ретке келтіру туралы

Сөзжасамдық ұя туынды сөздердің жасалу әрекетінің нәтижесінің көрсеткіші болғандықтан, оның құрамында сөзжасамдық барлық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер орын алады. Олай болса, сөзжасамдық ұяда түп негізгі сөзден кейінге негізгі тілдік, сөзжасамдық бірлік туынды сөздер. Сондықтан алдымен туынды сөз деген терминнің мәнін ашып алу керек. Өйткені, бұл мәселе орыс тіл білімінде де, қазақ тілі білімінде де анықталған мәселелерге жатпайды. Сөзжасамдық ұяда кеш қалыптасуы оның терминдерінің әлі толық қалыптасуына үлгермегеніне әсері барын көрсетеді. Осыны сөзжасамдық ұяда көрсетіп жүр.

Е.С.Кубряков орыс тіл білімінде, шетел тіл білімінде сөзжасамдық ұяда кеш қалыптасуына қатысты терминдерді ретке келтіреді. Ол туралы ғалымның өз пікірін келтірейік: «В соответствии с общепринятым делением словообразование на словосложение и словопроизводство обычно различают два основных словообразовательных конструкции – сложные слова производные, как бы противопоставляют всему классу сложений все производные, именуя производными вторичные, не самостоятельные сложения. Термина который объединял бы все виды вторичных производных единиц, таким образом не существует. И ни в русском, ни в зарубежном языкознании. А между тем настоятельная потребность в таком термине чрезвычайно велика: оперировать в описании системы словообразования различными описательными оборотами вместо терминов не только, но и не точно. В области словообразования, следовательно, назрела необходимость в собственной терминологии» (1).

Е.С.Кубрякова барлық туындыны қамтитын термин болған жоқ деген «производное» деген терминді уақытша ұсынып, оның төмендегіше түсіндіреді, оны өз сөзімен келтірейік: «Пока не найдем лучшего термина мы предлагаем использовать для всех видов словообразовательных единиц термин «производное». Он вкладывается в соответствии со сказанным выше гораздо более широкое содержание чем обычно, т.к. для нас производными в буквальном

слова являются и аффиксальные образование и сложные слова и аббревиостуры, и конвертированные единицы (т.е. образования без специального слово образовательного элемента, ср. пыль - пылить, зелень – зеленить и т.д. ) все прочие виды вторичных словообразовательных конструкций».

Бұл жағдай қазақ тіл білімінде де бар, терминдердің орнықтауы, терминдерді қолданудағы түрлілік - өте жиі кездесетін құбылыс. Әсіресе, туынды түбір деген термин мен туынды сөз деген термин қазақ тіл білімінде жиі шатастырылады, түбір сөз деген термин мен негізгі түбір деген терминдердің қолданыстағы түрлілігі ерекше көзге түседі.

Қазақ тіл білімінде әрі түбір сөз, туынды сөз, туынды түбір сөз сияқты терминдер бірінің орнына бірі қолданылып келген кезең болған. Ол кейбір оқулықтарда әлі кездеседі. Оны А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» (1991) атты оқулығынан да көруге болады, ол түрлілікті төменде келтірілген үзінділерден көруге болады.

1. Түбір морфема – сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең түпкі негіз.

2. Сөздің өз алдына тұрып мағына бере алатын, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін түпкі мағыналы бөлшегі, әдетте түбір немесе негізгі түбір, немесе түбір сөз деп аталады.

Сөздің туынды сөздердің құнасарқына негізгі түбірдегі түбір сөздерді айтамыз (2).

Осы келтірілген үш үзіндіге талдау жасап көрейік.

Бірінші үзіндіде автор түбір морфема деген терминді орынды қолданбаған. Түбір қазақ тілінде лексикалық мағына білдіретін сөз деген ұғымды білдіруге тиіс, өйткені тілдің негізгі түбір, туынды түбір деген түбірдің түрлері бар. Сондықтан түбір сөз деген терминді біз лексикалық мағына білдіретін сөз деген ұғымда қолдануымыз керек. Сонда жоғарыдағы анықтамаға негізгі деген сөзді қосып түбір морфема деп алса, анықтама дұрыс, даусыз болып шығар еді. Ал анықтама оқулықтағыдай тұрғанда, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін деп айтуға болмайды, өйткені түбір деген сөз негізгі түбір, туынды түбір деген деген ұғымды қамтиды. Бұл түбір деген терминнің өз мағынасында қолданылмай тұрғанына дәлел. Сондықтан біз түбір сөз деген терминді лексикалық мағына білдіретін сөз, түрлендіруші қосымшаларсыз алынған сөз деген ұғымда қолдануымыз керек.

Екінші анықтамада түбір, түбір сөз деген терминдер атық қолданылған.

Оларды алып тастасақ, анықтама мынадай дұрыс қалыпқа түсер еді – сөздің алдында тұрып, мағына бере алатын, әрі қарай бөлшектеуге

келмейтін түп мағыналы бөлшегі негізгі түбір деп аталады. Біз түбір деген терминді осы мағынада қолдануды ұсынамыз. Бұл мәселедегі термин алалығын жояды деген пікірдеміз.

3-анықтамада да термин алалығы орын алған, онда туынды түбір терминнің орнына туынды сөз термині қолданылған. Осы термин ауыстырсақ, анықтама мынадай дұрыс қалыпқа келер еді. – туынды деп жұрнақтар арқылы негізгі түбірден өрбіген сөздерді айтамыз. (Туынды сөз деген термин сөзжасамдық түрлі тәсілдер арқылы жасалған барлық туынды түбірлер мен аналитикалық тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздер, барлық сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған туындылардың бәрі жатады, туынды сөздер – тілдің сөзжасам процесінің нәтижесінде туған лексикалық дайын тұлғалар».

Міне, біз бұл пікірмен толық келісеміз, оны дұрыс деп негізгі өйткені түбір сөз негізгі түбір, туынды түбір, туынды сөз термині қолданудағы түрлілік оқыту ісінде де, ғылымда да өте қолайсыздық туғызып жүргені рас, оны бір ізге түсіру өте қажет, санаймыз, сондықтан оны бір қалыпқа келтіру жолын монографияда дұрыс көрсеткен деп танып, біз де осы жолды ұсынамыз. Сонда туынды сөз деген термин Е.С.Кубрятова іздеп отырған термин тәсілдер арқылы жасалған сөздер қамтитын термин болып шығады.

Жалғыз біз емес, қазір ғылымда осы бағыт қолданыс тапқанын диссертациялардан аңғаруға болады. Н.М.Қоқышева өзінің «Қазір тіліндегі дене мүше атаулары негізіндегі сөзжасамдық ұғым сатылардағы туынды сөздер» тақырыбындағы диссертациясында ұғымдарды барлық тәсілдер арқылы жасалған туындыларға талдау жасады. Оны автор келтірген мына ұядан көруге болады: Мысалы, дене мүшесі атауы мұрын түп негіз арқылы жасалған сөзжасамдық ұғым деп, онда автор төмендегі туынды сөздерді көрсеткен:

Мұрын	Ауыз-мұрын, құлақ-мұрын, қыр-мұрын, мұрынбоқ, мұрынды	
	Мұрындық	қымызмұрындық, мұрындықсыз, мұрындықта, мұрындықты, мұрындықша

Автор келтірген сөзжасамдық ұяда 13 туынды сөз берілген, олар сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған: аналитикалық және синтетикалық тәсілдер. Аналитикалық тәсіл арқылы 5 туынды сөз жасалған: ауыз-мұрын, құлақ-мұрын, қыр мұрын, мұрын-боқ, қымызмұрын. Синтетикалық тәсіл арқылы 8 туынды сөз жасалған, олар: мұрындық, мұрындықсыз, мұрындықта, мұрындықты, мұрындықтал, мұрындықтағ, мұрындықша.

мұрындық, мұрындықсыз, мұрындықта, мұрындықты, мұрындықтал, мұрындықтағ, мұрындықша.

Автор сөзжасамдық ұядағы осы сөздердің бәрін туынды сөздер деп атаған. Бірақ олардың айырмашылығына қарай, олар түрліше аталады. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер диссертацияда күрделі сөздер деп аталған да, синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер туынды түбірлер де сөзжасамдық әрекеттің нәтижесінде жасалғандықтан, олар жалпы алғанда, туынды сөздер деп аталған. Жоғарыда Н.М.Қоқышева мысалға келтірген ұяда жасалған 13 сөз түгел туынды сөз деп танылған. Туынды сөз деп олардың бәрін автордың атағаны дұрыс деп санаймыз, өйткені олардың бәрі уәждеме сөз бен сөз тудырушы көрсеткіштер арқылы жасалған.

Бұл мысал арқылы қазақ тілші ғалымдарының пікірі мен орыс тіліндегі сөзжасам мәселесінің ірі маман ғалымы Е.С.Кубрятованың пікірлерінің бір жерден шыққанын атай отырып, қазақ тіл білімінде «Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиядағы туынды сөздер, туынды түбірлер яғни сөзжасамдық бірліктер туралы пікірлер мен терминдер туралы пікірлердің ғылымда өріс алып, қолданыс тапқанын соңғы кездегі зерттеулер мен диссертациялар (Н.М.Қоқышеваның диссертациясы) дәлелдеп отыр. Сондықтан біз де осы пікірді ұстандық.

Қорыта келгенде, түбір, негізгі түбір, туынды түбір, туынды сөз, морфология терминдерінде кездесетін алалық, бірінің орнына бірін қолдана салу, оларды қолданудағы жауапсыздықтың жойылатын кезі келді деп санаймыз.

К.Құрманалиевтің «Қазақ тілі сөзжасамы бойынша жаңа зерттеулер» атты Шымкентте өткен Республикалық ғылыми конференцияның жинағына (Шымкент, 2002.) жарияланған мақаласынан

## 6-дәріс тезісі. Тарихи туынды түбірлер\*

### Дәріс жоспары:

- 1.Түбірлердің құрылымы мен дамуы туралы пікірлер.
- 2.Аффикстік морфеманың модельдері арқылы түбірді жаңғырту.
- 3.Сөзжасамдық ұядағы тарихи түбірлер.

**тақырып бойынша негізгі ұғымдардың лингвистикалық сөз тарихи туынды түбірлер** – түбір сөздердің ішінде қазір дербес қолданылмайтын, сол себепті әрқашан айқын көріне бермейтін түбірлер болады. Мыс.: *майысу, майыру, майысқақ, майып маймақ* сөздерінің түбірі *майы-, май-*. (Ғ.Қалиев)

### дәріс мәтіні:

1.Түбірлердің құрылымы мен дамуы туралы пікірлер тілдерінде қосымша морфеманың жалғанбаған түбір сөздердің табиғатта бірқатар түркітанушы ғалымдардың назарын аударғанын. Себебі бүкіл лексикалық қордың өзегін құрайтын, тілдің сан ғасыр тарихи даму жолын бойына сақтап қалған және оны тұтынушы халықтар материалдық, рухани мәдениетіндегі ерекшеліктерін бейндейтін түбірлердің түп негізінде жатқан басы ашылмаған лингвистикалық тылсым дүниелер баршылық.

Етістік пен есім түбірлердің құрылымы мен дамуы туралы мәселелермен белгілі түркітанушы ғалымдар: Г.Вамбери, В.Л.Васильев, В.В.Радлов, Г.Рамстедт, Э.В.Севортян, Н.К.Дмитриев, А.Н.Коротаев, И.А.Батманов, Б.М.Юнусалиев, Н.А.Баскаков, Э.Р.Топтаев, Б.А.Серебренников, А.М.Щербак, Ә.Т.Қайдар, Б.О.Ордабергін, В.В.Попов, Н.И.Букетов т.б.

Қазақ тілі деректері негізінде түбірлерді зерттеген ғалымдар: Ә.Т.Қайдар, А.И.Ысқақов, А.Қалыбаева, М.Томанов, А.К.Хұсайынов, Е.Қажыбеков, Б.Сағындықұлы, А.Салқынбай, Ж.Т.М.Ескеева т.б.

Екібуынды түбірлер бірбуынды түбірлерге қарағанда этимологиялық тұрғыда морфемалық жіктелуге бейім келеді. Н.А.Баскаков: «Алғашқы етістікті түбірлерден басқа етістік мағыналы сөзжасамдық тұлғаны танытатын етістікті негіз-түбірлер. Бұл сөзжасамдық тұлғаны жағынан алғашқы түбір мен сөз тудыратын аффикстер тіркесуінен туындайды, бірақ қазіргі тілде олар туынды түбірлік жіктелмейтін, алғашқы қарапайым негіздер деп саналады. Мысалы: ай+ыр»[1,3126.].

\*Бұл дәріс мәтіні Ж.А.Манкееваның «Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту» атты монографиясы негізінде (Алматы, 2010) жазылды.

Қазақ тіліндегі кең көлемді тілдік деректеріне сүйене отырып, моносилабтардың фоносемантикалық құрылымының ортақ сипатын анықтаған академик Ә.Қайдардың «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (Алматы, 1986), түркі тілдеріндегі синкертетті семантикалық етістік-есімдік гомогенді түбірлердің сабақтастығын қарастырған Е.Қажыбековтің «Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках» (Алматы, 1986) атты монографиясы т.б.

Тіл даму белгілі бір кезеңінде дербес мағынаға ие болған сөздерге өлі немесе өнімсіз қосымшалардың кірігіп, әбден жігі білінбейтіндей болып жымдасып кетуінен қазіргі тілімізде түбір саналып жүрген көптеген туынды түбірлер қалыптасқан. Мысалы: *оя-т, оя-н, ұя-т, ай-т, са-н, т.б.*

Ғалым Қ.Жұбанов мектеп мұғалімі Жанғазы Жолаевқа жазған хатында: «...Өлі қосымша, өлі түбір Y класқа ауыр соғатын сияқты», - депсіз. Сенбеймін. Меніңше, Y класқа түбір мен қосымшаны оқытпасаң бала тұрып, *ұят, оян* деген сөздердің түбірі қайсысы деп сұраса, не дейсің? *Ұят* тұтас түбір десек, *ұял* болғанда, *т*-ның орнын *-л, оян* болғанда *-т* келіп *н*-ның орнын қалай алды демей ме? Сонда, *ұят*-тың түбірі өлі *ұя*; *т*- есім жасаушы (*кит, құры-т* сияқты) өлі қосымша; *оят*-дың түбірі – өлі *оя*; мұндағы *-т қара-т* дегендегі сияқты өзгелік етістіктің қосымшасы деп шынында айтқан оңай емес пе?» - деп жазады [2, 1456].

Түркі тілдерінде түбірдің тағы бір ерекшелігі: бір тілдегі өлі түбірлер басқа тілде де өлі түбір болуы мүмкін. Мысалы, қазақ тіліндегі *жылжы-, жылыс-* сөздерінің құрамындағы *\*жыл* тұлғасы қазақ тілінде «өлі» түбір деп танылады, ал осыған ұқсас якут тіліндегі *сыл-*, қырғыз тіліндегі *жыл-*, алтай тіліндегі *чыл-*, татар тіліндегі *шыл-* түбірлері тірі түбір саналады. Сол себепті де әр тілдегі түбір мен одан туындайтын тұлғалардың шегін ажыратуда әрқайсысының өзіндік байқалады. Демек, «өлі түбір» деген атауда шарттылық бар деген сөз.

### 2.Аффикстік морфеманың модельдері арқылы түбірді жаңғырту.

Түркі тілдеріндегі түбірлердің синхрондық тұрғыдан семантикасының сақталып қалуы көп жағдайда сөзжасамдық модельдер арқылы туған деривациялық мағынамен байланысты. Сол үшін түбірдің табиғаты морфемалық талдау негізінде және сөзжасамдық модельдер жүйесінің қызметімен сәйкес қарастырылады. Қазақ тілінде өзінің көнелігімен көзге түсетін *-т* моделі бойынша біршама екі буынды етістіктер жасалған. Мысалы, *\*ай<айт=, \*ар <арт=, бөр <бөрт=, жор <жорт=, қай <қайт=, кер <керт=* т.б. Осы сияқтылардың бәрі қазақ тілінде қазіргі күн тұрғысынан өлі түбірге айналған.

Түркітанымдық әдебиеттерде *-а/-е* жұрнағы түркі тілдеріндегі етістікжасам тұлғаларының бірі ретінде қарастырылады. Мысалы, *\*ай<айа, \*бал< бала, \*бөк<бөге=бөл<бөле=, \*ел<еле=, \*бұл<бұла=, \*үз<ұза=.*

Қазіргі қазақ тілінде -а/-е жұрнағы өнімсіз болып саналады. Негізнен «өлі» түбір-негіздердің құрамында сақталып қалған.

Түркітануда бұл жұрнақ туралы бірізді пікір жоқ. Э.В.Севорт пікірі бойынша, -ла/-ле жұрнағымен бірге -а/-е жұрнағы түркі етістікжасамның негізгі көзі болып табылады. Тарихи тұрғыдан ол -а және -ла жұрнақтарының атқаратын қызметтерінің сабақтастығын көрсетеді: «Жоғарыда атап көрсетілген аффикстердің әр дәрежесі –ла аффиксіне және одан өрбіген туындыларға қарағанда бола тұра, етістікжасамда маңызды рөл атқарады. Өйткені а қатысуы арқылы мағыналардың негізгі типтері жасалды, олар ар –ла аффиксі мен одан өрбіген туындыларда дами түсті, байланысты -а/-е аффикстері тілде артық саналды да, б қолданыстан шықты» [3,2426].

-ай/-ей аффиксі арқылы жасалған туынды сөздердің құрамындағы түбірлер қазіргі қазақ тілінде өлі болып табымайды. Мысалы: \*ас-ей-, \*ет-ей-, \*көб-ей-, \*күш-ей-, \*қарт-а-, \*тыс-ай-, \*маз-ай- және т.б.

Қазіргі тілде -ас/-ес/-с етіс тұлғасы көп жағдайларда түбірге қосылып, ортақ етістің грамматикалық мағынасын береді. Мысалы, \*ад-ас, \*ал/әл-ас, \*ег-ес, \*жар-ас, \*құр-ес, \*таз-ас, \*түз-ес және т.б.

-ба/-бе туынды түбір құрамынан синхрондық тұрғыдан ажыратылатын қазіргі тілдегі өнімді сөзжасамдық модель -ма/-а және -ла/-ле етіс тұлғасы болып саналады. Мысалы: \*ан-ба-, \*ақ-ба-, \*ақ-ла-, \*ақ-ла-ла-, \*ақ-ла-ла-ла- және т.б.

Диакрондық талдау нәтижесінде анықталған түбір морфемалар мағынасын жоғалтқан. Мысалы, \*бай-қа-, \*бұл-ға-, \*бұр-қа-, \*жәй-ға-, \*жәур-ға-, \*жыр-ға-, \*жас-қа-, \*қар-ға-, \*қор-ға-ға-, \*тай-қа-, \*таз-ға-.

-қай/-кей аффиксі мазмұны мен тұлғасы бойынша -ай/-ей я жақын. Мысалы, \*ан-қай-, \*ен-кей-, \*қай-қай-, \*шай-қай-, \*ұл-ғай-қай- және т.б.

3. Сөзжасамдық ұядағы түбірлері жаңғырту. Этимологияны көмескіленуі нәтижесінде «өлі» түбірлер саналатын фразеологиялық тіркестердің, макалдардың, мәтелдердің, қос сөз құрамында қолданылады. Мысалы, \*арна-, \*арна-, \*асық-, \*бала-, \*бора-, \*бәле-, \*бұта-, \*бадал-, \*жүде-, \*жыр-ма-, \*жары-, \*жоса-, \*қасы- және т.б. «басын» қазақ лексемасының конетүркі сөздігінде бау «тағам», «байлам», «түйіншек», «тоқыма» және т.б. мағынасында кел түбір себеп байланысты болуы мүмкін, яғни оның өзі мағынасындағы дамуы болып табылады.

\*бұдыр- түркітанушыларда осы етістіктің этимологиясына қатысты түпкілікті пікір жоқ. Алайда, бұдыр – бұл көне бұй етістігінің өзгелік тұлғасы екендігі туралы болжамдар айтылды. Оның қолданылуын бұй/у добнорлық етістігінің бұи «бұйыру» ұйғыр диалектісімен көрсету мүмкін екендігі туралы болжамдар айтылды.

Түбір морфемалар этимологиясының ішінара көмескіленуі тілде бар құбылас. Мысалы, жыр- сөзінің дербес жас- етістігімен семантикалық жақындығы қазіргі қазақ тілінде куәлік тұлғармаға да, қазіргі қазақ тілінде жыр- сөзін бәлінебейтін түбір сөзі ретінде санауға болады. Жыр- түбірі көптеген есім тұлғаларда берілген: жыра, жыр-жыр және т.б.

\*жасқа-, жасы- және есім жасық, жасыл негіздерінің дербес жас түбірімен семантикалық байланысы айқын болса да, етістіктің туынды екендігі түбірлік талдауға анықталады.

\*қына- қазақ тілінде дербес қолданылатын қын сөзі заттың атауын береді, ал туынды гомогендік сөздердің жалпы мағынасын «қазу», «саянну», «тарыту» ретінде анықтауға болады: қын-а, \*қынжыл-, қын-ба(оша).

«Құтты білік» және басқа түркі ескерткіштерінде гіп сондай-ақ «қын» мағынасында ғана емес: гіп «жаза», «азаттау»; гіпа «жазалау», «қинау», гіпдур «суығарма салыну», «сарыла құту», «өкіну»; гіпін «қызығаштық»; гіпін «түрме».

Түбір морфемалардың шартты түрде этимологиясының көмескіленуіне қазақ тілінде өлі болып саналатын қалған тұлғасы да қатысты. Мысалы, \*ар-а, \*ата-а және т.б.

\*ар өлі түбірі қазақ тілінде ар-ы-, арық, ар-ы- туынды түбірлерінде ғана кездеседі. Чуваш тілінде түбірлік ар «аз» сөзі кездеседі, р-э тарихи дыбыс сәйкестігін ескере отырып, сонғы сөзді қазақ тілінде аз тұлғасының нұсқасы ретінде қарастыруға болады.

#### Әдебиет:

1. Баскаков А.Н. Каракалпакский язык. Фонетика и морфология. Ч.1.М., -1952.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.
3. Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке.М., 1962.
4. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. Алматы, -2010.
5. Ескеева М. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері және қазіргі қазақ тіліндегі моносиллабтардың құрылымдық ерекшеліктері. Филол.ғ.д. ...авторефер. Алматы, -2007.

Деріс бойынша тапсырмалар:  
1. Деріс мәтінін оқыңыз.

UNREGISTERED COPY OF SCANDIAPYRUS

2. «Императив етістіктер», «гомогенді түбірлер», «түбірлер», «моносиллабтар», «архисема», «фонокорр» ұғымдарына түсініктеме жазып мысал келтіріңіз.  
Тақырып бойынша семинар сұрақтары:

1. Тарихи туынды сөздердің құрамы қандай болады?  
2. Тарихи туынды түбірлер деген не?  
3. Тарихи туынды түбірлер қаншалықты дәрежеде зерттелген? Оны зерттеген ғалымдар кімдер? Ол еңбектердің маңызы туралы не айтар едіңіз?

4. Түбір этимологиясының көмескіленуі деген не?  
5. Түбір этимологиясының толық, ішінара, шартты түрде көмескіленуі деген не? Мысал келтіріңіз.  
6. Қазақ тіліндегі етістік негіздердің сөзжасамдық моделдеріне мысал келтіре аласыз ба?

**Дамытушылық тапсырмалар**  
А) Қазақ тіліндегі түбірлердің құрылымы мен даму динамикасына қатысты Ө.Қайдар, Е.Қажыбеков, Б.Сағындықұлы, Ж.Тектігүл, М.Ескеева еңбектерімен танысып, негізгі ғылыми тұжырымдарын конспектіленіз.

Ә) Мәтіннен туынды сөздерді тауып, сөзжасамдық тұрғаларды ажыратып, олардың түрін атаңыз, сөзжасамдағы қызметін анықтаңыз.

1-бөлік. *Сары топырақ қара көмір үйінділері, қанайған жер барак, қараша ауыздар көлемін кеңейте, қоюлана түскен. Бәрі жермәсіне. Шоқайдан құрылыс жабадықтарын тасушы арбақештер*

2-бөлік. *Ардақ көзі жездұдырап, тұғырдағы тұйымдай моншын отырақ, тыңдай берді. Кеше ғана жалаңаяқ, ойы қолынан, құлы ойынан, көңі көзі ашыққан қоғам қайраткерлерінің сөзін айтып отыр. Оның осы дәрежеге жетуіне «менің де қарысайытай көмегім болды-ау» деп, ішінен қуанады Ардақ. Диханшы жер жыртып, ел несібесін ескенде, кішкентай ғана қыз бала топырақ тырнап, гүл егеді. Гүлі өнсе, өзінен бақытты жәсік, Ардақ та сөз баладай бақытты қазір. (Ғ.Мұстафин).*

**Қазақ тілі білімінің тарланылары**  
**Нұржамал Оралбай\***

Нұржамал Оралбайқызы 1928 жылы мамыр айының 15-і күні Павлодар облысы Байнауыл ауданы Байнауыл ауылында дүниеге келген. 1944 жылы қыздар педагогикалық институтының дайындық курсына түсіп, 1945 жылы осы институттың қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне қабылданады. Институттың II курсынан бітірген соң, III

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

курста Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына ауысып, 1949 жылы үздік бітіріп, аспирантураға қабылданды.

1956 жылы профессор С.Аманжоловтың жетекшілігімен төңкерістен кейінгі қазақ жазуының тарихы тақырыбында кандидаттық диссертация қорғалды. 1952-1975 жылдары «Қазіргі қазақ тілі мен әліпбиі» кафедрасында доцент, профессор, 1989-1996 ж. осы кафедраның меңгерушісі болды.

1971 жылы «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формалары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, 1972 жылы филология ғылымдарының докторы, 1973 жылы профессор атағы берілді.

1973-1974 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты жанынан құрылған докторлық диссертация қадағалау бөлімі институтында аға ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, 1989-1997 жылдары Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық университетінің қазіргі қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, 1990-1991 жылдары осы университеттің проректоры қызметтерін атқарды.

1998-2000 жылдары Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық университетінің қазіргі қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, 2003 жылдан бері «Қазіргі қазақ тілі» кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Қазақ тілінің морфология саласын зерттеуде ірі табыстарға жеткен морфология теориясын ғылыми жаңалықтармен байытты. Қазақ сөзін аналитикалық формасы барын дәлелдеп, қазақ тілі білімдік жағынан енгізді. 1986 жылы «Қазіргі қазақ тілінің морфемалар атты монографиясында нөлдік морфемалар мен нөлдік формалар тілінің грамматикалық құрылысынан алатын орнын жиі дәлелдеді.

Ғылыми бағыттары: морфология, қазақ жазуының графикасы, қазақ тілінің грамматикасы, қазақ тілін оқыту әдістері.

1989 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» монографияда сөзжасамның өзіндік тілдік бірліктері, сөз тәсілдері, қалыптасу жолы, ішкі заңдылықтары барын дәлелдеген.

Ғылымның ғылыми-ұстаздық қызметі, ғылымды дамыту мақсатында мамандар дайындаудағы еңбектері Үкімет тарапынан бағаланып, 1968 жылы «Қазақ ССР-інің оқу-ағарту ісін үздік атқарушы» медалімен марапатталды. 2003 жылы «Қазақ Республикасы Білім беру ісін қолдаушы» медалімен, 2004 жылы «Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі» атағы берілді.

Ғылымның жетекшілігімен 15 докторлық және 54 кандидаттық диссертация қорғалған. Ғылымның 300-дей еңбегі: ғылыми мақалалары, монографиялары, оқулықтары, оқу құралдары, тилік оқу бағдарламалары жарияланған.

#### ЕДБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

##### Монография мен зерттеулер

1. История казахской письменности после октябрьского периода. АКД. – Алматы, 1956.
2. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері. – Алматы, 1968. – 61б.
3. Қазіргі қазақ тілі морфологиясы. – Алматы, 1971. – 72б.
4. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы, 1973.
5. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы. – Алматы, 1979. – 195б.
6. Қазақ тіліндегі етістіктің категориялары, тіркесімі, сөздігі орны. – Алматы, 1980. – 60б.
7. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы, 1986. – 192б.
8. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 1989. – 168б.
9. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002. – 189б.
10. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 387б.
11. Қазіргі қазақ тілі (Ш.Бектаевамен бірге). – Алматы, 1961. – 91б.
12. Қазақ тілі (Практикалық курс) (Ғ.Мадина, А.Әбілқаспен бірге). – Алматы, 1993. – 336б.
13. Практикалық қазақ тілі (Т.Әбілғалиева, Б.Шалабаевпен бірге). – Алматы, 1986.
14. Қазақ тілі (К.Құрманалиевпен бірге). – Алматы, 2007. – 453б.

##### Оқу құралдары

15. Қазақ тілі. Техникалық училищелерге арналған оқу құралы (А.Аблақовпен бірге). – Алматы, 1992. – 141б.
16. Қазіргі қазақ тілі морфологиясы. Жоғары оқу орындары үшін (Авторлық бірлестікте). – Алматы: Мектеп, 1982.

##### Оқу-әдістемелік құралдар

17. Қазіргі қазақ тілінен бақылау жұмысы (морфология). 3-курс студенттері үшін. – Алматы, 1959. – 32б.
18. Қазіргі қазақ тілінен бақылау жұмыстары. – Алматы, 1959. – 33б.
19. Тіл біліміне кіріспе курсынан бақылау жұмыстары. – Алматы, 1959. – 16б.

20. Қазіргі қазақ тілі. Жаттығулар жинағы (Ғ.Қалиев, О.Телепбергелі). – Алматы, 1972. – 265б.

**Мақала мен баяндамалар**

21. Мұғалімдер үшін пайдалы еңбек // Қазақстан мұғалімі, 1971 жыл 5 ақпан.
22. Етістіктің жіктелуі // Қазақстан мектебі, 1963, №2
23. Модаль мағыналы аналитикалық форманттер // Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1971.
24. Характер протекания действия в современном казахском языке // Советская филология, 1975, №5
25. Сөзжасамдық ұяның парадигмасы туралы // «Профессор Аманжолов тағалымы» атты конференция материалдары. Алматы, 1996.
26. А. Байтұрсынұов – қазақ тілі білімінің негізін // А. Байтұрсынұов және қазақ тілі білімі. – Алматы, 1998.

**7-дәріс темесі. Күрделі сөздер**

**Дәріс жоспары:**

1. Күрделі сөздердің зерттелуі.
2. Күрделі сөздерге тән белгілер.
3. Күрделі сөздердің құрамы.
4. Күрделі сөздердің қолданылуы.

**Тақырып бойынша негізгі ұғымдардың лингвистикалық сөздіктері**

Күрделі сөз – қазіргі кезде араларындағы синтаксистік байланыс семантикасы және грамматикалық қызметі жағынан бірігіп (лексикалық бірлігі) ретінде қалыптасқан сөз тіркесі. Бұған кіріккен (*қараторсай, қонақжай, биял*), қосарланған (*ақ-жұпар, топ*), тіркесіп жасалған (*қара қорым, қоңақ кәде, қара шұбар, аяқ астынан, дем ал, келін кет*) сөз формалары жатады (Ғ.Қалиев).

**дәріс мәтіні:**

1. Күрделі сөздердің зерттелуі. 1980 жылдарға дейінгі сөз (А. Байтұрсынұов, К.Жұбанов, Г.Жарқенова, А.Ысқақов, Ж.Шәкенов т.б.) күрделі сөздер морфологиялық категория қарастырылып келді. Тек 1989 жылдан бастап сөзжасам жүйесін бастады.

Күрделі сөздерге қатысты мәселелер өте көп. Ғалым күрделі сөздер қанша сөзден біріксе де, кіріксе де тұтас мағынаны бидіреді, бір ғана заттың атауы болады, сөйлем жұбын жазбай, бір ғана мүше болады, кейбіреулерінің құр

шықтарының дыбыстық өзгеріске түсуінен сыртқы тұр-тұраты беріксіз болып қалыптасуы [1, 19] дейді. Ғалым күрделі сөзге қазақ тіліндегі өз тілдік деректеріне сай, тілдің өзіндік заңдылықтарына орай күрделі сөздердің түрлерін талдаулар мен тұжырым жасай білген. Және бұл тұрғыда күрделі сөздерге қатысты кейінгі еңбектерге негіз болды. Ғалым Оранбай: «...Күрделі сөздердің өзектілігі мен табиғатында айырмашылығын түсіндіріп, бұл мәселеге тіл ғалымында үнемі көңіл бөлініп отырып, алайда күрделі сөздердің мағына тұтастығы туралы мәселе кезден бастап, күні бүгінге дейін талас жоғана қарамастан, осы мәселеге сүйеніп, тілдегі күрделі сөз атаулының таңу, ажырату оңай емес екендігін қазір анық байқалып жүр», - деп атап өтеді [2,326].

Қазақ тілінде біріккен сөздерге арнайы еңбек жазған ғалым – профессор Ж.Шәкенов. Ғалым біріккен сөздердің сыртқы тұлғалық қасиеттері мен ішкі құрамына қатысты мәселелерді тереңірек зерттеуіне тұтас тұлғаланып, сөйлемде тек бір ғана мүшенің қызметін атқаруы, белгілі бір сөз табының құрамына кіруін, бір тұтас сөз ретінде айтылуын, кейбір сыңарларының бүтіндей немесе бөлік-бөлшек дербес мағынасынан айрылуын, бірге жазылуын, сөздікте бүтін сөз ретінде берілуін жатқызды [3].

Ғалым А.Ысқақов күрделі сөздер мен фразалық тіркестерді, күрделі сөздер мен күрделі атаулық тіркестерді, күрделі сөз бен идиомалық тіркестің аражігін ашуға ерекше мән берді. А.Ысқақов күрделі сөздердің мағына тұтастығына қатысты мәселелерді зерттеуіне бірінші болып олардың таңуына ерекше мән берген [4, 107-123бб].

Қ.Ахметов сөзге, оның ішінде күрделі сөзге тән және оны сөз тіркесінен ажырататын жазылама белгілері делініп семантикалық, морфологиялық, синтаксистік тұтастықты жатқызды [5,566]. Ғалым семантикалық тұтастыққа күрделі сөздің құрамындағы сыңарлардың мағыналық дербестілігі мен грамматикалық дербестілігін күңгірттеуіне ерекше жойылуы сөздің бұл түрінде семантикалық тұтастықтың пайда болуына әкеледі деп түсіндіреді. Ал морфологиялық тұтастыққа ғалым күрделі сөздердің тұтас күйінде түрленіп (көптеліп, септеліп, жіктеліп), жұпар тұтаға не болуын, күрделі сөздердің және сыңарлары белгілі бір парадигматикалық мүшелері бола алмайтыны, тек қана күрделі сөз құрамындағы ғана парадигматикалық қатарға ене алатынын жатқызды [5,606].

Ғалым Ж.Шәкенов қазақ тіліндегі күрделі сөз бен күрделі грамматикалық тұлғалардың шегі, ара қатынасы, терминдік және жөнөмастикалық атаулардың күрделі сөздерге қатысы жайындағы мәселелерді қарастырған [6].

Б.Қасым заттың күрделі атауларын кешенді түрде зерттеп, олардың құрамына тән белгілерін көрсетіп, жасалу жолдарын анықтап, типтері мен белгілерін айқындап, даму, қалыптасу заңдылықтарын дәлелдеді [7].

UNREGISTERED COPY OF SCANPADYRUS

2. Күрделі сөздерге тән белгілер. Қазақ тілінде күрделі анықтауда сүйенетін негізгі үш түрлі белгі, ұстаным бар. Олар:

- 1) Мағыналық тұтастық белгісі
- 2) Құрылымдық тұтастық белгісі
- 3) Синтаксистік тұтастық белгісі

**Мағыналық тұтастық белгісі.** Күрделі сөздердің құрамындағы сығарманың мағыналық және грамматикалық дербестігі немесе күңіртенуі нәтижесінде мағыналық тұтастық пайда болып, Осымен байланысты олардың сығармаларының арқайсысы лексикалық мағынаны емес, біртұтас мағына білдіріп, өз атауы болып табылады. Мысалы, *қозғал* деген біріккен сығарманың арқайсысы жеке тұрғандағы лексикалық мағыналық дербестігінде сақтап тұрған жоқ, олар бірігіп лексикалық мағынаны білдіріп тұр. *Бозбала* күрделі құрамындағы алдыңғы сығармадағы *боз* сығарманың мағынасы ал ер сығармада айқын көрінеді. Ал тірек сығарма *бала* мағынадағы тектік ұғымды жинақтаушы сема болып табып, мысалдардан күрделі атаулардың әр түрінде мағыналық тұтастық түрліше сипатта болатынын байқаймыз. Олар сығармаларының дербестігіне қарамастан біртұтас мағына білдіріп тұрады. Мысалы: *Менің досымның аяғы аяқ* және *Менің досымның аяғы аяқ* аяқтарында бір ғана мағыналық тұтастық белгісін сүйеніш ету аздығы. Ол туралы ғалым Қ.Жұбанов былай деп жазды: «Тегінде, өлеуіш килумен анықтық тапала қоймайды. Мысалы: *қозғал* нәрсенің аты ма, сондықтан бір-ақ сөз бе, немесе екі сөз бе? *Бал алғанда, қол* деген сөздің өз мағынасы бар, *қол* деген сөздің өз мағынасы бар. Бірақ екеуі қосылғанда, *қозғал* дейтін бір-ақ нәрсенің аты болады. Ал бұларды бір дейін десең, дәл осылар сияқты болып жасау *арба, темір қасқық* т.т. да бір сөз болуы керек сияқты. Олай анықтаушы сөз бен анықталған сөздің екеуі қосылып, бір сөз санала беруге керек сияқты. Міне, жалғыз мағынаға сүйенгенде алу қиын болатыны осыдан. Сондықтан мағынаны өлшеу қыла тұрып, бірақ жалғыз мағынаның өзіне ғана сүйенбей, басқа өлшеу қосып қарау керек болады» [2,223б].

**Құрылымдық тұтастық белгісі.** Күрделі атаулар сығарманың арқайсысы белек-белек өзгермей, тұтас күйінде түрленіп, бір тұтастық болады. Бұл күрделі сөздің морфологиялық тұтастығының, сөз құрылымдық тұтастығының бірбүтін екендігін білдіреді.

Ғалым К.Аханов: «Күрделі сөздің құрылымдық тұтастық белгісін былайша түсіну керек: күрделі сөздің, әсіресе иероглификалық мағынасы бар күрделі сөздің, сығармалары орын алмаспайды, қай күнінен басқаша түрде тіркесе немесе біріге я қосарлана алмай күрделі сөздің сығармалары орын алмастырып, қалыптасқан басқаша тіркесе қалса, онда ол өзіне тән мағынасынан да ай

ырықталған сөз болудан да қалады. Мысалы: *кормыққан, құрбақа, тасбақа, аяқ, жәлік, қос-аяқ, бетпе-бет, көзбе-көз, аяқ-табақ, құрт-құмырсақ, құла-шан* тәрізді күрделі сөздер сығармаларының орын алмастырып айтуға (мысалы: *«тышқан көр», «бақа құр», «бақа тас», «бақа көл», «жәлік асық», «аяқ қос», «бет-бетте», «көз-көзбе», «табақ-аяқ», «құмырсақ-құрт»*) түрінде айтуға кенбейді» -деп жазды [5,636].

**Синтаксистік тұтастық белгісі.** Күрделі атаулардағы ең басты белгісі-ол сөз тіркестерімен ұқсас келуі. Күрделі сөздердің шығу тегі, шығу тегі сөз тіркестерімен байланыстырылады. Сол себепті де күрделі сөздердің белгілерін анықтауда басты ұстанымдардың бірі - синтаксистік тұтастық белгісі. Күрделі сөздерді сөз тіркесімен шатастырмау үшін сығармаларды білу қажет:

-күрделі сөздердің морфологиялық құрылымына мән беріп, олардың екі немесе бірнеше түбір сөзден тұратындығын басшылыққа ала отырып, күрделі сөздер кемінде екі түбірдің бірігуінен, тіркесуінен, өзгерілуінен, қосқаруынан жасалады.

-күрделі сөздердің құрамындағы сығармалардың мағыналық қатынастарына сүйенеді.

-күрделі сөздерді жасайтын сығармалар мағыналық тұтастық белгісін сақтауы керек, яғни сөздердің құрамындағы сығармалардың мағыналық қатынастарына сүйенеді.

-күрделі сөздердің құрамындағы сығармалардың лексикалық мағынасы жаңа сөздің мағынасына арқау болады;

-күрделі сөздердің құрамындағы сығармалардың мағынасы өзгертуге болмайды.

**Әдебиет:**

- Жұбанов К. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1966. - 206 б.
- Оралбаева Н. Күрделі сөздер //ҚР ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет және мәдениеттің дамуы. №2, 1999. -27-41бб.
- Ермаков А. Семантика слитных слов в казахской лексике. Автореферат диссертации. - Алматы, 1950.
- Ысмақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 384б.
- Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. - Алматы: Санат, 1996. - 236б.
- Шәкенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұтқалар. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 120б.
- Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. - Алматы, 2002. -50б.
- Деріс бойынша тапсырмалар:

UNREGISTERED RED COPY OF SCANPADAPYUS

1. Мәтінді оқыңыз, мәтіндегі ақпаратты 5-сынып оқушысы түсініп етіп баяндаңыз.
2. Мәтіннің маңызды бөліктері негізінде бірнеше кесте дайындаңыз.
- Тақырып бойынша семинар сұрақтары:**
1. Күрдәлі сөздердің зерттелу тарихы жайында не айтар еліңіз?
2. Күрдәлі сөздердің өзіндік белгілерін атаңыз?
3. Күрдәлі сөздердің мағына тұтастығы дегенді қалай түсінесіз?
4. Күрдәлі сөздердің сөз табына қатысы қандай?
5. Күрдәлі сөзді жай сөз тіркесінен қалай ажыратасыз?
6. Қазақ тіліндегі күрдәлі сөздердің сымарлары қалай байланысады?
7. Күрдәлі сөздердің бір лексема, бірбүтін сөз екенін қалай де білеміз?
8. Күрдәлі сөздердің құрамы туралы талас бар ма?

**Дамытушылық тапсырмалар:**  
 А) Күрдәлі сөздер туралы А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Г. Жолдыбай, А. Ысқақов, Ж. Шаженов еңбектерімен танысып, негізгі тұжырымдарын конспектіленізі.  
 Ә) Күрдәлі сөздердің уағжайлық дәрежелері туралы білімнің дамуына тезис құрастырыңыз.

Б) Кез келген өзінің оқыған кітап бойынша күрдәлі сөздері бойынша күрдәлі сөздерге 15-20 мысал жазыңыз.

**Қазақ тілі білімінің тараландары**  
**Мәулен Балақаев**  
 (1907-1995)

М. Балақаев – қазақ тілі білімінің іргелі салаларына, соның ішінде сөз тіркесі мәселесіне қатысты дөңсеп пікір, жанашыл ой айтып, Ғалымның еңбектері қазақ әдеби тілінің тарихы, емле, тіл лексикологиясы, терминология, фонетика, морфология, орфография, диалектология, стилистика, тіл дамыту, тіл мәдениеті сияқты мәселелерді қамтиды.

*Фотосуреті*

Балақаев Мәулен Балақайұлы – қазақ тілі білімінің қалыптасуында бірінші, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Ғалым академиясының корреспондент мүшесі, Қазақ еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Ш. Уәлиханов атындағы сөз иегері.

1907 жылы Оңтүстік қазақстан облысында туған. 1927 Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтына түсті. Студент кезінде сол институтта қазақ тілінен сабақ беріп, жаңа термин сөздер

қолдануға, қазақ мектептеріне арналған оқулықтар және оқу құралдарын жазуға ат салысып жүрді.

1934 жылдан бастап алдымен Ленинград мемлекеттік тарих, философия, әдебиет және тілтану институтының, Ленинград мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқыған.

Ұлы Отан соғысына қатысқан. Шет тілдер институтының директоры, Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің кеңесші-референті, мемлекеттік терминология комиссиясының ғалым хатшысы, Қазақ мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі, ғылыми кеңесшісі қызметтерін атқарған.

Ғалымның бағыттары: қазақ әдеби тілі, көркем әдебиет тілі, қазақ тілінің грамматикасы, емле, терминология, тіл мәдениеті, стилистика.

М. Балақаев орта мектептерге, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға белсене ат салысты. Ол 150-ден астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 20-ға жуық кітаптар мен монографиялық зерттеулердің авторы. Ғалымның «Жай ойылым» атты докторлық диссертациясы – тіл білімі тарихындағы ғылым ретінде бағаланды. Оның қазіргі қазақ тілі оқулығы қазақистің салаларын ғылыми тұрғыда жүйелеп, құрылымдық

түрде терең зерттеген еңбек.

М. Балақаев «Қазақ тілінің мәдениеті» атты монографиясының авторы. Оның «Қазақ тілінің мәдениеті» атты кітабы қазақ тілінің мәдениеті туралы алғашқы рет жазылған еңбек.

Сондай-ақ ол «Қазақ тілінің мәдениеті» пәнін ашып, оның дамуына зор еңбек сіңірді. Ғалым қазақ жазуы мен емлесін дамыттыруға да мол үлес қосқан ағартушы ретінде де бағаланды.

Оның 1948 жылы жарық көрген «Орфографиялық сөздігі» содан кейінгі сөздіктері баспа бетін көрген емле сөздіктеріне негіз болды. Аталмыш сөздік жазуымызда көптеп кездесетін ала-құлақтықтарға ретке келтіруге өзіндік тәсілді. Ал 1952 жылы жарық көрген «Қазақ орфографиясы мен терминологиясы мәселелері» атты кітапшасы осы саладағы ғылыми ой-пікірлерге жетекші қызмет атқарды. М. Балақаев редакторлық қызметпен айналысып, 30-дан аса еңбектің баспадан шығуына септігін қосады. Ғұлама ғалым Қазақ мемлекеттік университетінде 25 жыл бойы профессорлық дәріс оқып, 5000-нан астам оқытушылар мен мұғалімдер тәрбиеленді, 40-тан астам ғылым кандидаты мен докторын дайындады.

2007 жылы ғалымның 100 жылдық мерейтойы құрметіне арналған «Мәулен Балақаевтың 100 жылдығы» атты кітап шығарылды.

**ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ**  
 1. **Монография мен зерттеулер**  
 1971. Основные типы словосочетаний в казахском языке. – Алматы, 1957.

2. Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің негізгі түрлері. – Алматы: Ғылым ақадбас, 1957.
3. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы: ҚазССР Ғылым ақадбас, 1972.
4. Современный казахский язык. Синтаксис словосочетания и предложения (Отв. ред: Н.А.Баскаков, С.Кенесбаев). – Алматы: АН Каз ССР, 1959. – С.235.
5. Современный казахский язык. Фонетика и морфология. – Алматы: АН Каз ССР, 1962. – С.452.
6. Қазақ тілі мәдениет мәселелері. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 100 бет.
7. Қазақ тілі. Грамматика және емле. – Алматы: Қазмембас, 1941.
8. Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері. – Қазмембас, 1941.
9. Қазақ әдеби тілі (Редкол.: Ш.Ш.Сарыбаев, Н.Х.Досбалды, Б.Қасымов). – Алматы: Ғылым, 1987. 272 б.
10. Қазақ әдеби тілі мен оның нормалары (Ред. Ш.Ш.Сарыбаев). – Алматы: Ғылым, 1984. – 184б.

**Оқудық**

11. Қазақ тілінің грамматикасы. Бастауыш мектептің I-II класстарына арналған. – Алматы: Қазбас., 1932.-102б.
12. Қазақ тілінің грамматикасы (Д.Әлімжановпен бірге). – Алматы: Мектеп, 1962.
13. Қазақ тілінің грамматикасы (Д.Әлімжановпен бірге). – Алматы: Мектеп, 1962.
14. Қазақ тілінің стилстикасы. Университет пен педагогика институттарының филология факультеттеріне арналған оқу құралы (Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаевтармен бірге). – Алматы: Мектеп, 1966, 1974, 2005.

**Оқу құралдар**

15. Қазақ тілі. Грамматика, емле, тіл дамыту. Бастауыш мектептің оқушыларына арналған оқу құралы. 1-бас. – Алматы: ҚазОҚБ, 1965.
16. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Университет пен педагогика институттарының филология факультеттеріне арналған оқу құралы (Р.Сыздықова, Е.Жанпейісовтармен бірге). – Алматы: Мектеп, 240б.

**Оқу-әдістемелік құралдар**

17. Тіл мәдениеті және қазақ тілінің оқытуы. – Алматы: Мектеп, 1987. – 100 бет.

18. Зерде баспадақтары (Өмірбаяндық әңгімелер). – Алматы: Жалын, 1972. – 208б.

**Мұқалат мен баяндамалар**

19. Сөйлемнің тұрлауы мүшелері //Халық мұғалімі. 1940, №3.
20. Сөйлем мүшелерінің сөйлемдегі орны //Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Филология сериясы. 1946.
21. Көркемдік жікті (Н.Уәлиевпен бірге) // Қазақ әдебиеті, 1981. 10 айыры.
22. Тілдің түрлі синтагы //Жұлдыз, 1983. №3. – 167-170бб.
23. Күрделі сөздерінің синтагы // Қазақстанның литературалық тілі. – Ата, 1987. – 197-204бб.

**Оқу арналған материал**

**Күрделі сөздер**

Күрделі сөздер қазіргі тіл біліміндегі ең күрделі мәселеге жатады, оның анықталмаған мәселелері де өте көп. Ал күрделі сөз жоқ тілді білгенде өте қиын, бірақ күрделі сөздер, әсіресе, неміс, ағылшын, жапон, француз, орыс тілдерінен де өте көп орын алады деп саналады. Түркі тілдерінде күрделі сөздер бай, күрделі сөздер түркологияда зерттеуі те жүр. Осы ғалымдардан татар тілінен А.А.Юлдашевті, Ф.А.Ганиевті, өзбек тілінен М.Ғаниходжаеваны, азербайжан тілінен М.И.Адиловты атауға болады.

Қазақ тілінде күрделі сөздер мәселесі алауыздан К.Қ.Банов, С.С.Сәлімовтың құрастыруындағы «Қазақ тілінің күрделі сөздері» атты кітабында Б.Қасымовты, қысқарған сөзді Н.А.Алдашев арнайы зерттеді. Басқа күрделі сөздерді зерттеу кезінде күрделі сөзге мән беріп, пікір айтқан ғалымдар бірсыпыра, олардан А.Москалюкты, К.Аманжолты, А.Оралбаеваны, В.А.Исенғалиеваны атауға болады. Бірақ қазақ тіліндегі күрделі сөздер мәселесі жалпы арнайы зерттеліп, ол туралы нақтылы ғылыми тоқтамға келерліктей ірі ғылыми зерттеу жасалған жоқ. Бұл мәселе қазақ тілі білімінің ғана жағдайы емес, бүкіл түркологияға да ол мәселе қатысты. Оны түрколог ғалымдар көрсетіп жүр. Мәселен, А.А.Юлдашев: «Түркі тілдеріндегі орасан көп күрделі сөздер және оның терминдері әлі күнге дейін не сөздікте, не грамматикаларда толық сипаттама алған жоқ», дейді.

Күрделі сөздер тілдің сөздік құрамынан белгілі дәрежеде орын алады, олар сирек кездесетін бірі-жарым сөздер емес, сонымен бірге білімінде бұл мәселеге үнемі көңіл бөлініп отырады. Алайда күрделі сөздердің барлық тілдерден алатын орны бірдей емес екені ғылымда айқындалып отыр. Оны жапон тілінің маманы А.А.Пашковскийдің сөзінен көзге түседі: «Күрделі сөздер түрлі тілдердің лексикалық құрамынан орын алады.кейбір тілдерде сөздерді біріктіру қосымша мәселе болып, оның нәтижесіндеуіс болады да, сөздіктің периферия

UNREGISTERED COPY OF SCANPARTYRUS

бөлімінен орын алады. Келесі бір тілдерде ол өте кең тараған тақырыпқа жатады. Соңғы таптағы тілдерге жапон тілі Лексикадан алынған сөздің типіне қарап, оны күрделі сөздің болымы деп бөледі.

Ф.А. Ганев күрделі сөз неміс, ағылшын, жапон және хинди тілдерінде кең қолданылады деп санағанын біз жоғарыда келтірген. Осындай күрделі сөздерге бай тілдерге түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі де жатады. Қазақ тіліндегі сөз таптарының қайсысының күрделі сөздер бар. Мысалы, *тасбақа, өнеркәсіп, қайын биік, сүйіспеншілік, отыз бес, жүз екі, т.б.* сөздер; *еуізім, әрқайсысы, қарайтын, алып кел, кіріп шығу, беріп кет-сітістіктер, күні өтсе, босқа, тау сәриде-үстеу* т.б.

Сөзжасамаға арналған монографияда ғалымдар күрделі сөз тіліндегі көне құбылыс, ол Орхон жазба ескерткіштерінің тілінде болған, оған жазба ескерткіштер тіліндегі кісі аттарының аттарынан көптеп мысалдар келтіріп дәлелдеген.

Сөйтіп тілімізден белгілі орын алатын, көне замандарда күні бүгінге дейін сөздік қорымызды байыттып келе жатқан сөздер көзір сөздік қорымыздың қолма қолы болып екені дұрыс.

Күрделі сөздер барлық басқа туынды сөздер сияқты өзіндік мәніне ие болып, өзіндік лексикалық мағынаға ие болады. Олардың бірі лексикалық мағынамен қосылды. Сондықтан сөздердің әрқайсысының өзіндік лексикалық мағынасы болады.

Күрделі сөздер сөзжасама тілден үлкен орын алатын лексикалық тәсілі арқылы жасалады. Сөзжасамның ғылымда негізгі тәсілдерінің бірі болып саналатын аналитикалық тәсіл күрделі сөздер жасалады. Бұл тұрғыда ғылымда пікір алаңына алынған толық болады.

Сөзжасамның аналитикалық тәсілі түркі тілдерінде замандардан қолданылып келе жатқан тәсіл екенін «Қазіргі қазақ сөзжасама жүйесі» атты монографияда Орхон жазба ескерткіш тілінде қолданылған күрделі сөздер арқылы дәлелденген. Ф.А. Ганев еңбегінде берілген лексикалық бірліктерден алынған мысалдар берілген: *«Айшылы ұста-жол өзем, күртүз-күртүз, биік жолы тас, Баян балық-Бас балық, Бас кешен-Бас кешен, Бай биікесе қаған, күні Чар, Қас түрік»* деп Ф.А. Ганев еңбегінде жазған. Осы мысалдар туралы бұл монографияда төмендегілер берілген: «Жетпірілген күрделі сөздердің көне заман қолданылғанын білдірсе, екіншіден, күрделі сөздердің географиялық аяғы өзен, көл, жер, қала және кісі аттарында жиі кездеседі. Бұл жағдай аналитикалық тәсіл арқылы сөз жасаудың

түрінде жер-су, кісі аттарынан басталған ба деген ой салады», деп қорытынды жасаған.

Бұл дұрыс айтылған пікір, өйткені қазіргі тілде жер де жер-су атаулары мен кісі аттарына күрделі сөз басқы орын алады, оны осы тәсілмен жасауға үмісі деп түсініп, бағалау қажет, бірақ ол сөзжасамада жалғыз тәсіл емес. Басқа тәсілдер бары белгілі. Қанша сөздер өтсе де, тілде аналитикалық тәсіл арқылы сөз жасау үзбей қалмай келе жатуымен байланысты қазақ тілінің сөздік байлығын күрделі сөздер кең орын алады, ол қазір өзінің қолданылу аясын кеңіткен, сөздік қордың барлық саласына үлкен орын алады.

Күрделі сөздер тіл айналымына өте кең тараған құбылыс болғанына назар аударсаң, бұл-ғылымдағы өте үлкен тақырып мәселе, осы мәселеде пікір алаңы да күшті. Ғалымдар күрделі сөз мәселесі әлі толық шешімін таппаған деп санайды.

Түркі жүйеге жататын түркі тілдерде күрделі сөздің жасалуында аударма жоқ емес. Бұл жағдай күрделі сөз туралы түркі тілдік тұтынушылар деп санаймыз. Бірақ бір жүйеге жататын түркі тілдерінде күрделі сөз туралы тұрақты пікірдің болмауы да сирек құбылыс емес. Олардың түркі тілдерімізге қарағанда күрделі сөз мәселесінің зерттелуі туралы А.А. Юлдашев былай дейді: «Түркі тілдеріндегі сөздердің лексикалық, грамматикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксикалық және семантикалық өзгерістерінің тарихы туралы бізге ерлікпен қараған бірақ солардың бірі күрделі сөздердің екі не оған да көп сынықтардан жасалатынын дәлелдейді. Бұл-ғалымдардың бәріне ортақ пікір. Оны қазақ тілі сөздері растайды. Сондықтан күрделі сөздердің негізгі белгісінің біріне назар аударсаң, сол арқылы ол дара сөздерден өзгешеленеді. Мысалы, қара торы, отыз екі, іш ауру, коза-молда, т.б. күрделі сөздердің құрамына оны ажырататын негізгі белгі болып қала береді».

Ал дара сөздердің бір сөзден тұратыны белгілі нәрсе: адам, жер, су, ай, шөп, жусан, көл, т.б.

Күрделі сөз бен дара сөздің екеуіне де ортақ қасиет, белгі бар. Олардың екеуі де лексикалық мағына береді. Дара сөз қандай лексикалық мағыналы бірлік болса, күрделі сөз де сондай лексикалық мағыналы бірлік болып қалады, өйткені олардың әрқайсысының лексикалық мағынасы бар. Дара сөздер мен күрделі сөздер тек құрамы жағынан өзгеше болады. Сөз ретінде дара сөздің де, күрделі сөздің де өзіндік қызметі бірдей, өйткені олардың қайсысы болса да өзіндік қызметіне ие болады. Күрделі сөз өзіндік құрамындағы сынықтары арқылы жасалады. Дара сөздердің құрамындағы дербес сөздерден болған сынықтардың лексикалық бірлік қызметін атқарады, өйткені күрделі сөздің

UNRECORDED COPY OF SCANPAPYRUS



табы болып табылуына келергі болмауы оның біртұтас білдіруіне, бір сөз қызметін атқаруына, тілдегі лексикалық басқа сөздердің қатарына, тобында болуына байланысты. Олар тілдегі негіз түбір сөздер де, тұнды түбір сөздер дербес сөз лексикалық мағыналы сөз ретінде тілде бірдей қызмет атқарады. Бірақ қайсысы болсын тілдегі дайын лексикалық бірліктер, яғни дайын сөз. Олар сөйлеу кезінде дайын қалпында сөйлемге алынады да, олар қолданыла береді.

Күрделі сөздердің мағына тұтастығы олардың құрамындағы сымарларға, олардың орналасу тәртібіне байланысты. Әр күрделі сөз белгілі құрамда, белгілі тәртіпте тұрғанда, бір мағына беріп қалыптасқан. Сондықтан күрделі сөздің құрамы мен оның бір мағынасы байлауды деп санау қажет. Мысалы, *ақ құба* деген сөздің құрамын өзгертсек, бұл мағына берілмейді: *құба ақ, сары ақ* түрінде олар *ақ құба* күрделі сөз есімінің мағынасын бере алмайды.

Күрделі сөздер белгілі құрамда, құрамындағы сымарлар белгілі тәртіпте тұрғанда, бір мағына беріп қалыптасқан, сондықтан мағына берілу үшін, күрделі сөздің құрамы да, құрамындағы сымарлардың орналасу тәртібі де сақталуы қажет.

Орыс тілінің маманы В.Н.Немченко күрделі сөздің үш түрін көрсетеді, соның бірі сымарлардың тұрақты орны деп көрсеткен.

1) *қызылден тоқылық*  
2) *көңілге тоқылық*  
3) *оқығанды тоқылық*

Осы сөйлемде не бірі 4 сөз бар, олар 3 сөз тіркесін жасап тұр. Сөз тіркесінің заңы бойынша, оның сымарларының толық мағына дербес сөз болуы керек, сондықтан сөйлемдегі сөздердің бәрі белгілі сұраққа жауап беретін дербес сөз (оқығанды-нені? Көңілге-қызылден-қалай? Тоқылық-не істепік?), соған орай олардың әр сөйлемдегі сөздермен түрлі сөз тіркестерін жасай алады. Жоғары

сөйлемді 4 сөз 3 сөз тіркесін жасап, тіркестегі сөз құрамы тұрақсыздығын көрсетіп тұр.

Тіл білімінде күрделі сөздердің түп төркіні сөз тіркесі саналады. Тілде кейбір сөз тіркестері бірте-бірте мағыналық дамуға ұшырап, құрамындағы сымарларының мағынасы жымдасып, кірігіп бір мағынаға көшкен. Олардың сымарлары өзінің алғашқы мағынасынан алыстап, өзінің дербестігінен айырлған, сымарлардың бір-бірімен кірігуінің нәтижесінде олар біртұтас сөзге айналып, белгілі бір ұғымды білдіретін күрделі сөз болып қалыптасқан.

Күрделі сөз өзінің сымарларының мағынасының біртұтас мағынаға кірігіп, бір сөзге көшуінен бастап, бір сөз болып танылатындықтан, ол тілдегі басқа сөздер сияқты дайын тұрған лексемалар болып саналады да, сөйлемге сол дайын тұрған қалпында кіреді. Күрделі сөздер сөйлемде бір сөздің қызметін атқарады, сөйлемнің бір мүшесі болады, бір сұраққа жауап береді.

Күрделі сөз бір кездерде жасалғанынан бастап, ол сөйлемге дайын лексема ретінде алынып алынбастан, ол әр сөйлемде әр түрлі жасалатын, қай тұрғыда қолданылуы сөйлемге байланысты сөздің грамматикалық тұңғаларынан да ерекшеленеді, өйткені күрделі сөз қандай сөйлемде де бір құрамда қолданылады.

Күрделі сөз біртұтас мағыналы болғандықтан, белгілі бір сөз мағынасына өзінің сымарларының мағынасына қосылуына тәуелді болса, оның мағынасы өзгеріп, біртұтас мағынаға қолданылуы сөйлемге байланысты сөздің грамматикалық тұңғаларынан да ерекшеленеді, өйткені күрделі сөз қандай сөйлемде де бір құрамда қолданылады.

Күрделі сөз біртұтас мағыналы болғандықтан, белгілі бір сөз мағынасына өзінің сымарларының мағынасына қосылуына тәуелді болса, оның мағынасы өзгеріп, біртұтас мағынаға қолданылуы сөйлемге байланысты сөздің грамматикалық тұңғаларынан да ерекшеленеді, өйткені күрделі сөз қандай сөйлемде де бір құрамда қолданылады.

Сонымен бірге, түркі тілдерінде жазу ерте қолданылғанымен, халыққа кең тарамады. Ал бертін келе кеңес үкіметі кезінде жазу үш рет өзгерді. Осының бірі күрделі сөздердің жазылуын бір ретке келтіруге мүмкіндік

UNREGISTERED COPY OF SCANPARP.RUS

бермеді. Сондықтан, күрделі сөздердің басым тобы бір мағына бір сөз қызметін атқарып, бір ұғымды білдіріп, халық санасының ұғымының аты ретінде түсінілсе де, қолданылса да, күрделі сөз дейінгі сөз тіркесі көзіндегі қалпына бөлек жазылуы сақталған. Бірақ тілде жазылу емесі бекімей, түрліше жазылып жүрген сөздер де жеткілікті. Мысалы, *ақ құба-аққұба, теңір жою-теңір түрлі-әрурлі, бағ торқай-бағторғай*, т.б.

Осы сияқты сөздіктерде, кітаптарда түрлі жазылып жүрген сөздер тілде өте көп. Бұл да күрделі сөздер теориясының қалыптасуына келерге болатыны сөзсіз.

Күрделі сөздер түрлі-түрлі, өйткені олар аналитикалық тәсілмен жасалған. Аналитикалық тәсілдің ішкі мынадай сөзжасамға арналған монографияда көрсетілген: «Тілмізде аналитикалық тәсілдің мынадай ішкі түрлері бар:

1. сөзжасам

2. қосартау

3. тіркестіру

4. қысқарту»

Осы тәсілдердің әрқайсысы тілде әр түрлі күрделі сөзжасамда:

1. біріккен, кіріскен сөздер

2. қосарланған сөздер

3. тіркескен күрделі сөздер

4. қысқарған сөздер.

#### 8-дәріс. Сөзжасамдық ұя

##### Дәріс жоспары:

1. Сөзжасамдық ұяның зерттеуі
2. Сөзжасамдық ұя: Анықтамасы. Ерекшеліктері.

тақырып бойынша негізгі ұғымдардың лингвистикалық сөз түбірілес сөздер орыс. *гнездо слово* – бір түбірден өрбіген туындай қоры – *қору қоршау, қоршаулау, қоршау қоршауы, қорық, қору қорушы*.

сөзжасамдық ұя – себепші негіздерден сөзжасамдық тәсілдер жасалып, атау қызметін атқаратын белгілі құрылымдағы түбірлес сөздердің жиынтығы (А.Салқынбай)

сөзжасамдық негіз орыс *словообразовательная основа* – сөздердің жасалуына негіз болатын сөз. Бір сөзжасамдық ұяға түбірлес сөздердің өз ішінде бірнеше сөзжасамдық негізі болуы

Мыс.: *өкіл* сөзінен жасалған *өкілу, өкіні, өкінішті, өкінішші,*

*өкілісу* т.б. – бір ұядағы сөздер, бірақ олардың бәрі бірдей тікелей *өкіл* сөзінен туып тұрған жоқ. Мыс.: *өкінішті, өкінішші* сөздерінің тікелей тудыраушы негізі *өкіл* емес, *өкініш* сөзі. (Ғ.Қалиев)

#### дәріс мәтіні:

1. Сөзжасамдық ұяның зерттеуі. Сөзжасамдағы ғылыми-теориялық негізгі ұғымдардың бірі – сөзжасамдық ұя. Сондықтан сөзжасамдық ұя мәселесі ғылымда зерттелген, теориялық негізгі анықталған мәселелердің қатарына жатады.

Орыс тіл ғылымында сөзжасамдық ұя мәселесінің теориялық негізін жасаған – ғалым А.Н.Тихонов. Ол 1974 жылы «Формально-семантические отношения слов в словообразовательном гнезде» тақырыбында докторлық диссертация қорғап, орыс тіліндегі сөзжасамдық ұяның анықтамасын, негізгі белгілерін, ерекшеліктерін танытты. А.Н.Тихонов сөзжасамдық ұяның теориялық мәселелерін танытқан қана қойған жоқ, орыс тіліндегі сөзжасамдық ұя бойынша 1990 жылы «Словообразовательный словарь русского языка» деген үлкен сөздік те шығарды.

Қазақ тіл білімінде сөзжасамдық ұя мәселесі жүйелі зерттелді. Ең алғаш сөзжасамдық ұя мәселесі 1989 жылы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты ғылыми монографияда көтерілген болатын. Ол еңбекте алғаш рет сөзжасамдық ұяға анықтама беріліп, ұяның үлгісі көрсетіліп, сөзжасамдық ұяның ерекшеліктері сөз болды. Ал 1996 жылы Ч.Қосымбай «Сөзжасамдық ұяның теориялық мәселелері» атты кітабын шығарып, орыс тіліндегі сөзжасамдық ұяға анықтама беріп, оның ерекшеліктерін, үлгілерін көрсетті.

Қазақ тілінде сөзжасамдық ұя мәселесін арнайы зерттеген – ғалым Көрінбек Құрманалиев. Ғалым К.Құрманалиев 2002 жылы «Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя мәселесінің теориялық негіздері» тақырыбында докторлық диссертация қорғап, сөзжасамдық ұяның анықтамасын беріп, белгілерін, ерекшеліктерін, үлгілерін көрсетті.

Сөзжасамдық ұяның өзге де мәселелерін Н.Қоқишова, Б.Бейсейітова, Н.Есенова зерттеді. Мәселен, Н.Қоқишова дене мүше атауларының негізінде сөзжасамдық ұялардың туындау сөздері қарастырып 2001 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі дене мүшелері атаулары негізіндегі сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық сатысындағы туындау сөздері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғалы. Сөзжасамдық ұяның негізгі ұғымының бірі – сөзжасамдық тізбек туралы Б.Бейсейітов 2002 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектер» деген тақырыпта кандидаттық диссертация жазып, тізбектің ерекшелігін жан-жақты дәлелдесе, ал Н.Есенова сөзжасамдық ұяның құрылымына кіретін сөзжасамдық тарамның сөзжасамдық ұядағы өзге біріктермен

UNREGISTERED COPY OF SCANPADYRUS

байынсыз зерттеп, 2005 жылы «Сөзжасамдық тарам, оның басқа бірліктерімен байланысы» атты кандидаттық диссертсия жазды.

## 2. Сөзжасамдық ұя: Анықтамасы, Ерекшеліктері.

Сөзжасамдық ұя деп бір негізгі түбірден жасалған туынды жиынтығы аталады. Өр сөзжасамдық ұяда бір ғана негізгі түбір Негізгі түбірсіз сөзжасамдық ұя болуы мүмкін емес, негізгі түбір ұядағы барлық туынды сөздің құрамына кіреді. Сөзжасамдық үшін ғалым А.Салқынбай мына төмендегідей белгілерді атап көрсетті:

- 1) бір негізден тарайтын түбірлес сөздердің жиынтығы қыямет;
- 2) түбірлес сөздердің әрқайсысының жеке номины мағынасы болуы шарт;
- 3) түбірлес туынды сөздер әртүрлі тәсіл арқылы жасалуы қажет;
- 4) түбірлес туынды сөздердің мағыналық жақындығы негіз арқылы сақталып, бір семантикалық өрісте жатуы қажет;
- 5) омонимдес тұлғалар сөзжасамдық ұяға ене алмайды [1, 11].

Н.Оралбай: «Сөзжасамдық ұяның құрамына бір негізгі түбірден өрбіген барлық туынды сөздер жататын болғандықтан, он семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды түбірлес сөздер саналады» деп жазады [2,83].

Сөзжасамдық ұяны арнайы зерттеген К.Құрманалиев сөзжасамдық ұяға анықтама беруде 4 түрлі ұстанымға мән беректігін айта ұстанымдар ғалымның пікірінше мына төмендегідей болып келеді:

- 1) сөзжасамдық ұяның мағыналық қызығушылығын көрсету;
- 2) сөзжасамдық ұяның тілдегі қызметін көрсету;
- 3) сөзжасамдық ұяның тілдегі қызметін көрсету;

4) анықтаманың қолданымға қолайлылығын кездеу, атап айтқанда негізге ала отырып, К.Құрманалиев сөзжасамдық ұя түп негіз сөзден сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған, жүзеге келетін номинация қызметін атқаратын, белгілі құрылымдағы түбірлес сөздердің жиынтығы» - деп анықтама береді. Анықтамада сөзжасамдық ұяның негізгі белгілері, мазмұны, қызметі қамтылған. Яғни жоғарыда өзі қойған шарттарға, ұстанымдарға сай анықтама берген.

Сөзжасамдық ұя бір негізгі түбір сөзден өрбіген туынды түбір құралғандықтан, негізгі түбір сөз ұядағы туынды түбір сөз жасауына негіз болады. Бір сөзжасамдық ұя тек бір түп негіз сөзжасамдық ұяның көлемі әртүрлі бола береді. Ол ұяға түп негіз сөздің өнімділік дәрежесіне байланысты болады. Ұяның түп негізгі туынды түбір жасауда тілде әртүрлі қызмет атқарған. Кейбір түбірлер өте көп туынды түбірлер жасалған болса, кейбір түбірлерден аз ғана туынды түбірлер жасалған.

Сөзжасамдық ұяның көлемі әртүрлі болатынына бас тараған туынды түбірлердің саны -143. Ал жоғары түп негізінен

туынды түбірлердің саны 105-ке жетсе, біз етістігінен жасалған сөзжасамдық ұяның түбірлес туынды түбір сөздерінің саны – 33.

Біз сөзі арқылы жасалған ұядағы *білім, білімді, білімсіз, білімсіздік, білімгер, білімгерлік, білімгерлік, білімгерлік*, т.б. осы сияқты ұядағы туынды түбірлердің бәрі – бір ғана ұяның түбірлес сөздері. Олардың басқа сөзжасамдық ұяға қатысы жоқ. Яғни бұл өр ұяның құрамы да, түбірлес сөздері де басқа болады дегенді білдереді. *Түбірлес сөздер* деп бір негізгі түбірден тараған түбірлес туынды түбір сөздердің жиынтығы аталады.

Құрамы жағынан алғанда бір сөзжасамдық ұяда бір ғана негізгі түбір сөз болады да, ұя мүшелерінің қалғандары туынды түбір сөз болып келеді. Ұяда түп негіз сөз біреу болса да, ол ұядағы барлық туынды сөздердің құрамына кіреді. Сондықтан да ұядағы туынды түбірлер түбірлес сөздер болады.

Сөзжасамдық ұяның туынды түбірлерінің бәрі – сөздік қорда орны бар бірліктер. Сөзжасамдық ұяда негізгі түбір сөз де, туынды түбір сөз де басқа туынды сөздердің жасалуына лексикалық бірлік ретінде қызмет атқарады.

Сөзжасамдық әртүрлі ұялардың құрамынан тілдегі сөзжасамдық жұрнақтардың барлығында кездестіруге болады.

Сөзжасамдық ұя тек белгілі бір сөз таптарына байланысты бомайды. Сөзжасамдық ұяның құрамындағы туынды сөздер әртүрлі сөз табынан бола берейді. Сөзжасамдық ұяның құрамында түрлі сөз табының сөздері де орын алады. Мысалы, *білімгерлік* сөзінің құрамында *білімгерлік* сөзінің түбірлес сөздері *білімгерлік* сөзінің мағыналары өзара бір-бірімен байланысты болады.

## Әдебиет:

1. Құрманалиев К. Сөзжасамдық ұя.- Алматы, 1998.
2. Оралбай Н., К.Құрманалиев. Сөзжасамдық жалпы теориялық мәселелері – Павлодар: Типография Сатына, 2011. – 348б.
3. Тоққожаева О. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұялар сөздігі. – 1996. – 75б.
4. Тоқтарова Т. Сөзжасамдық ұялар // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1996. №7-8. – 102-106бб.
5. Қалдырбаева Р.А. Структура словообразовательных гнезд с исходным словом – именем существительным в современном русском языке. Дисс. канд. филол. наук. – Алматы, 1985. – 154б.
6. Бондарко И.В. Словообразовательное гнездо омонимов в современном русском языке: дисс. ... канд. филол. наук. – Одесса, 1988. – 207 с.

## Деріс бойынша тапсырма:

1. Деріс мәтінін толықтыратын материалдар қосыңыз.

## Тақырып бойынша семинар сұрақтары:

1. Сөзжасамдық ұяның зерттелу тарихы туралы не білесіз?
2. Сөзжасамдық ұяда уақтөме болатын сөздер қандай?
3. Сөзжасамдық ұяға қандай белгілер тән?
4. Сөзжасамдық ұяның көлемі немен байланысты?
5. Сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің орналасу тәртібін не реттейді?
6. Ұя мүшелері қандай қызмет атқарады?
7. Түп негіз сөз деген не?

Дәмуғишылдық тапсырмалар:

А) К. Курмановтің «Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя мәселесінің теориялық негіздері» (Алматы, 2002) тақырыбында докторлық диссертациясымен танысып, негізгі ғылыми тұрарлықтарына қысқаша талқылап, бұл еңбектің жазылуына түрткі болған негізгі мәселелер туралы нағыз жазбаны жазыңыз (көлемі 200-300 сөз).

Ә) О. Тоққожаевтың «Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұялар сөздігі» (Алматы, 2009) тақырыбына 4-5 сөзжасамдық ұяға мысал жазыңыз.

#### Қазақ тілі білімінің тарихы

Бабаң Әбілқасымов 1931 жылы 2 қарашада Атырау облысы Исатай ауылында дүниеге келген. 1947 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін екі жыл ауылдық мектептерде оқытушы болған.

1949-1953 жылдары аралығында Атырау облыстық партия комитетінде нұсқаушы қызметін атқарған. 1958-1961 жылдары Гурьев педагогикалық институтының проректоры қызметін атқарды.

1961 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл білімі институтының аспирантурасына түсіп, «Дана ұлының газетінің тілі» (1888-1902) атты тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады.

1962-1965 жылдары «Қазақ тілінің грамматикасы» атты кітаптың авторы болып белгілі мәңгерушісі, 1994 жылдан профессор, 2001 жылдан Бас ғылыми қызметкер болып істеді.

Ғылыми бағыттары: тіл білімінің лексикография, терминология, тіл мәдениеті және тіл білімі тарихы бойынша зерттеулерге де белсене араласқан келеді.

Оның жетекшілігімен 13 ғылым кандидаты, 2 ғылым докторы даярланды.

#### ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

##### Монография мен зерттеулер

1. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы, 1971.
2. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. – Алматы, 1982.
3. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары. – Алматы, 1988.
4. Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі. – Алматы, 2001.
5. Қазақ әдеби тілінің тарихы (дәріснәма). – Алматы, 2009.

#### Оқуға арналған материалдар

Қасым Балқия Қасымқызы

##### Күрделі зат атауларының синонимиялығы

Тілдегі бір лексема мен екінші лексеманың мағыналық үйлесім-үндестіктерін қарастыратын синонимдік құбылысты зерделеу лингвистикадағы негізгі тақырыптардың бірі. Тіл білімінде синонимдер дегенімен лексикологияның нысаны тұрғысынан сараланап келген болса, соңғы жылдары сөзжасамға қатысты зерттеу бағыты мәндет етіп алынып, оның ішінде күрделі зат атауларының синонимдік құбылысы барлығы байқалып отыр. Оған қосымша мағыналық өзгеру қалыптасуы секілді түрлері де жатады.

Күрделі сөздердің мағыналық жағынан даму нәтижесінде жаңа синонимдік қатарлар түзіліп, лексикалық қордың баюына өз үлесін қосуда. Күрделі сөздердің синонимдік қатарлары тілдегі күрделі сөздің жалпы жасалуымен бірікте қарастырылады. Тілдегі күрделі синонимдер де қозғалып құбыластардың өзгеруіне, жаңаруына орай мағыналық жағынан дамып, жетіліп, қалыптасатын атаулар. Тілді, қолданыс қызметіне де маңызды қызмет атқарады. Мәселен, қазіргі баспасөз және ақпарат құралдарында жиі қолданыс тапқан сөздер және жолсапар, отбасы мен жаңа немесе ауыс-түйіс пен алыс-беріс, атажұрт, атақоныс я атамекең тәрізді күрделі сөздер тілдік айналымнан өз орындарын тапқан, бүгінгі тілдік сұраныстың қажетін өтей алатын лексемалар. Мысалы, Атажұрт-атамекең-атақоныс, Атажұрттың қайыр-қасиетін төл мергеннен артқы қы білсін? (Парасат), Билік көсіп ізден, қатын-баласын атақонысына қалдырып, сәт басы келе жатыр. (Ә.Нұрпейісов). Бүгінде қандастарымыз атамекеңге келіп, қоныстанып жатыр (Қазақтан әйелдері).

Сыртқы тұлғасы мен мағынасы жағынан, күрделі омонимдерге қарама-қарсы құбылыстардың бірі – күрделі синонимдер. Сөздердің бір-

UNREGISTERED COPY OF SCANPAD BYRUS



#### дәріс мәтіні:

1.Сөзжасамдық ұяның құрамындағы бірліктердің тұрағы. Сөзжасамдық ұяның саятқ құрамы әртүрлі болады. Сөзжасамдық ұяның құрамы үйкен де кіші де бола берді.

Сөзжасамдық ұяның көлемі түп негіз сөздің сөзжасамдық қабілетінің күнтілігіне, өнімді-өнімсіздігіне байланысты.

Сөзжасамдық ұя мүшелерінің орналасу реті (тәртібі) сөзжасамдық сатыға, тізбекке байланысты.

Сөзжасамдық ұяның құрамына сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тарам, сөзжасамдық саты кіреді.

Сөзжасамдық ұяны құрайтын мүшелердің орналасу тәртібі бір олар қалай болса солай орналасылады.

Түп негіз сөз ұяны бастаушы болғандықтан, ол жеке дара тұрақ ұядан орин алады. Түп негіз сөзден бірінші жасалған туынды сөздер бірінші сатыда орналасады. Олардан жасалған сөздер келесі 2-сатыда орналасады. Демек, сөзжасамдық саты туынды сөздердің жасалу тәртібін реттеп тұрады.

Ал сөзжасамдық ұядағы ең кіші бірлік **сөзжасамдық жұп** болады табылады. Мысалы, *кеуде-кеуделі, кеуде-кеуделе, кеуде-кеуделе*. Сөзжасамдық жұп ұяның арқасында сөздің үздіксіздігін білдіріп, өзін білдіретін сөздердің біріншісі бар.

Сөзжасамдық жұп сөздердің біріншісі бар. Туынды тәртібін сөзжасамдық тізбек көрсетіп отырады.

Сөзжасамдық тарам болса ұя ішіндегі тізбектердің туындауына негіз болып, оларды тәртіпке келтіріп отырады.

Сөзжасамдық ұяның белгілі бір құрылымы бар, оны құрайтын тұрақты мүшелері бар, ол мүшелер сөзжасамдық ұяда белгілі бір тәртіптен ғана орналасады. Және де олар өзара бір-бірімен байланысты. Демек, бұл айтылғандар сөзжасамдық ұяның жүйелі құбылыс екендігінің айғағы.

2.Сөзжасамдық тізбек. Сөзжасамдық ұяның негізгі мүшелерінің бірі – сөзжасамдық тізбек. Сөзжасамдық тізбектің негізгі мүшесі – түп негіз сөзден жасалған туынды түбір сөздер. Тізбектің құрамындағы туынды сөз біреу де, бірнешеу де бола береді.

Қазақ тілінде сөзжасамдық тізбек алғаш рет 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты еңбекте анықтам беріліп, термині ғылыми айналымға түсті. Монографияда сөзжасамдық тізбекке былайша анықтам берілген: «... бір түбірден тараған біріншісі бірі тікелей туындайтын, біріншісі бірі негіз болатын негізді сөздердің тобы сөзжасамдық тізбек деп аталады» [1,516].

Сөзжасамдық тізбектің қайсысын алсақ та, оның құрамындағы барлық туынды түбірлер тек бір ғана түп негіз сөзден басталады. Демек,

тізбектің қай-қайсысы түп негіз сөзден өрбиді, сөзжасамдық тізбектің құрамында міндетті түрде түп негіз сөз болуы анықтәді. Түп негіз сөз тізбектің негізгі мүшесі, онсыз ешбір сөзжасамдық тізбек болмайды.

Сөзжасамдық тізбекке мынадай мысалдар келтіруге болады: *біл → білім → білімді → білімділік, жиі → жиілеу → жиілеуші → жиілеушілік, өнім → өнімді → өнімділік, бос → боса → босау → босаудық, ең → еңгі → еңгілес → еңгілестік.*

3.Сөзжасамдық саты. Ұядағы туынды сөздердің жасалу ретін білдіретін тілдік бірлік сөзжасамдық саты деп аталады.

Мысалы, *өнімді-өнімділес-өнімділестік* деген туынды түбірлердің арқасына бір саты саналады. Ондағы өнімді - 1-саты, өнімділес - 2-саты, өнімділестік - 3-саты. Сонда сөзжасамдық саты сөзжасамдық ұядағы түбірлес туынды сөздердің туындау түбір сөздердің біріншісінен-біріншісі тікелей туындау ретін білдіреді. Мысалы, *біл* түп негізінен жасалған сөзжасамдық ұяда одан алдымен *білім, білімнен, білімді, білімдіден, білімділік* туынды түбірі жасалған. Сонда түп негізден жасалған білім туынды түбірі - 1-саты, білімді - 2-саты, білімділік - 3-саты болып табылады.

Сонда сөзжасамдық ұядағы түп негіз сөз сатыға кірмейді, саты құрамайды. Сонда сөзжасамдық ұядағы түп негіз сөзден жасалу заңдылығына тәртіп, бұл заңдылық туынды сөздің уәждеме болатындықтан, ол келесі туынды сөзден жасалған туынды түбір жасалушы уәждеме сөз оның алдынан тұрып, ал одан жасалған туынды сөз кейін тұруы тиіс. Ал ол туынды келесі туындыға уәждеме болатындықтан, ол келесі туынды сөзден жасалған туынды түбір жасалушы уәждеме сөз оның алдынан тұрып, ал одан жасалған туынды сөз кейін тұруы тиіс.

Сөзжасамдық жұп сөздердің біріншісі бар. Туынды тәртібін сөзжасамдық жұп болады. Мысалы, *өнім → өнімді-өнімділік → өнімділік*. Келтірілген мысалдағы 3 жұп бар. Олар: *өнім → өнімді, өнімді-өнімді, өнімділік → өнімділік*.

Сөзжасамдық жұп уәждеме сөз бен одан жасалған туынды түбір сөзден құралатындықтан, сөзжасамдық жұп тек мағынасы байланысты сөздерден құралады. Сөзжасамдық жұптың біріншісі сынары – туынды сөзді жасарушы, екіншісі сынары – одан жасалған туынды сөз. Сөзжасамдық жұптың біріншісі сынары болу үшін ол сөздің лексикалық толық мағынасы болуы шарт. Ал тұтасы жағынан ол негізгі түбір де, туынды түбір де бола береді. Ал сөзжасамдық жұптың екіншісі сынары міндетті түрде туынды түбір сөз болады.

5.Сөзжасамдық тарам. Сөзжасамдық тарам - сөзжасамдық ұяның құрамына кіретін тілдік құбылыстардың бірі. Сөзжасамдық тарам деп бір сөзден тік қатардағы бір сатыда жасалған туынды түбірлердің уәждеме сөзден тік қатардағы бір сатыда жасалған туынды түбірлердің жиынтығы аталады. Мысалы, *тісте, тісе, тісіс, тісті дегендер* – бір сөзжасамдық тарамға жатады, себебі олар осы бір ұяның 1-сатысында жасалған туындылар.

6.Сөзжасамдық ұяның мағынасы. Сөзжасамдық ұяның құрамында бір түп негізден тараған түбірлес туынды түбірлер орналасатындықтан, түбірлес сөздердің барлығының мағынасы байланысты болады. Мысалы,

басшылық, басымдық, бастаушы, баста, бастапқы, басқар, бастық, басқан, басушы т.б. түбірлес туындылар -бас түп негізінен жасалған ұяның туынды түбірлері. Бұлардың қай-қайсысы да болсын бас сөзге қатысты екені көрінпін тұр, ол осы туындылардың мағыналық байланысын көрсетеді.

#### Әдебиет:

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі.-Алматы, -1989.
2. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы.-Алматы, -2002
3. Есімсейітов Б. Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектер. Ф.ғ.к.авторрефераты. -А., 2002
4. Қазақ грамматикасы. -Астана, 2002

#### Дәріс бойынша тапсырмалар:

1. Дәріс мәтінімен танысыңыз.
2. Дәріс мәтініндегі ақпаратты мектеп бағдарламасына кіргізу үшін қандай мәселелерге көңіл бөлер елініз?

#### Тақырып бойынша семинар сұрақтары:

1. Сөзжасамдық ұяның мүшелері қандай қызмет атқарады?
2. Сөзжасамдық тізбектің анықтамасы мен ерекшеліктері туралы не айтар елініз?
3. Сөзжасамдық тізбек мүшелерінің сөз табына қатысы қандай?
4. Тізбек мүшелерінің морфемлік құрамы тең бола ма?
5. Сөзжасамдық саты деген не? Сөзжасамдық саты: анықтамасы, ерекшеліктері, мүшелері туралы не білесіз?
6. Сөзжасамдық ұяның мүшелерінің қызметі туралы не білесіз? Олардың түрлерін төртбөлігіне білдіреді?
7. Қолденең және тік қатар саты деген не?
8. Сөзжасамдық жұп деген не? Оның тізбекке қатысы қандай?
9. Сөзжасамдық жұптың саны қалай анықталады?
10. Сөзжасамдық жұпқа қойылатын талаптар қандай?
11. Сөзжасамдық тарамның зерттелуі туралы не білесіз?

12. Сөзжасамдық тарамның ұяға қатысы қандай?
13. Сөзжасамдық ұяда сөзжасамдық тарамның тұрақты орны бар ма?
14. Бір ұяда қанша тарам болады? Ұядағы тарам саны немен байланысты?
15. Үнемі сөзжасамдық тарам жасалатын саты бола ма?
16. Сөзжасам мен морфологияда қолданылатын «тарам» (парадигма) терминінің қандай ұқсастығы бар?

#### Дамытушылық тапсырмалар:

- А) Н.Есенованың «Сөзжасамдық тарам, оның ұядағы басқа біріктермен байланысы» (Алматы, 2005) зерттеуімен таныса отырып, реферат дайындаңыз (көлемі 2500-3000 сөз).
- Ә) «А.Салқынбай - сөзжасам саласын зерттеуші ғалым» деген тақырыпта баяндама дайындаңыз.
- Б) «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» (Алматы, 1989) атты монографиялық еңбектен «сөзжасамдық тізбек», «сөзжасамдық ұя», «сөзжасамдық тип», «сөзжасамдық мағына», «сөзжасамдық үлгі» туралы концепті жазыңыз.
- В) «Сөзжасамдық тізбек», «сөзжасамдық ұя», «сөзжасамдық тип», «сөзжасамдық мағына», «сөзжасамдық үлгі» зерттелуі туралы шағын ақпарат құрастырыңыз.

#### Оқуға арналған материал

#### Сөзжасамдық тарам туралы

Сөзжасамдық тарам термині сөзжасамдық парадигма (словообразовательная парадигма) деген мәнде қолданылады. Бұл термин орыс тілінің өзінің соңғы кезде ғана қолданыла бастады. Қазақ тілінде ол жана ғана қолданыса түсті, сондықтан ол түсіндірулі қажет етеді. Өйткені парадигма терминің соңғы кезге дейін морфологияда сөздің түрлену парадигмасы, түрлендік категориясының парадигмасы т.б.

Орыс тіл білімінде сөзжасамдық парадигма терминінің қалыптасуына ғалым Е.А.Земская үлкен еңбек етті. Сөзжасамдық парадигмада да бір негізден тараған бірнеше туынды сөздер орын алатын болғандықтан, оның сөзжасамдағы бір сөздің түрленуі санап, оған парадигма терминін қолданған. «Қазақ тілінің сөзжасамы» атты оқулықта парадигма тарам аталып, оған мынадай анықтама берілген: «Сөзжасамдағы тарам (парадигма) деп бір қатардағы бір сатыда бір негіз сөзден өрбіген туынды сөздердің жиынтығы деп аталады». Енді осы тілдік құбылыстың өзіндік белгілерін сипаттайық. Сөзжасамдық тарам сөзжасамдық ұяның бір мүшесі. Ол – ұяның құрамына ғана қызмет етеді, басқа жерде ол қолданылмайды, кездеспейді.

Сөзжасамдық ұя бір түп негізден жүйелі түрде, белгілі тәртіппен жасалған туынды сөздердің жиынтығы болса, сөзжасамдық тарам туынды сөздер де ұяның құрамындағы туынды сөздерге кіреді, тек оның ішіндегі тобын құрайды, сондықтан да ол оның мүшесі саналады. Бұл тарамның өз мүшесі екенін дәлелдей түседі. Өйткені сөзжасамдық ұясы сөзжасамдық тарам жоқ. Ұяда ол ұяны ұйымдастырушылық қызмет атқарады, өйткені сөзжасамдық тарам арқылы ұядағы тізбектер жасалады, ұяда қанша тізбек болса, оның бәрі сөзжасамдық тарамның мүшесінен басталады. Сөйтіп, ұяда тарам саны, тарам мүшелері неғұрлым көп болса, оның бәрі соғұрлым үлкен. Бұл сөзжасамдық тарамның ұядағы ұйымдастырушы қызметінің күштілігін көрсетеді.

Сөзжасамдық тарам құрамында бір сөзден жасалған туынды сөздер ғана болады. Мысалы, бір күй егістігінен жасалған күйік, күбіс, күбір туынды сөздері бір сөзжасамдық тарамға жатады. Осы туынды сөздердің әрқайсысы дербес лексикалық мағыналы сөздер, яғни тарам құрамына лексикалық мағыналы туынды сөздер ғана кіреді.

Сөзжасамдық тарамның мүшесі болуы үшін оның тілдік құрамында бір сөзжасамдық тарамның күйі болуы қажат. Тарамның құрамындағы туынды сөздер бір-бірімен тең қарым-қатынастағы сөздер болып саналады, оларда бір-біріне бағыныштылық қарым-қатынас жоқ.

Сөзжасамдық тарам сөзжасамдық сатыда жасалады, бірақ оның саты қатынасының өзілік сұры бар. Сөзжасамдық саты екі бағытта қызмет етеді: 1) көлденең қатар, 2) тік қатар. Сатының осы екі бағытының біреуі ғана тарамға қатысты, анығырақ айтқанда, тарам сөзжасамдық сатының тік қатарында ғана жасалады. Бұл белгісі арқылы тарам ұядағы басқа бірліктерден ерекшеленеді. Өйткені ұяның басқа мүшелері көлденең қатарда жасала береді. Мәселен, сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық тізбек. Тарам ұяның бір сатысына байланысты емес, ол ұяның түрлі сатысында бола береді. Тек ұяның 1-сатысында бір ғана тізбек болады. Сондай-ақ 1-саты тізбектің тракті орны, 1-сатыда тарам болмауы өте сирек, ең кіші бір тізбектен тұратын сатыда ғана кездеседі. Сол сияқты соңғы сатыда тарам болуы сирек кездеседі.

Сөзжасамдық тарам мен ұя көлемі, саны жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Сөзжасамдық ұяда бірнеше сөзжасамдық тарам бола беретінін де білдіреді.

Сөзжасамдық тарамның ұядағы саны тұрақты емес, бір ұяда бір ғана тарам болуы да мүмкін, бірнеше тарам болуы да мүмкін. Ол ұяның көлеміне, ұяның түп негізі сөзінің өнімділігіне, не өнімсіздігіне байланысты.

Тарам құрамы да әртүрлі, тарам құрамындағы туынды сөздер жиырмаға да жетуі мүмкін, бірақ тарам құрамы екі туындыдан кем болмайды. Сөзжасамдық құрамы да әртүрлі бола береді, бірақ олардың ұяда

қолданылу жиілігі әртүрлі. Олардың ішіндегі тоғыз туындыға дейінгі құрамынан тұратын тарам жиірек кездеседі. Әр ұядағы ең көлемді тарам 1-сатыда тұрады. Ұядан басқа сатыларда тарамның көлемі кішірейді береді. 1-сатыдағы тарам түп негіз сөзден, яғни негізгі түбірден жасалады. Қалған сатылардағы тарам туынды сөздерден жасалады. Бұл тарам құрамына әсер етеді. Өйткені негізгі түбір сөздің сөзжасамдық қабілеті туынды түбірге қарағанда күштірек. Сондықтан 1-сатыдағы тарамның құрамы көлемді болады. Бұл арала сөзжасамдық ұя мен сөзжасамдық тарамның ерекшелігі де байқалады. Сөзжасамдық ұя негізгі түбір сөзден жасалса, тарам негізгі түбірден де, туынды түбірден де жасала береді.

Синтетикалық тұрғыдан алғанда ұяда бір жұрнақ бірнеше рет қайталануы мүмкін, тарам құрамында бір жұрнақ екі рет қайталанбайды. Бұл заңдылық тарамда қатаң сақталады.

Сөзжасамдық ұяның да, тарамның да құрамында түрлі сөз табына қатысты туындылар туа береді, екеуі де сөз табына байланысты емес.

Бір ұяда қанша тарам болса да, олар қанша туынды сөзден құралса да, бір сөзден көп сөзден болуы мүмкін. Бірақ негізгі түбір сөзден ұядағы сөзжасамдық тарамның негізгі түбіріне қараған туынды сөздер, сондықтан олардың құрамындағы туынды сөздердің мағынасы байланысты болады. Ол әртүрлі сөзжасамдық ұяның тарамдарына қатысты емес, оларда мағыналық байланыс жоқ. Бір ұяның құрамындағы әртүрлі тарамдар құрамындағы туынды сөздер арасындағы мағыналық байланыс тек бір тарамның ішіндегі туындылар арасындағы мағыналық байланыста аздаған ерекшелік бар. Бір тарам ішіндегі туынды сөздер арасындағы мағыналық байланыс күшті. Бір ұядағы әртүрлі тарам құрамындағы туынды сөздер арасындағы мағыналық байланыс олардан гөрі әлсіздей.

Сөзжасамдық тарам ұяның күрделі бірлігіне жатады. Ұя құрамына кіретін сөзжасамдық бірліктер дара және күрделі болып бөлінеді. Дара бірліктерге түп негіз сөз, туынды түбір және жұрнақ жатады. Ұяның күрделі бірліктеріне сөзжасамдық жұп, тізбек, тарам жатады. Ұяның күрделі бірліктері кем дегенде екі, немесе бірнеше сөздерден тұрады. Яғни сөзжасамдық тарам құрамы да екі немесе бірнеше сөздерден тұрады. Кейде ол жырмалдан да аса береді. Мәселен, жел түп негізінен жасалған ұяның 1-сатысындағы сөзжасамдық тарам жиырма бір туынды түбірден тұрады. Бұл сөзжасамдық тарамның күрделі тілдік бірлікке жататынына дәлел. Сөзжасамдық тарамның құрамының үлкен болуы ұяның құрамының үлкен болуына тікелей әсер етеді. Яғни сөзжасамдық тарам неғұрлым көп құрамы болса, оның ұядағы саны да көп болса, ұяның көлемі де үлкен болады, яғни ұядағы туынды сөздер де көп болады. Жел түбірінен жасалған ұяда 26 сөзжасамдық тарам бар, бұл ұядағы туынды сөздің өсуіне ықпал жасаған, сондықтан бұл ұяда 152 туынды түбір жасалған. Бұл сөзжасамдық тарамның болуына, ұядағы туынды сөздің өсуіне әсері барын дәлелдейді.

**10-дәріс тегісі. Сөз таптарының сөзжасамы**  
**Дәріс жоспары:**

- 1.Сөз таптарының сөзжасамы туралы жалпы түсінік
2. Есім сөздердің сөзжасамы туралы

**дәріс мәтіні:**

1.Сөз таптарының сөзжасамы туралы жалпы түсінік. Өмірдегі түрлі жаңа құбылыстар, оқиғалар, өзгерістер сөз ретінде тілден көрініс табады. Яғни тілде ол өзгерістер жаңа сөздер арқылы орын алады. Осыған орай тілдегі әр сөз табының сөзжасамы түрлі жаңа құбылыстарды, оқиғаларды, өзгерістерді атау үшін қызмет етеді.

Сөз таптарының сөзжасам мәселесі ғылымда кеңінен зерттелген мәселелердің қатарында. Сөзжасам да, морфология да сөз таптарымен байланысты. Мысалы, сөзжасам зат есімнің сөзжасамы, сын есімнің сөзжасамы, сан есімнің сөзжасамы және т.б. Сөз таптарының сөзжасамы туралы түрлі сөз таптарының сөзжасамын қарастырады. Демек, сөзжасаммен сөз таптарымен байланысы бар деген сөз, сол сияқты морфологияда сөз таптарымен байланысты. Бірақ олардағы байланыс сөз таптарының түрленуіне қатысты. Сөзжасам мен морфологияда көмекші морфемалардан қолданылуы олардың өзара ұқсастығын білдіреді, әрине олардың арасында атқаратын қызметі жағынан үлкен айрма бары рас, дегенмен осы ұқсастық сөз таптарының сөзжасам мәселесінің ұзақ уақыт бойы морфологияда қаралуына себепші де болды деуге болады. Сондықтан сөз таптарының сөзжасамы мәселесінің ұзақ уақыт морфологияда қаралуы сөз таптары мәселесінің біршама зерттелгендігін де байқатады.

Сол сияқты қазақ тілінде кейбір журналдардың әлі күнге дейін ауытқызып, бір топ ғалымдардың сөзжасамдық журнал деп тануына, ал енді бір ғалымдардың сөз түрлендіруші деп дәлелдеуіне де сөзжасам мен морфология саласының байланысына толық дәлел бола алады. Мысалы, еркелету, кішірейту, сыйлау мәнді журналдарды біраз ғалымдар сөзжасамға жатқыза, енді бір топ ғалымдар олардың сөз түрлендіруші журналдар деп таниды.

Кейбір журналдардың дерексіз мағынасы оларды сөз түрлендіруші журнал деп қарауға себеп болды. Мысалы, сын есім сарғаш, қоқыл, бозан, сарғылттым сияқты туынды сөздердің құрамындағы журналдарын біраз ғалымдар шырай журналға деп танығаны белгілі. Ал қазір бұл мәселе ғылымда дұрыс шешіліп, сын есімнің шырайларынан шығарылып,

сөзжасамдық журнал деп танылды. Сол сияқты етіс журналдары да бірде сөз туыраушы, бірде категорияның тұтасын жасаушы сөз түрлендіруші деп санағандықтан кейде белгілі. Бұл айтылғандардың бәрі сөзжасам мен морфологияның байланысын толық дәлелдеп қана қоймайды, сөз таптарының сөзжасам мәселесінің морфологияның құрамында зерттелген де байқатады.

Өмірдегі түрлі жаңалықтар жаңа сөздердің пайда болуына итермелейді. Өмірдегі жаңалықтың жаңа заттың пайда болуына қатысы болса, ол затты атауға зат есім сөзжасамы қызмет етеді. Мысалы, ғарышкер сөзі ғарыш кеңістігін игерумен байланысты жасалды. Сол сияқты *саудагер, зергер, зейнеткер, кәсіпкер, қаламгер, шақртақы, ләткер, сыйақы, жалақы* сияқтылардың да жасалуының өзіндік тарихы бар.

Демек, тіліміздің шамғын сөзжасам жүйесі бар, сол жүйе арқылы сөз таптарының сөзжасамы қалыптасады. Қазақ тіліндегі әр сөз табының сөзжасамы тілдегі сөзжасамдық жүйенің негізгі мәселелерінің бірі. Сондықтан сөз таптарының сөзжасамы әрі күрделі, әрі мыңызды сөзжасамдағы мәселелердің қатарында.

Сөз таптарының сөзжасамы есім сөздердің сөзжасамы және етістік сөзжасамы деп болуы заңдылығы бар. Есім сөздері сөзжасамының есім сөздерінің қалыптасуына негіз болады. Өйтпесе есім сөз таптарының ішінде зат есім мен сын есімнің сөзжасамымен қабілеті ерекше күшті. Зат есім мен сын есім туынды сөздерге өте бай. Қазақ тілінде зат есім жасауға олайдан өзге сөз таптарының берлығы қатысады. 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиялық еңбекте туынды зат есім жасайтын журналдар туралы былай делінген: «... туынды зат есім жасайтын бұл түбір сөз таптарының журнал қабілетімен қабілеті біркелкі емес. Туынды зат есім, мысалы, зат есім түбірге -49, етістік түбірге -39, еліктеуіш түбірге 12, сын есім түбірге -7, қимыл есімді түбірге -7, сын есім түбірге -4, модальді түбірге -2, көмекші есімді түбірге -1, есімлік түбірге -1, үстеу түбірге -1 журнал жалғаны арқылы жасалады. Сол сияқты сын есімде туынды сөздерге өте бай сөз табы, он бір санынан бастап, миллион, миллиарда дейінгі бүкіл күрделі сан атаулары сан есімнің туынды сөздерге байлығының көрсеткіші десе болады. Ал үстеу - туынды сөздерге кейде сөз табы.

Бұл айтылғандардан есім сөздердің бөрінің де өзіндік сөзжасамы бар екені және олардың сөзжасамдық қабілетінің түрлілігі байқалады. Ол әр сөз табының сөзжасамында сөзжасамдық тәсілдердің түрлі қызмет атқаруына байланысты. Мысалы, зат есімнің сөзжасамында сөзжасамдық тәсілдердің сөзжасамдық журнал тәсілінің, сөзжасамдық күрделендіру тәсілінің, сөзжасамдық мағына тәсілінің барлығымен белсенді қызмет атқаратынын байқаймыз. Ал сан есімнің сөзжасамы туралы олай пікір айтуға келмейді, өйткені сан есімнің сөзжасамында негізінен

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

қурделендіру тәсілі қызмет етеді. Сол сияқты зат есім өзінің құрамын туынды сөздермен байытып, толықтырып отыратын болса, сан есім өзінің сөзжасамдық қызметін тоқтатқан сөз табы. Зат есім мен сан есім сөзжасамы өте өнімді болса, үстеуде ондай өнімділік байқалмайды.

Есім сөз таптарының сөзжасамы етістік сөзжасамымен салыстырғанда, өзгеше топ құрағанымен іштей өнімді ерекшеліктері де жоқ емес.

Зат есімнің сөзжасамын алғаш А. Ысқаков, А.Төлеуов сияқты ғалымдар зерттеді. Мысалы, 1956 жылы А.Төлеуов «Қазақ тілінде зат есім мен сан есім тудыратын жұрнақтар» деген еңбек жазды. Онда зат есім тудыратын өнімді, өнімсіз жұрнақтар, кішірейту, еркелету жұрнақтары, етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар, сан есім тудыратын өнімді, өнімсіз жұрнақтар, зат есім мен сан есімге ортақ өнімді, өнімсіз жұрнақтар т.б. мәселелер қарастырылған.

Ғалым А.Төлеуов туынды сан есім жасайтын жұрнақтарды «зат есімнен сан есім тудыратын өнімді жұрнақтар», «зат есімнен сан есім тудыратын өнімсіз жұрнақтар», «етістіктен сан есім тудыратын өнімді жұрнақтар» және «етістіктен сан есім тудыратын өнімсіз жұрнақтар» деп төртке бөліп қарастырды.

#### Әдебиет:

1. Төлеуов А. Қазақ тілінде зат есім мен сан есім тудыратын жұрнақтар.-Алматы, 1956.
2. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы. - Алматы, 1985.
3. Қазақ грамматикасы.-Астана, 2002.
4. Оралбай Н., Құрманалиев К., Балтабаева Ж. Қазақ тілінің сөзжасамы.-Алматы, 2014.
5. Қалиев Ғ.Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері.-Алматы, 2002.
6. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспекті). Алматы, 1999.

#### Деріс бойынша тапсырмалар:

- 1.Деріс мәтімімен танысыңыз.
- 2.Деріс мәтіміндегі ақпаратты 5-сынып оқушыларына түсінікті етіп баяндап көріңіз.

#### Тақырып бойынша семинар сұрақтары:

1. Сөз таптарының сөзжасамы мәселесі қай кезден бастап зерттелді?
2. Сөз таптарының сөзжасамы мәселесін арнайы зерттеген ғалымдардың еңбектеріне тоқталыңыз.
3. Сөз таптарының сөзжасамдық қабілеті неге әртүрлі болады?
4. Қазақ тіліндегі әр сөз табының сөзжасамдық жұрнақтары туралы қандай да бір статистикалық мәлімет келтіре аласыз ба?
5. Сөз таптарының сөзжасам туралы толық мәліметті қандай еңбектерден табуға болады?

#### Дамытушылық тапсырмалар:

- А) Қазақ тіліндегі жаңа қолданыстар негізінде әртүрлі тәсіл арқылы жасалған жаңа сөздерге 25-30 мысал теріп жазып, талдау жасаңыз.
- Ә) Сөз таптарының сөзжасамы бойынша жазылған еңбектердің негізінде библиография құрастырыңыз.

#### Қазақ тілі білімінің таралмалары

##### Әбуәли Қайдар

«Күнәден пәк сәби секілді өмірге қайта келген тіліміздің жөрегін жөндеп, бесігін түзеуді осы бастан қолға алған дұрыс. Біз үшін тіліміздің мемлекеттік статусын заңдастырып қою аз. Оны академик Әбуәли Қайдар ұсына берген қолдану мәселеті болса, қолға керек. Сөйткенде ғана оң тәсіл табылады. Жетпіс жасқа жетіп, тіл білімі туралы білгендеріңізді білдіріңіз»  
Әбуәли Қайдар

«Адамның азаматтығын таразыға салып өлшеп білу, әрине қиын. Алайда өмір жолы соғыс жылдарының ауыр соқпақтары мен бейбіт кезеңнің ерлік еңбектерінен тұратын, кешегі майдангер, бүгінгі қалмгер ғылым сардары Әбуәли Қайдаров сынды азаматтар тірлігі, ісі – кейінгі ұрпақ үшін өнеге»

Өмірзақ Айтбаев

Әбуәли Туғанбайұлы Қайдар 1924 жылы 13 желтоқсанда Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Таңдыбұлақ ауылында дүниеге келген. Қазақ тіл білімінің көрнекті маманы, белгілі тұлғатанушы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі (1983), Қазақ ССР –інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1982), Шоқан Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың иегері (1971), Түркияның «Dil Kigisi» лингвистикалық қоғамының құрметті академигі (1991), Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрметті президенті (2004), ҚР БҒҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, Ұлы Отан соғысының ардагері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып елге оралған соң, 1951 жылы Қазақ мемлекеттік университетін үздік бітіреді. 1954 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының аспирантурасына қабылданып, оны «Ұйыр тілі» мамандығы бойынша аяқтайды.

Ғылыми аспирантан академикке дейінгі (1954-2012), екіні ғылыми қызметкерден академиялық ғылыми-зерттеу институтының директорына (1954-1978) дейінгі ғылымдағы құрмыры ҚР Ұлттық ғылым академиясының (қазіргі ҚР Білім және ғылым министрілігінің құрамындағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қара шаңырағында өтуде.

**Ғылыми бағыттары:** лексикология, түркітану, этнолингвистика.

Түркітану ғылымына, соның ішінде, әсіресе қазақ тілі білімі мен ұйғыртану саласына қосқан нақтылы үлесі мен сіңірген еңбегі оның жарыяланған 500-ге жуық ірілі-кішілі (жалпы көлемі 1000 б.т. астам) лингвистикалық проблемалардың теориялық өзектілігі мен практикалық қажеттілігінен де, тақырыбынан да айқын көрінеді.

Майдандағы жауынгерлік ерлігі үшін Ө.Қайлар III дәрежелі «Даңқ» (1944), I дәрежелі және II дәрежелі «Отан соғысы» (1944), екі мәрте «Қызыл Жұлдыз» (1945) ордендерімен және «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Героизммен және Ұлттық батырлықпен қорғанышы» т.б. медальдармен марапатталған. Соның ішінде Ө.Т.Қайлардың ғылыми-педагогтік қызметі, ғылымды дамытудағы, ғылым кадрларын даярлаудағы еңбектері үкімет тарапынан жоғары бағаланып, «Халықтар достығы» ордені, «Отан» ордені, «Құрмет нышаны» (Түркия ордені) және 12 медаль, көптеген құрмет грамоталарымен марапатталды.

#### ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

##### Монография мен зерттеулер

1. Развитие современного уйгурского литературного языка. Уйгурские диалекты и диалектная основа литературного языка. – Алматы: 1969. Ч.1. – С.359.
2. Фонетические факторы семантического развития слов в тюркских языках. – Ташкент, 1980, С.156.
3. Структура одноязычных корней и основ в казахском языке. – Алматы: 1986. – С.328.
4. Тысяча метких и образных выражении казахско-русский фразеологический словарь с этнолингвистическими пояснениями. – Астана: Білге, 2003. – С.368.
5. Халық дағдылары (қазақ мақал-мәтелдерінің түсінірме сөздігі және зерттеу). – Алматы, 2004. – 359б.
6. Қапшы (тарихи шежіре). – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 610б.
7. Қазақ қандай халық? – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.

8. Қазақтар ана тілі әлемінде. – Алматы, 2009.

##### Оқу құралдары

9. Түркологияға кіріспе. Университеттер мен педагогикалық институтының филология факультеті студенттеріне арналған оқу құралы (М.Оразовпен бірге). – Алматы, 1985. – 166б.
10. Түркітануға кіріспе. 3-басылым (М.Оразовпен бірге). – Алматы: Арыс, 2004. – 360б.

##### Мақала мен баяндамалар

11. Латыншаға көшу – заманауи қажеттілік, бірақ ол ұзаққа созылатын процесс // Алматы ақшамы. 2 қараша 2006. – 4б.
12. Ел мәдениеті тілден басталады. Қазақ тілінің тағдыры мен болашағы // Егемен Қазақстан, №12. 13 қытар. 2006. -5б.
13. Түркітанудың жаңа көзқарастары // А.Яссауи университетінің Хабаршысы, 2002, №1. – 3-6б.

##### 11-дәріс тегісі. Зат есім сөзжасама

##### Дәріс жоспары:

1. Зат есім сөзжасама туралы түсінік
2. Зат есімнің жұмыс жасауы туралы түсінік
3. Зат есімнен ат атуының жасалуы
4. Етістіктен зат атауын жасайтын жұрнақтар
5. Күрделі зат атауларының жасалуы
6. Зат есімнің сөзжасамдық мағына тәсілі арқылы жасалуы

##### тақырып бойынша негізгі ұғымдардың лингвистикалық сөздігі:

**зат есімнің сөзжасамдық жұрнақтары** – алуан түрлі сөздерден туынды түбір зат атауын жасайтын жұрнақтар (Н.Оралбай)

**заттану, субстантивтену** – басқа сөз таптарына жататын сөздердің зат есімге айналуы. Субстантивтену көбінесе сын есімдер мен есімшелерге тән. Олардың бірақтары біржолата зат есімге айналып кеткен: *ауыр, қызылдар, сары (ру аты), Түркіні, Бақалы, Жалаңды (жер атаулары), Дәстемел, Ұлан, Жүрген (адам аттары), алашақ, берешек, құймақ, соқпақ, тіпек*. Бірақтар сөз зат есім қызметін де, өздері жататын сөз таптары қызметін де атқарады: *суық, салқын, жарық, жас, көрі, ескі, жаңа*. Бұлардың нақты қызметі сөз тіркесінде, сөйлем құрамында анықталады (Ғ.Қалиев)

##### дәріс мәтіні:

1. Зат есім сөзжасама туралы түсінік. Зат есімнің сөзжасама өте күрделі болып келеді. Ойыңкі зат есімде сөзжасамдық тәсілдердің барлығы бірдей қатысады және барлығы да белсенді қызмет атқарады.



Қысқартқан мекеме, ұйым, мемлекет, атаулары тілімізден кең орын алады. Мысалы, АҚШ – Америка Құрама Штаттары, АХАТ – Азаматтық хаз актілерін тіркеу, БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары, ҚазМұнайГаз – Қазақ мұнай газ, ҚазАқпарат – Қазақ ақпарат, ҚазҰУ – Қазақ ұлттық университеті, ҚазҰПУ – Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, ҚазҰТУ – Қазақ ұлттық техникалық университеті, ҚР – Қазақстан Республикасы, ТМД – Түркістан мемлекеттер достастығы ҰҒА – Ұлттық ғылым академиясы, ҰБТ – Ұлттық бірыңғай тест, БҰҰ – Біріккен Ұлттар ұйымы, ЖОО – Жоғары оқу орындары, ҚХР – Қытай халық республикасы т.б.

Біріккен, кіріккен зат атаулары. Кіріккен зат есімдер - екі сөздің бірігуі нәтижесінде іштей дыбыстық өзгеріске ұшырап, өлден жымдасып, тұтасып, ықшамдалып кеткен күрделі сөздің бір түрі. Мысалы, білезік, қарлығаш, қозғал, белбеу, ағайын, көзіндірік, адыраспан, қозғанат, сәресі, қозғал, жарағанат, жегжат, Төвежан, Деметкен, Құрманғазы, Сәкен т.б.

Тіркескен күрделі зат атаулары. Тіркескен зат есімдер көбінесе екі сөзден құралаып, бір лексикалық мағына беретін, орфография ережелері бойынша бөлек жазылатын күрделі сөздердің бір түрі. Мысалы, сым темір, азу тіс, көрі желік, бас бармақ, мүшел жас, жетпі назына, күшік күлеу, кіндік иеше, сабақ кестесі, күн тәртібі, іс қағазы, қабылдау бөлмесі т.б.

Қосарланған күрделі зат атауларының бір тобын қос сөздер құрайды. Қосарланған күрделі зат атауларын тілге кең орын алады. Мысалы, ата-ана, жоқ-ешіне, аяқ-аяғына сияқты туыстық атаулары; дам-тұз, күрт-май, қызыл-қарма, жала-жала, ас-су, өкпе-бауыр сияқты тамак атаулары; аяғы-ой, атақ-данқ, ар-ұят, ар-ұждан сияқты дерексіз зат атаулары басқа толып жатқан заттар мен құбылыс, оқиғаларды қос сөздер білдіреді.

6. Зат есімнің сөзжасамдық мағына тәсілі арқылы жасалуы.

#### Әдебиет:

- 1.Төлеуов Ә.Қазақ тіліндегі зат есім мен сын есім тудыратын жұрнақтар. – Алматы, 1975.
- 2.Н.Оралбай. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002.
- 3.Кәсіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 1989
- 4.Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002

#### Деріс бойынша тапсырмалар:

1. Деріс мәтінін оқыңыз.
2. Деріс мәтініндегі «Зат есімнің сөзжасамдық мағына тәсілі арқылы жасалуы» деген тақырыпта түрлі еңбектермен таныса отырып аяқтаңыз.

#### Тақырып бойынша семинар сұрақтары:

- 1.Зат есім неге туынды сөздерге бай?

- 2.Зат есімнің сөзжасамдық жұрнақтарының мағыналық құрамы қандай?
- 3.Зат есімнің сөз мағынасын өзгертетін жұрнақтарын мағыналық топқа бөлу мүмкін бе?
- 4.Есім сөздерден зат атауын жасайтын жұрнақтар деп неге атайды?
- 5.Зат есімнің сөз түрлендіретін жұрнақтары деп неге атайды?
- 6.Сыйлау, құрметтеу мәнді жұрнақтар қандай, олардың ерекшелігі неде?
- 7.Еркелету және кішірейту мәнді жұрнақтар қандай қолданылады?
- 8.Көксіну, қомсану мағынасындағы жұрнақтар қандай сөзге жалғанады?
- 9.Зат есімнің күрделендіру тәсілі қазір өнімді ме?
- 10.Заттың күрделі атауларының жасалуының ішкі тәсілдері қандай?
- 11.Қай сөз таптарының сөзжасамдық мағына тәсілі арқылы зат есімге көшкенін білесіз?
- 12.Бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы қонне құбылысқа жата ма?

#### Дамытушылық тапсырмалар:

- А) Б.Қасымның «Күрделі аталым жасалыма: когнитивті-дискурстық ұстаным» (Алматы, 2010) атты еңбегі бойынша негізгі тұжырымдарын конспектіленіз.
- Ә) «Профессор Н.Оралбай - сөзжасам саласының негізін қалаушы» деген тақырыпта баяндама жазыңыз.

#### Көрсеткіш бірінші тапсырма:

Рәбиға Сыздықованың «Рәбиға Сыздықованың

«Рәбиға Сыздықованың өсиетіндегі бір ерекшелік: тіл мамандары мен әдебиетшілерге қатар айтар орынды, кенесуі ойы бар және сол ойды тарағын айта аларлық тіл құдіреті мейлінше жеткілікті екендігі»

Мұхтар Әуезов

«Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, тіл мәселесіне күйіп-жаншп араласып келе жатқан нағыз ғалым адам – Рәбиға қарындас Сыздықова»

Ғабит Мүсірепов

«Р.Сыздықова – нағыз ғалым, әсіресе тілші-ғалымның «Дулат сияқты ақынды тастап кетіп қазақ поэзиясын жырлау, бір жеңі жоқ, не бір етегін алған әсерлі шапан ұсынғанмен бірдей» деген пікірі айызды қандырды».

Оралхан Бөкей

Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық 1924 жылы 17 тамызда Ақтөбе облысы Ойыл қалашығында қызметкер отбасында дүниеге келді. 1938-1940 жылдары Темір қаласындағы педучилищеде оқыған. Еңбек жолын

16 жасынан Алға поселкесі мен Темір қаласында мектеп мұғалімі, педучилищені оқушысы қызметінен бастайды (1940-1945).

1944 жылы жедөк түрде екі жылдық Ақтөбе оқытушылар институтын бітірген. 1945-1947 жылдары Абай атындағы Алматы педагогикалық институтында, 1947-1951 жылдары осы институттың аспирантурасында оқыған. 1951-1957 жылдары Қазақ мемлекеттік оқу-педагогика баспасында (қазіргі «Рауан») әуелі редактор, кейін редакция меңгерушісі, 1957 жылдан бастап Қаз КСР Ғылым академиясының Тіл білімі институтында (қазіргі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты) ғылыми қызметкер, 1961-1994 жылдары бойы меңгерушісі, 1994 жылдан бастап ғылыми қызметкері, ҚР УҒА академигі, докторы, профессоры.

Ғалым 1959 жылы «Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық, 1971 жылы «Абай шығармаларының тілі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

**Ғылыми бағыттары:** қазақ әдеби тілінің тарихы, қазақ тіліне қатысты бар ортағасырлық жазба ескерткіштер тілі, тарихи лексикология, лингвистикалық стилістика, тіл мәдениеті т.б.

Ұлы Абайдың «Абайдың өлеңдері мен жырлары» еңбегіне ерекше рөліні, оның табиғат, өмір, еңбек, ақыл-ой, философиялық сипаттары өрі қарай жалғастырылып, осы салада үш көлемді монография жариялады: «Абай шығармаларының тілі» (1968), «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (1971), «Абайдың сөз өрнегі» (1995). Абай тілін кеңінен зерттеген осы еңбектері үшін және «Абай» энциклопедиясындағы мақалалары үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып алды (1996).

Р.Сыздықтан дұрыс жазу, дұрыс сөйлеу ережелерін түзуге, яғни қазақ тілінің нормаларын қалыптастыруға (кодификациялауға) арналған еңбектері де – өз алдына бір төбе. Бұл мәселелермен 1951 жылдан бастап айналысып бірнеше еңбек жариялады. Атап айтқанда: «Емле және тыныс белгілері» (алғашқы басылымдардағы атауы «Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш») (1959, 1974, 1996, 2000), «Сөз сазы» (1983, 1995, 2000) т.б.

Ғалымның ұзақ жылдар бойы аса өнімді еңбек етіп, жемісті зерттеулер беріп келе жатқан саласы – тіл мәдениеті мен қолданбалы лингвистика. Бұл ретте ғалымның неше ондық сөз туралы, сөз қолдану және әдеби норма т.б. мәселелерге арналған бірқатар теориялық зерттеулері ғылыми жинақтарды («Жазушы және сөз мәдениеті», Алматы, 1983; «Қазақ әдеби тілінің ауызыша түрі», Алматы, 1987 т.б.) және ғылыми журналдарда жарияланды.

Р.Сыздықтың тікелей басқаруымен және белсене қатысуымен «Қазақ орфографиясы негізгі ережелерінің жаңа нұсқасы» жасалды.

Негізгі ереженің жаңа редакциясы кезінде Қазақ КСР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен 1983 жылдың 25 тамызында бекітілді.

Репрессияға ұшыраған аса көрнекті ғалым мен қоғам қайраткерлері, қазақ тілі білімінің негізін қалаушылар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов сынды ғалымдардың өмірі мен ғылыми еңбектері туралы алғашқы болып, ғылыми очерк жазып, кітапшалар шығарды. Оның Қ.Жұбанов туралы «Ғалым-азамат» (1996, 2004), А.Байтұрсынұв туралы «Ахмет Байтұрсынұв» (1990) деген кітапшалары жұртшылыққа кеңінен мәлім. Оның бас редакторлығымен Халел Досмұхамедовтің «Тандамалы» (Алматы, 1998) деген көлемді еңбектері жарық көрді.

Р.Сыздық ұзақ жылдар бойы ғылым қаштарының даярлау ісіне үзбей ат салысып келеді. Қазақ КСР Ғылым академиясының Филология ғылымдары бойынша біріккен кеңесінің ғалым-хатшысы (1969-1975), 1975 жылдан бері ҚР Ұлттық ҒА-ның А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы докторлық, кандидаттық диссертация қорғау жөніндегі мамандандырылған кеңесінің мүшесі ретінде осы аталған кеңестердің жұмыстарына үзбей қатысып келеді. Р.Сыздықтың іргелі ғылыми зерттеу еңбектері тек республика көлемінде ғана емес, сонымен бірге елден тыс жұртшылыққа кеңінен мәлім. Ғалымның Түркияның «Алтын Ғылым» журналындағы «Абайдың «Абай» еңбегінің үш есебіне үлкен інеу» мақаласы – осының бірі.

Р.Сыздық – оқулықтарын, сөздіктерін, ғылыми монографияларын, кітапшаларын және олардың бірқатарының өңделіп, толықтырылып, едәуір жаңартылып қайта басылғандарын қоса есептегенде, 27 кітаптың, сонымен қатар 400-ден астам мақаланың авторы. Ғалымның ғылыми жетекшілігімен 9 докторлық және 20 кандидаттық диссертация қорғады.

Ғалымның ғылыми-педагогикалық қызметі, ғылымдағы қарлрарын даярлаудағы еңбектері Үкімет тарапынан жоғары бағаланып, бірнеше мәрте (1961, 1973, 1982) Қазақ КСР Жоғарғы Советінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. 1971 жылы «Құрмет Белгісі» орденінің, 2004 жылы «Парасат» орденінің иегері атанды. 1984 жылы «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағы беріліп, есімі Қазақ КСР-інің «Құрметті Алтын кітабына» жазылды (1981), Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың (1995), ҚР Мемлекеттік сыйлықтың (1996) лауреаты атағына ие болды. 1945 жылы «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

#### ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

##### Монография мен зерттеулер

1. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы: Ғылым, 1970. -176б.
2. Сөздер сөйлейді. – Алматы : Санат, 1994 – 190б
3. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 1995. – 207б.

4. Сөз сазы (Сөздік дұрыс айту нормалары). – Алматы: Ғылым, 1983. -766.; 1995.-1186.
5. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 223б.
6. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. – 228б.
7. Яссауи «сикметтерінің» тілі. – Алматы: Сөздік, 2004. – 552 б.
8. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми-танымдық зерттеу. – Алматы: Арыс, -2009. -272б.

**Оқу құралдар**

- 9 Қазақ әдеби тілінің тарихы (М.Балақаев, Е.Жанпейсовпен бірге). – Алматы, 1968. – 240б.
  - 10 Абай шығармаларының тілі (Лексикасы мен грамматикасы). – Алматы, 1968. 335б.
  - 11 Ғалым – азамат (проф. Қ.Жұбановтың өмірі мен творчествасы туралы). – Алматы: Қазақстан, 1966. – 72б.
  - 12 Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар (авторлық бірлестікте). – Алматы, 1985. 68б.
  - 13 Қазақ әдеби тіліндегі сөз құдіреті (авторлық бірлестікте). – Алматы, 1985. 68б.
  - 14 Язык «Жамнат-Тауарих» жалаири. – Алма-Ата, 1989. – С.243.
  - 15 Ахмет Байтұрсынұов. – Алматы: Қазақстан, 1990. – 52б.
  - 16 Қалдырғали би Қосымұлы және оның жыһнамалар жинағы (М.Қойғашдишевпен бірге). – Алматы Қазақ университеті, 1991. – 272б.
  - 17 Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320б.
- Оқу-әдістемелік құралдар**
- 18 Көркем тексті лингвистикалық талдау (Б.Шалабаевпен бірге). – Алматы: Мектеп, 1989. -126б.
  - 19 Емле және тыныс белгілері. – Алматы: Рауан, 1994, 1996. -285б.
  - 20 Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000, 2001. – 526б.

**12-дәріс темесі. Сын есімнің сөзжасамы**

**Дәріс жоғары:**

- 1.Сын есім сөзжасамы туралы түсінік
- 2.Сөзжасамның жұрнақты тәсілі арқылы жасалған сын есімдер
- 3.Күрделендіру тәсілі арқылы жасалған сын есімдер

**тақарып бойынша негізгі ұғымдардың лингвистикалық сөздігі:**

альективтену – басқа сөз таптарының сын есімге айналуы. Ол – басқа сөз таптарының сындық қасиетке не болуымен байланысты. Мыс.: *оқыған азамат* дегенде есімше тұлғасындағы *оқыған* сөзі субъектінің қимылын емес, сындық белгісін білдіріп тұр. Сын есімге айналатын сөздер негізінде морфологиялық жолмен туады: *бойшаң, бауырмас* - зат есімдерден; *тайсақ, тебеген, сүзеген, оқыған* - етістіктерден.

**дәріс мәтіні:**

1.Сын есім сөзжасамы туралы түсінік. Сөз таптарының ішінде зат есім мен етістік сөзжасамынан кейінгі орынды сын есім сөзжасамы алады. Туынды сын есімдер есімдерден де, етістіктерден де жасала береді. Мысалы, мәдени, әдеби, жақсылы-жаманды т.б.

Сын есім сөзжасамы зат есім мен етістіктен кейінгі орынды алады. Сын есім есім сөздерден де, етістіктен де жасала береді. Мысалы, *тарихи, мәдени* - зат есімнен, *бесік, ұштық* – сан есімнен, *жақсылы-жаманды, үлкенді-кішілі* – сын есімнен жасалған туынды сын есімдер.

Сын есімінің сөзжасамы бұрын тек оқулықтарда, монографиялық әдебиеттерде ғана қолданылып келгендіктен, 1977-2000 жылдары «Сын есім сөзжасамы» (А.А.Аманжол) және Н.Оралбайдың «Қазақ тілінің сөзжасамы» атты оқулығында алғаш рет енген деуге болады.

2.Сөзжасамның жұрнақты тәсілі арқылы жасалған сын есімдер.

«Қазақ грамматикасында» сын есім жасайтын 25 түрлі жұрнақ көрсетіліп, олардың сөзжасамдық қызметі қарастырылған.

- *дығ/-дығ/-тығ* өнімді жұрнақ болып саналады. Мысалы: *аталық, әйеллік, бастықтық, інілік, құрбылық* т.б.

- *-мал/-мел* жұрнағы –мә аффиксінен дамып шыққан, құранды жұрнақ , әрі өнімсіз жұрнақ. Бұл жұрнақ арқылы жасалған екі, үш қана туынды сын атауы жасалады. Мысалы: *танымал, бауырмал, саумал (қымыз), түнемел (қымыз)* т.б.

-*шы/-ші* жұрнағы өнімсіз жұрнақ болып саналады. Мысалы: *ортаныш, алданыш, өткеніш, алданыш* т.б.

Сын есімінің сөзжасамдық жұрнақтарының қабілеті жағынан өнімді және өнімсіз болып екіге бөлінеді. Өнімді сөзжасамдық жұрнақтарының ішінен *-ды, -лі, -ты, -ті, -лы, -лі* жұрнағы белсенді қызмет атқарады. Мысалы: *таулы, тасты, ақылды, белделді, атақты* т.б.

Өнімсіз жұрнақтарға *-қы, -кі* жұрнағы арқылы жинақы, бұралқы сияқты ағзана туындылар жасалған.

Есім сөздерден туынды сын аталымын жасайтын жұрнақтардың өзі әртүрлі мағына береді.

1. Белгінің барлығын, молдығын білдіретін жұрнақтар

-лы, -лі: сулы жер, нулы жер, таулы жер, білімді адам, балалы үй, пайдалы кенес, жауалды күз т.б. Мысалы:

2.Кәсіптік білікті, қатыстықты білдіретін жұрнақтар

-паз: аспаз, асемпаз, өнерпаз. Мысалы: Әсемпаз болма өрнеге, Өнерпаз болсаң арқалан (Абай).

-и: мәдени, тарихи, әдеби, әскери. Мысалы:

3.Адам қасиеттерін білдіретін жұрнақтар

-ыр, -ір: сыйлыыр, болбыр.

-ақ: жалтақ, бұлтақ.

-ғақ, -геқ: ұрысқақ, тонғақ

-ғал: сөйіттал, ұзыттал, өсіттал

-ғалақ/-ғалақ: ұнғалақ, жанғалақ

-қой, -төй: жанжалқой, азілқой

-қор: пәлекор, мансақор, бейнетқор, қамқор, паракор

-шыл, -шіл: ойшыл, уайымшыл, ұйымшыл

-шы, -лі: инабатты, тәртіпті, тәрбиелі, әдепті, ибалы, мәдениетті

-шаң, -шең: сөзшең, апушан, аурушаң

4.Мезгіл мәнді жұрнақтар

-ғы, -гі: күзгі, күнгі, жазғы, қысқы, күзгі

-лық: күзлік, күнлік, жазлық, қысқылық

5.Белгілі қасиетті білдіретін жұрнақтар

-сыз, -сіз: сусыз, білімсіз, баласыз, ақылсыз, жеңсіз

-дай, -дей, -тай, -тей: ауалай, аттай, сүттей,

7.Ортақ белгі және туыстық мәнді жұрнақтар

-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес: пікірлес, өрітпес, ниеттес, демдес,

пікірлес, демдес

8. Жаңыз заттар белгісін білдіретін жұрнақтар

-тақ: тақтақ

-лық: сулық, майлық

9. Дерексіз сымдық белгісін білдіретін жұрнақ

-лық, -лік: кісілік, жеңілдік, азаттық

-тек: жеңілтек

-дыс: сыйдыс, қадірдыс

-лы: қадірлі, саналы, сыйлы, құрметті

3.Күрделендіру тәсілі арқылы жасалған сын есімдер. Күрделі

сындар деп екі не одан да көп сындардан құралып, бір сындық ұғымды,

белгіні білдіретін сөздер аталады. Мысалы, ал қызыл, қара көк, ұзын

тұра.

Күрделі сындар бір белгіні білдіретін бір сөз, бір лексема болып

саналады және ол қанша сындардан құралса да, бір сөздің қызметін

атқарады, сөзге қойылатын барлық талаптарға сай келеді. Күрделі сындар

аналитикалық тәсіл арқылы жасалады. Сол себепті де ол сөйлемде дайын

күйінде жұмсалады. Мысалы: қара ала, ал қызыл, қызыл күрең, ақ күбі,

қара торы т.б.

Күрделі сындар аналитикалық тәсілдің 3 түрі арқылы жасалады. Олар: біріктіру, қосару, тіркестіру тәсілдері. Тіпсе осы тәсілдер арқылы жасалған күрделі сындарды біріккен сын есімдер, қосарланған сын есімдер және тіркесті күрделі сын есімдер деп атау қалыптасқан.

1. Біріккен күрделі сын есімдер тілде онша көп емес. Мысалы: тілалғын, алаңғасар, қонақжай, балажан, кеудемсоқ, етжесөй, есерсоқ, кертартпа, біртоға, қаранайым, кірпияз т.б.

2. Қос сөзлі күрделі сын есімдер тілде өте көп. Мысалы: жаманды-жақсылы, ұзынды-қысқалы, ала-құла, ағал-жағал, кейір-бұдыр, ұясы-жуыны, ұсақ-түйек, тегейей-теңіз, үлкен-үкіен, ұзын-ғұзын, армалы-тоқпалы т.б.

3. Тіркескен күрделі сындар тілден кен орын алады. Мысалы: қоңыр салқын, ақ сары, майда қоңыр, түлкі тымақты, тамға тұйық, күрең қызыл, қызыл шұнақ, түлкі тымақты т.б.

Тіркесті күрделі сындардың жасалу жолдары әртүрлі. Сондықтан олардың кейбір түрлеріне тоқталу қажет.

1. Тіркесті күрделі сындардың сындары негізгі сындардан

жасалады. Мысалы: ақ қызыл, қызыл күрең, ақ күбі.

2. Күрделі сындар сындардың қатыстық сын және сын санының тіркесінен жасалады. Мысалы: қоңыр өңді, қызыл шырайлы, қара мұрты, толық денелі т.б.

3. Күрделі сындың екі сындары да қатыстық сындың жасалады.

1.Төлеуов Ә.Қазақ тіліндегі зат есім мен сын есім туыратын жұрнақтар.

– Алматы, 1975.

2.Н.Оралбай. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002.

3. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жұресті. – Алматы, 1989

4. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002

Дәріс бойынша тапсырмалар:

Дәріс мәтінін оқыңыз.

Тақырып бойынша семинар сұрақтары:

1.Сын есімнің сөзжасамының негізгі тәсілдері қандай?

2.Сын есімнің сөзжасамдық жұрнақтарының ерекшеліктері бар ма?

3.Туынды сын есімдерге негіз болатын сөздер қай сөз табынан болады?

4.Күрделі сындардың өңішкі белгілерін көрсетіңіз?

Қазақ тіл білімінің тараландыры

Сейітабес Итеев

«Сейібектің үлкен филологиялық мектептің тас түлегі екендігі алғашқы зерттеу мақалаларынан бастап көлге ұрып тұрғанды. Кейін үлкен ғылымға келген соң да етіміні тақырыптарға емес, төсегі адал, тәні таза өзекті тақырыптарға бой ұрды»

*Әбди Көкібайұлы*

«С.М.Исаев тілінің түсініктілігі арқасында таныс емес ұғым танылып, бүгінгі күнде қазақ тілі білімінде қалыптасып кеткен ұғымдардың біріне, сөйтіп халық игілігіне айналды»

*Байынқол Қатпары*

«...С.Исаевтың кез келген ғылыми мақаласын оқысаңыз да бір жақты қала алмайсыз. Сіздің біліміңізде бір күмен тұрғандай, оқын шыққан дүниенің ішіндегі ойды енді өз сөзіңіздегі материалдар мен фактілерге апарғыңыз келеді. Тағы бір қайтадан қарап, С.Исаев идеяларымен үндестік тапқыңыз келеді, тағы бір ілгері қадам басқыңыз келеді. Бұл ғылым үшін де, адам үшін де сіммул жағымды зерт пайдалы ізденіс»

*Гүлдархан Смағұлова*

Сейібек Мұхамеджарұлы Исаев 1938 жылы 13 наурызда Омбы облысы Назыбай ауданы Күрнейтұр ауылында («Еңбекші қазақ» колхозында) дүниеге келген.

1952-1957 жылдары Омбы педучилисесін «Бастауыш мектепте оқыту» мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1957-1962 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің қазақ бөліміне түсіп, үздік бітіреді.

Еңбек жолын 1962-1968 жылдары Қазақ КСР ғылым академиясы Тіл білімі институтында кіші ғылыми қызметкер болып бастайды. 1966 жылы «1920 жылдардағы мерзімді баспасөз тілі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Осы жылы Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы қызметінде жүріп, «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігін» жасауға қатысты. 1967 жылы Қазақ тілінің академиялық грамматикасының «Сын есім» тарауын жазды. 1970 жылы доцент ғылыми атағы берілді. 1974 жылы «Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің қалыптасуы дамуы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды.

Сейібек Мұхамеджарұлы 1975-1987 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының филология факультетінің деканы болды. 1977 жылы 10.02.06. – Түркі тілдері мамандығы бойыншы филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді. 1980-1988 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты қазақ тілі

кафедрасының меңгерушісі, 1988-1989 жылдары Абай атындағы Қазақтың пединститутының қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, 1989 жылы Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының ректоры болып сайланды.

Ғалым 1993-1996 жылдары Қазақ қыздар педагогикалық институты жанындағы кандидаттық диссертация қорғайтын Мамандандырылған кеңестің төрағасы, Қазақстан жоғарғы мектептері Ғылым академиясының толық мүшесі (академигі), ал 1995 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды. Осы жылы Жаратылыстану ғылымдары академиясының толық мүшесі, қазақ тіліне кәсіби біліктілігі оғары маман ретінде ҚР Ұлттық Ғылым академиясының үлестіру кеңесінің құрамына алынып, ҚР ЖАК-тың сараптау комиссиясының мүшесі болып сайланды. 1998 жылы «Қазақ тілі» энциклопедиясының ағылдастар алқасының мүшесі, «Қазақ тілі» қоғамы басқармасының мүшесі болып сайланды.

Ғылыми бағыттары: қазақ әдеби тілі, баспасөз тілі, қазіргі қазақ тілінің грамматика салалары.

Ғалымның ғылыми педагогтік қызметі, ғылымды дамытудағы еңбегі үлкен мәнмен қарастырылған. 1983 жылы «Ұлттық еңбекшілер» және 1988 жылы «Еңбекшілер» журналының «Ғылым және білім беру саласындағы сіңірген еңбегі үшін Ғ. Алытсарин атындағы медальмен және көптеген грамоталармен марапатталды.

**ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ**

Монография мен зерттеулер

1. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 144б.
2. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 304б.

Оқулық

3. Қазақ әдеби тілінің тарихы (жоғары оқу орындарына арналған оқулық). – Алматы: Мектеп, 1989. – 192б.
4. Қазақ тілі. Кешкі орта мектептің IX-XI кластарына арналған оқулық (С.Құрманғалиева, З.Қыстаубаевамен авторлық бірлестікте). – Алматы: Мектеп, 1989. – 158б.
5. Қазақ әдеби тілінің тарихы (жоғары оқу орындарына арналған оқулық). – Алматы: Мектеп, 1989. – 192б.
6. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 304б.
7. Қазақ тілі. Орта мектептің 7-классына арналған оқулық (К.Назарғалиевамен бірге). – Алматы: Рауан, 1991-1998. – 253б.
8. Қазақ тілі. 7-классқа арналған оқулық (К.Назарғалиевамен бірге). – Алматы: Рауан, 1995. 2-басылым. – 192б.
9. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 304б.

10. Қазақ грамматикасы. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (авторлық бірлестікте). – Астана: 2002.  
 11. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. – 340б.  
 12. Қазақ әдеби тілінің тарихы. 3-басылымы. – Алматы: Абай атындағы УПУ, 2007. – 224б.

**Оқу құралдар**

13. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі ұғымдар. (грамматикалық мағына мен грамматикалық форма). Көмекші құралы. – Алматы, 1990. -62б.  
 14. Қазақ тілі. – Алматы: Қайнар, 1993. -170б.  
 15. Сборник упражнений по сопоставительной типологии русского и казахского языков (совместно Б.Х.Исмагуловой, А.Е.Тажмуратовой, С.Ж.Баяншиной). – Алматы: Білім, 1994. – С.184.  
 16. Сопоставительная типология казахского и русского языков (совместно с Е.Нуркиной). – Алматы: Санат, 1996. – С.272.  
 17. «Сөзжасам» курсы бойынша практикалық және лабораториялық сабақтардың мазмұны (көмекші құрал, авторлық бірлестікте). – Алматы, 1996. – 41б.

**Оқу-әдістемелік құралдар**

18. Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы мен лексикасы бойынша практикалық сабақтың мазмұны (методикалық құрал). – Алматы: Үлкен, 1991. – 221б.  
 19. Қазіргі қазақ тілі (морфология курсы бойынша теориялық және практикалық сабақтың мазмұны), 2-басылымы. – Алматы: Білім, 2003. – 106б.  
 20. Сөйлемді грамматикалық талдаудың тәсілдері (әдістемелік құрал, Ш.Бектұровпен бірге), 2-басылымы. – Алматы: Өнер, 2007. – 76б.

**Сөзлік**

21. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Библиогр: 20 атау (С.Кенесбаев, Ә.Қайдаровтармен бірге). – Алматы: Ғылым, 1966. – 240б.  
 22. Қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздік (И.А.Абеуова, Е.С.Омаров, М.А.Райымбекова, Р.Н.Шойбеков, С.Б.Омаровтармен авторлық бірлестікте). – Алматы: «Ай» ШҚ, 1992. – 144б.

**Мақала мен баяндамалар**

23. Қазіргі қазақ тіліндегі нөндік форма туралы. Ұлттық рухтың ұлы тіні (қазақ, орыс, ағылшын. Т.б. тілдерде). – Алматы: Ғылым, 1999. – 332-344бб.  
 24. қазіргі түркі тілдері грамматикаларында қосымшаларды жіктеудің кейбір мәселелері // «Мектеп пен жоғары оқу орындарында ұлт тілдері мен әдебиетін оқыту әдістемесінің ағуалды мәселелері» атты ғылыми-практикалық конференциясы. – Фрунзе, 1982.

25. Қазақ әдеби тілінің жалпытүркілік негізі туралы мәселе // «И.А.Батыманов, К.К.Юдахин, Б.И.Юнусалиевтерді еске алуға арналған ғылыми оқулыр» деп аталатын ғылыми-практикалық конференциясы. – Ош, 1985.  
 26. Қазақ-орыс көстiлдiлiгi жағалында тiлдердi салғастырмалы-типологиялық негiзде оқып-үйрену // Е.Д.Поливановтың 100 жылдығына арналған «Тiл мен сөз өнерi» атты тұркітанушылардың ғылыми конференциясы. – Ташкент, 1990.  
 27. Қазақ және орыс тiлдерiнде есiмдердiң түрлену жүйесiн салғастырмалы түрде оқып-үйрену мәселесi // Ресей және Шығыс: өзара қарым-қатынас проблемалары» атты ІУ халықаралық конференция. – Омбы, 1997.

**13-дәріс тезісі. Сан есімінің сөзжасамы\***

**Дәріс жоспары:**

1. Сан есімінің сөзжасам жүйесі туралы
  2. Сан есімінің сөзжасамдық тәсілдері
  3. Есептің сан мәндері сөзжасамы
  4. Реттік сандардың сөзжасамы
  5. Жинақтық сандардың сөзжасамы
  6. Топтық сандардың сөзжасамы
  7. Болжалдық сандардың сөзжасамы
  8. Бөлшектік сан есімдердің сөзжасамы
- тақырып бойынша негізгі ұғымдардың лингвистикалық сөздігі:

1. Сан есімінің сөзжасам жүйесі туралы. Сан атаулары - көне заманнан бері келе жатқан сөздер, оларды барлық көне жазба ескерткіштерден кездестіруге болады. Сан есімінің көне болуына байланысты тілдегі барлық сан атауларының қалай жасалғаны анық көріне бермейді.

Сан есімінің сөзжасамдық жүйесі өте ертеде қалыптасқан. Сан есімінің сөзжасам жүйесінің өзіндік сөзжасам бірліктері, модельдері, типтері бар. Сан есім сөзжасамында тілде қалыптасқан сөзжасамдық тәсілдердің барлығы қатыспағандықтан біразы қатысады. Сан есім сөзжасамында семантикалық тәсіл қолданылмайды, ал синтетикалық тәсіл өте өнімсіз, ал сөзжасамның аналитикалық тәсілі сан есім сөзжасамында негізгі қызмет атқарышы.

Қазақ тіліндегі сөз таптарының сөзжасамдық әлеуеті бірдей емес.

Бұл мәтінні Н.Оралбаеваның «Қазақ тіліндегі сан есімінің сөзжасам жүйесі» атты монографиясы негізінде (Алматы, 1988) жазды.

Мәселен сан есімінің сөзжасамында сөзжасамның мағына тәсілі қолданылмайды, сөзжасамдық жұрнақ тәсілі өте өнімсіз, ал күрделендіру тәсілі негізгі қызмет атқарады.

Сан есімінің жұрнақ тәсілі арқылы жасалуы белгілі қосымшалармен ғана байланысты. Өйткені, сан есім сөз табы ретінде қосымшаға өте келеді сөз табы. Сан есімінің сөзжасам қосымшаларының қолданылуының өзіндік заңдылығы бар. Мысалы, сан есімінің жұрнақтары өзге сөз таптарына жалғанбайды, ол тек сан есім сөздерге жалғанады да, одан сан есімінің түрлі мағыналық топтарын жасайды. Сан есім жұрнақтары жаңа сан атауларын жасай алмайды, тек сандық атауларды түрлендіріп, оған мағына үстейді. Мысалы, *Бірінші* спектрынде Күлшә әуелі жалта қарамауға тырысты (С.Латиева). *Екінші* аяқ ақталды (С.Латиева). Осындағы *бірінші, екінші* деген сан есімдер құрамындағы –інші, нші, жұрнағы реттік сан есімдер жасайды, яғни сан есімінің бір семантикалық тобының жұрнағы. Яғни бұл мысалдан байқалғандай осы сөздерге негіз болып тұрған сан атауларынан басқа сандық атау жасалмаған. Және мұндай сан есім жұрнақтары да көп емес, тек реттік, жинақтық сан есімдердің қосымшалары жатады. Сан есімінің мағыналық топтары басқа сөз таптарының қосымшалары арқылы жасалады. Мысалы: *Жаңа топ кезде қырықтарды* атырған (С.Латиева). *Жаңа топ кезінде* қырықтарды атырған (С.Латиева). Бұл сөйлемдегі *қырықтар* деген болмағандықтан негізгі түбірде көптік жалғау жалғану арқылы жасалған.

Сан есімде сөзжасамдық негізгі бірлік – сан атауларының өзі, өйткені сан есімде сан атауларын туғызу, жасау тек қана бір сандық атау мен екінші сандық атаудың тіркесі арқылы жасалған. Сол себепті те сан есім сөзжасамының негізі - сандық атау сөздерде, олардың тіркесінде.

Сандық атаулардың негізгі жасалу жолы күрделендіру тәсілі болғандықтан, бұл тәсіл арқылы сан атауларының жасалуының өзіндік жолы, моделі бар. Мысалы, *он бес, қырық екі, атыс сегіз, жетпіс жеті, сексен атыс, тоқсан екі* т.б.

Сан есім құрамында кездесетін көне қосымшалардың жағдайы басқаша. Олар: -ыз/-із (сегіз, тоғыз), -ты/-ті (алты, жеті). Бұл морфемалардың этимологиясы белгісіз.

Сан есімінің сөзжасамдық тәсілдері

Жоғарыда айтқанымыздай сан есім сөзжасамы екі түрлі: аналитикалық және синтетикалық тәсілдер. Аналитикалық тәсіл – сан есім сөзжасамының екі негізгі тәсілі. Тілде аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сан есімдер көптеп саналады.

\*Бұл дәріс мәтіні Н.Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімінің сөзжасам жүйесі» атты кітабы негізінде (Алматы, 1988) жазылды.

Сан есімдегі негізгі түбір сан атауларынан басқа есептік сандардың бәрі аналитикалық тәсілмен жасалады. Аналитикалық тәсіл ондық атауларының жасалуынан басталып, тіліміздегі барлық қалған сан атауларының жасалуын қамтамасыз еткен. Күрделі сан атаулары тек аналитикалық тәсіл арқылы жасалады. Жалпы сан есім күрделі сөздерден тұрады деуге болады, себебі мұнда дара сан есімдер өте аз. Дара сандардың жалпы саны бар болғаны жиырма шақты ғана.

Екі я одан да көп сандардың бір-бірімен тіркесіп, құрамындағы сандардан басқа бір сандық ұғымды білдіретін түрі күрделі сан атаулары деп аталады. Мысалы: *сексен бес, жүз тоқсан атыс, бес жүз жиырма сегіз, бес мың төрт жүз атыс атыс* т.б. Мысалдардағы келтірілген сан атаулары бірнеше сөзден тұрады. Алынған күрделі сан атауларының құрамдары түрлі болғанымен, олардың әрқайсысы бір ғана күрделі сандық ұғымды білдіреді, яғни олардың әрқайсысы -әртүрлі санның аты. Күрделі сандардың құрамы неғұрлым көбейген сайын олардың күнделікті өмірде қолданысы сирей бастайды. Күрделі сандардың мыңға дейінгі түрлері көбірек қолданылса, ал миллионға дейінгі күрделі сандардың қолданысы әлдеқайда сирек. Сонымен күрделі сан атаулары дара сан атауларының қарқынды өсіміне сәйкес өсетін және өсіп отыратын тәсіл болып келеді. Тілде есептік сандардың бір-бірімен негізгі түбір сандардың саны жиырма шақты ғана. Олар бірікпестер: *бір, екі, үш, төрт, бес, атыс, жетпіс, сегіз, тоғыз*; ондықтар: *он, жиырма, отыз, қырық, елу, атыс, жетпіс, сексен, тоқсан және жүздік пен мыңдық* атаулары: *жүз, мың*. Осы сияқты жиырма шақты сөздер арқылы тілімізде миллионға дейінгі күрделі сан атаулары жасалған, сондай-ақ *миллиард, триллионға* дейінгі сирек қолданылатын сан атаулары да аталған сан есімдерден жасалған.

Тілдегі күрделі сандардың әрқайсысының өзіндік мағынасы бар, олар нақтылы бір санның атау болып табылады. Сондықтанда күрделі сандарға синонимдік қасиет тән емес.

Сөзжасамдық күрделендіру тәсілі сан есім жасалуындағы келесі заңдылық мағынаның жасалуына байланысты. Сан есім жасауға қатысатын нақтылы сандардан басқа бір мағынаның жасалуының тілде белгілі жолдары, заңдылықтары қалыптасқан. Олар мына төмендегідей заңдылыққа сай қалыптасқан:

1. Күрделендіру тәсілі арқылы жасалған сандық ұғым күрделі сандығы сынарлардың бір-біріне көбейтілуі арқылы жасалады: *екі жүз, жетпі жүз, екі мың, жетпі мың, жиырма бес мың, екі жүз елу мың, үш жүз тоқсан бес мың* т.б. Сан есім сынарларының көбейтілу тәсілі кез келген есептік сандардың тіркесіне қатысты емес. Ол белгілі сынарлардан құралған күрделі сандарға ғана кездеседі. Алдымен жүздік сандар жасаушы сынарлар бір-бірімен көбейтіледі. Мысалы, *бір жүз, үш жүз, бес жүз* т.б. Бұл сияқты күрделі сандарды жасауға қатысатын сынарлар аз ғана сөз, олар: бірікпестер мен жүз саны, яғни бұған тек он сөз ғана

сынар бола алады. Олардың тоғызы бірліктер тек бірінші сынар болады да, екінші сынары жүз деген сөз болады.

2. Сандық ұғым күрделі сандардың сандарларының қосындысынан шығады. Мысалы, он+бір, жиырма+тоғыз, алтыс+жеті, жүз+сексен, жүз+тоқсан т.б.

Күрделендіру тәсілі сан есімнің семантикалық топтарын жасауға да қатысады. Мысалы, жүзге жуық, мыңға тарта, бес-алты т.б.

Н.Оралбаева «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі» атты еңбегінде миллионға дейінгі есеттік сандардың 58 үлгі бойынша жасалатынын анықтаған. Ол моделдерді көрсету үшін мынадай белгілер қолданған: 1) көбею тәсілі -Х; 2) қосу тәсілі -+; 3) бірліктер -Б; 4) ондықтар -О; 5) жүздіктер -Ж; 6) мыңдық -М [1, 46].

Сан есімнің сөзжасамдық жұрна арқылы жасалуы өнімсіз, себебі жоғарыда айтқанымыздай, сан есімде сөзжасам қосымшалары өте аз. Сөзжасамдық жұрнақ тәсілі арқылы сан есімнің жасалуы туралы айтқанда сан есім зат есім, сын есім, етістік сияқты сөз таптарымен мүлдем таласа алмайды, ол үстеу сияқты жұрнаққа келмей сөз табымен де тең түсе алмайды. Тек бірлі-жарым сандардың құрамында жекелеген қосымша кездесетінін айта кеткен жөн. Алты, жеті, сегіз, тоғыз сандардың құрамындағы -ғы, -ты, -ы, -ы, -ы жұрнағы бар.

Сан есім сөзжасамының сөзжасамдық жұрнақ тәсілі арқылы жасалған сандар сан есімдерінің құрамындағы сөз таптарымен теңестіріліп, сан есімнің сөзжасамдық жұрнақ тәсілі арқылы жасалғанын білдіреді. Сан есімнің сөзжасамдық жұрнақ тәсілі арқылы жасалғанын білдіретін таптарынан ерекшеленді, себебі олар тек мағына түрлендіруші жұрнақтар болып табылады. Мұндай сан есімдерде негіз сөз де, негізді сөз де бір сөз табына жатады. Сонымен бірге сан есім жұрнағы арқылы жасалған негізді сөздің мағынасында негіз сөз де жоқ үстеме мағына болады. Мысалы, Қайта Шара өкпейінің зінгімесі жарасалы (С.Латиева). Жетпедің кемігін жаба ала ма? (Ғ.Мұстафин). Екеу, жетсеу сандарының негізі болып тұрған екі және жеті. Екеу, жетсеу сандарының мағынасында жоқ жинақтық-заттық мағына бар. Бұл үстеме мағына негіз сөздің екі, жеті сандық ұғымының үстіне қосылған.

**Есеттік сандардың сөзжасамы.** Сан есім сөз табының негізінен есеттік сандар құрайды. Есеттік сан есім арқылы сан есімнің өзге мағыналық топтары жасалады. Сондықтан да есеттік сандардың қызметі ерекше. Тілдегі есеттік сандар да құрамын толықтырып, байып отырған. Қазіргі тілдегі миллион, миллиард сөздерінен басқа сан атаулары кірмеген. Басқа барлық қазақ тіліндегі сан атаулары тілдің ішкі мүмкіндігі арқылы жасалған. Сан есім есімнің құрамын басқа сөз таптары арқылы байытпайтын болғандықтан, есеттік сандар жаңа сандық ұғымдарды атаушы өздері негіз болып, ішкі мүмкіндіктері арқылы жаңа сандық атаулар жасалып, толығын отырған.

Тілде есеттік сан атауларының күрделендіру тәсілі арқылы жасалуы қалыптасқан. Сан есімнің сөзжасамында күрделендіру тәсілі маңызды орын алады десек, ол есеттік сандарға да тікелей қатысты.

Есеттік сандардың сөзжасамы екі сандық қатардың арасындағы сандарға қатысты. Ал олар үнемі бір санмен екінші санның тіркесі арқылы жасалады.

Тіпіндегі сан есім сөз табын құрайтын сөздердің жиырма шақтысы ғана дара сандар. Бірінші сандық қатар бірліктер болса, олар түгел дара сандардан тұрады, мұнда күрделі сан жоқ. Ал екінші сандық қатар – ондықтар, олар да тоғыз ондықтың атынан тұратын сандар. Мысалы, он, жиырма, отыз, қырық, елу, алтыс, жетпіс, сексен, тоқсан. Үшінші сандық қатардан бастап, әр сандық қатардың өз ішіндегі сандар да, бір сандық қатар мен келесі сандық қатардың арасындағы сандар да күрделі сандардан тұрады және олардың компоненттік құрамы да барған сайын өсе береді. Осы үшінші қатарға жататын сандар аты ғана екі сынардан тұрады. Мысалы, екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз.

Сан есім - сөзге бай сөз табы. Сан есім есімлік, үстеу, шилде, одағай сияқты сөз таптарына қарағанда олдағайда бай сөз табы саналады. Бірақ сандық ұғымды білдіретін сөздер негізінен күрделі атаулар болғандықтан олардың бес сөз табына қарағанда өзінше бір сөз табы ретінде өзінше біріккендігі айқын көрінеді.

Күрделі сандардың құрамы қанша сөзден құралса да, олар тұтас бір ғана сандық ұғымды білдіреді. Мәселен, жиырма төрт пен жиырма бес деген екі түрлі сандық ұғымды білдіреді. Бұлардың әрқайсысының мағынасы оның құрамындағы сандардың мағынасынан басқа-басқа. Жиырма төрт деген сан – жиырма және төрт деген сандардан мүлдем жоғары болады. Демек, бір сан мен екінші сан тіркескенде, үшінші бір олардан жоғары санның аты жасалады. Бұл күрделі сандардың жаңа мағына беретіндігін дәлелі.

Күрделі сандар құрамы қанша сөзден құралғанына қарамастан, олар сөйлемде бір ғана сөздің қызметін атқарады, бір сөйлемнің мүшесі болады.

Күрделі сандар бір сөз болғандықтан, қосымшалар күрделі сандардың аяқтаған соңғы сынараға жалғанады. Мысалы, ...Сондықтан Татыяна енді жиырма бесте де, отыз бес-қырықтада бола алады. (С.Латиева).

Күрделі сандардың жасалуында да тірек сынар негізгі қызмет атқарады. Күрделі сандардың тірек сынары, бірнеше күрделі санның жасалуына негіз болып, олардың бәрін құрамынан бір орын алып, бәрінде бір мағына береді. Ондай күрделі сөздердің басқа сынары ауысып, тірек сынарына түрлі мағына қосып отырады. Мысалы, он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз, он тоғыз. Мұнда

он саны тоғыз бірліктен тіркесіп, тоғыз түрлі күрделі сан жасаған. Өр ондық та осылайша тоғыз бірліктен тіркесіп, тоғыз-тоғыздан күрделі сан жасайды. Ондықтардың тірек сыңар бопу арқылы тілде 81 күрделі сан жасалған. Олардың бәрі де тірек сыңар болатын ондықтар үнемі бірінші орында, ал ауыспалы сыңарлар екінші орында тұрады. Ал жүздіктерде тірек сыңар екінші орында ауыспалы сыңар бірінші орында тұрады.

**Реттік сандардың сөзжасамы.** Сан есімнің сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалуына –иыншы, -инші, -нын, -нші жұрнағы жатады. Бұл жұрнақ септік сан есімнен реттік сан есім жасайды, дара, күрделі септік сан есімдердің қайсысынан да реттік сан есім осы жұрнақ арқылы жасалады.

Реттік сан есімдердің заттың рет санын, қатар санын білдіруі оның ортақ зат есімнің алдынан көліп тіркесуін қажет етеді.

1. Жинақтық сандардың сөзжасамы
2. Топтық сандардың сөзжасамы
3. Болжалдық сандардың сөзжасамы
4. Бөлшектік сан есімдердің сөзжасамы

#### Әдебиет:

1. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 1988.
2. Қазақ грамматикасы.-Астана, 2002
3. Оралбай Н.Қазақ тілінің сөзжасамы. –Алматы, 2002.
4. Оралбай Н., Құрманалиев К., Балтабаева Ж. Қазақ тілінің сөзжасамы. –Алматы, 2014

#### Дәріс бойынша тапсырмалар:

- 1.Дәріс мәтінімен танысыңыз.
- 2.Дәріс мәтінін берілген әдебиеттер негізінде жинақтық, топтық, болжалдық, бөлшектік сан есімдердің жасалуы туралы жазып аяқтаңыздар.
- Тақырып бойынша семинар сұрақтары:**
- 1.Сан есімнің сөзжасамы неге көне құбылысқа жатады?
- 2.Сан есім сөзжасамына қандай тәсілдер қолданылады?
- 3.Сан есім сөзжасамының өзіндік ерекшеліктерін атаңыз?
- 4.Күрделі сандардың құрамын қандай болым келеді?
- 5.Күрделі сандардың тірек сыңары деген не?

#### Қазақ тілі білімінің тарихы

##### Ахмед Исақов

Ахмед Исақов 1910 жылы қазіргі Семей облысы Абай ауданында дүниеге келді. Қазақ кенес тілі білімінің маманы, педагог, филология ғылымдарының докторы (1964), профессор (1962), ҚазССР ҒА-ның корреспондент мүшесі (1972), ҚазССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1956). 1941 жылдан КПСС мүшесі.

Қазақтың педагогикалық институтын бітірген (1940). Тұңғыш еңбек жолын ауыл мұғалімі болудан бастаған (1930).

1942-1949 жылдары қазақтың Педагогикалық институтының проректоры, ректоры, 1953-1955 жылдары Қаз КСР ҒА Тіл білімі институтының директоры, 1961 жылдан Қаз ССР ҒА Тіл білімі институтының бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Ахмед Исақов қазақ тілі білімінің теориялық мәселелерінің (графика, орфография, пунктуация), қазақ әдеби тілінің зерттелуіне, ғылыми қағарларды даярлауға үлкен үлес қосқан.

Ғылыми бағыттары: қазақ тілінің морфологиясы, әсіресе, сөз таптары жан-жақты зерттелді. Ғылым жолындағы ізденістерінің қазақ тілі білімінде, түркітаным ғылымында мәні ерекше. Сондай-ақ қазақ тілінің мектептерде оқытылу әдістемесі мен орыс тілінің қазақ мектептерінде оқытылу әдістемесімен де шұғылданды.

А.Исақов –қазақ тіл мәселелері жөнінде қарастырылған 200-ден астам еңбектің авторы. Оның «Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулер» (1950), «Тыныс сөздері» (1951), «Қазіргі қазақ тілі» (1964) еңбектері қазақ тілі мәселелерінің кеңінен қарастырылуына ықпал етті. «Қазақша-орысша, орысша-қазақша» (1954) сөздіктерін құрастырушы редакторы болды. Оның басқаруымен «Абай тілі сөздігі», 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» жарық көрді (1974-1986). Осы еңбекті құрастырып, жарыққа шығарғаны үшін ҚазКСР-і «Мемлекеттік сыйлығы» алған (1988). А.Исақовтың жетекшілігімен 30 диссертация қорғалған, оның екеуі – докторлық еңбек.

#### ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

##### Монография мен зерттеулер

- 1.Сөздің морфологиялық құрамы мен қазіргі қазақ тіліндегі атаушы есімдер. –Алматы, 1964.
- 2.Морфологическая структура слова и именные части речи в современном казахском языке. – Алма-Ата, 1964.
- 3.Қазақ тілінің грамматикасы. –Алматы, 1969
- 4.Қазіргі қазақ тілі (Морфология). – Алматы, 1964, 1974, 1991
- 5.Абай және қазақ әдеби тілі. Абай тағылымы әдеби-сын зерттеулер мен мақалалар. Құрастырған: Н.Ғабдуллин. – Алматы, 1986

##### Оқулық

- 6.Тыныс белгісі. – Алматы: ОКБ, 1951
- 7.А.Исақов, Б.Ғабдуллин. Қазақтың ағартушы демократтарының дін туралы пікірлері. – Алматы, 1961
- 8.Қазақ тілі. 5-сыныпқа арналған оқулық. А.Исақов, К.Аханов, Б.Көтенбаева. 22-ші басқылымы. –Алматы, 1999

##### Оқу құралдары

1. Қазақ тілінің фономорфологиялық құрылысын тарихи тұрғыдан сарайтау. – Алматы, 1999

**Масала мен бағдамалар**

2. Профессор Қ.Жұбанов және тіл білімі // Қазақстан мектебі, 1965.№63-71-7766.
3. Абай творчествосын оқыту тәсілдері// Семей таңы, 27 шілде, 1982

**14-дәріс Үстеудің сөзжасамы**

**Дәріс жоспары:**

1. Қазақ тіл білімінде үстеу сөзжасамының зерттелу тарихы
2. Үстеудің сөзжасам жүйесі
3. Туынды үстеулердің жасалуына үждеме болатын сөз таптары
4. Үстеудің сөзжасамдық жұрнақтары: құрамы мен мағыналық сипаты
5. Күрделі туынды үстеулер

**тақырып бойынша негізгі ұғымдардың лингвистикалық сөзігі:**

**туынды үстеулер** – басқа сөз таптарынан өзгүрлі жолдармен үстеуге айналған сөздер. Оның екі түрі бар: 1) тілді қосымшалар арқылы жасалған ж а л а н ы үстеулер; 2) сөздің өзінше өзгеруі арқылы жасалған бөлекше, қысқартылған сөздер. Үстеулердің жасалу тәсілдері тіркесуі арқылы жасалған күрделі туынды үстеулер: *жасап-тармағай, күні кеше, қаннен-қанарыс, бүгін, жасдызғұн.* (Ғ.Қалиев)

**дәріс мәтіні**

**1. Қазақ тіл білімінде үстеу сөзжасамының зерттелу тарихы.** Қазақ тілінде үстеулер мәселесі А.Вайтұрсынұлы, Қ.Жұбанов,С.Аманжолов, І.Кенесбаев, Н.Сауранбаев, Ғ.Бегалин, А.Ысмақов, С.Насаев, Н.Оралбай, Қ.Есенов, Ғ.Әбуханов, Ә.Толықов, Е.Саурықов, Ә.Ыбырайым, Б.Тансықбаева т.б ғалымдар еңбектерінде сөз болды. Мәселен, ғалым А.Вайтұрсынұлы үстеу сөздерді жеке сөз табы ретінде бөлек атап, үстеу жасайтын қосымшаларды нақты атағанда да, туынды үстеулер терминін қолданған. Оны ғалымның мына бір пікірінен көреміз:«Үстеу сөз де, **туынды үстеу** сөз де, үстеу сөз орындағы басқа сөз де – бәрі сұраудан білінсеі. Қалай? қашан? қайда? деген сөздерге жауап болып айтылатын сөздердің бәрі де я үстеу сөз ...» (курсив-Қ.Т.Мұхамаш). [1].

Үстеу туралы арнайы еңбек жазған – ғалым А.Ысмақов. А.Ысмақовтың «Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулер» атты еңбегі бес тараудан тұрады. Бұл еңбектің I тарауында үстеулердің зерттелуі мен оқытылуы, II тарауда үстеулердің сөз табы ретіндегі өзіне тән белгілері, сын есім мен үстеудің ортасында жүрген аралық сөздер мен үстеу құрамындағы кейбір көнерген қосымшалардың қолданылуы қарастырылған. III тарауда үстеудің мағыналық топтарына туралы, IV тарауда үстеулердің морфологиялық белгілері, туынды үстеулердің

жасалу жолдары, үстеудің шырай жасайтын тұлғалары, үстеу жасайтын басқа да сөз таптарының қызметі жайында сөз болады. У тарау «үстеулер синтаксисі» деп аталып, ол үш салада қарастырылады: 1) үстеулердің сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалыуы, 2) үстеулердің басқа сөз таптарымен тіркесу дәрежесі, 3) үстеулердің сөйлемдегі орны [2].

Үстеу сөзжасамындағы ерекшеліктерінің бірі – септік жалғауларының түбірге кіргізуі арқылы туынды үстеулердің қалыптасуы ғылымда ерте танылғанымен, оның жасалу жолы туралы түрлі пікірлер айтылып жүр. 1962, 1967 жылғы грамматикаларда қосымшалардың көнеруі арқылы жасалған деп, және тәсіл ретінде көрсетілсе, Ә.Толықов, Қ.Есенов, Н.Оралбай және 2002 жылы шыққан академиялық грамматикада сөзжасамдық жұрнақ ретінде беріліп, синтетикалық тәсілге жатқызылып жүр. Сөз түрлендіруші қосымшалардың бойында сөзжасамдық қасиеттің болмайтынын ескерер болсақ, үстеу сөзжасамының бұл мәселесі де шешімін таппаған мәселелердің бірінен саналатыны еш дау тудырмайды.

Үстеуді арнайы зерттеген ғалымдардың бірі – Е.Саурықов. Е.Саурықов «Алғабатаулы» профессорының «Қырымдық-семантикалық сөз таптарының грамматикалық сипаты» атты еңбегінде үстеулердің лексика-семантикалық сипаты, морфологиялық белгісі, синтаксистік қызметі сияқты белгілерін жалпы түрлі тілдерінің материалдары негізінде сипаттайды. Еңбекте үстеулердің пайда болуы мен тарихи қалыптасу жолдарын диахрондық әдіспен зерттеу нәтижесінде олардың тілдік жүйелегі орны, даму деңгейі көрсетіледі [3].

Үстеулер мәселесін арнайы қарастырған - Ә.Ыбырайым. Ол үстеулердің тілдік қолданысқа байланысты ішінара морфологиялық өзгерістерге ұшырау құбылысының грамматикалық ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Жалпы үстеу сөз табының бойында болып жатқан өзгүрлі лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік қасиеттері туралы ғылыми түсінік береді. Ғалым сондай-ақ үстеулердің барлық есім сөз таптарына тіркесе беретіндігін жан-жақты дәлелдейді [4].

2006 жылы Б.Тансықбаева «Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесі» атты кандидаттық диссертация қорғалды. Ол еңбегінде Б.Тансықбаева үстеудің сөзжасамдық бірліктерін, тәсілдерін, олар арқылы жасалған туынды үстеулердің түрлерін, мағыналық ерекшеліктерін, құрамын, оларға үждемелік қызмет атқаратын сөз таптарын анықтаған [5].

Үстеу сөзжасамының зерттелуіне жасалған шолудан үстеу сөзжасамы арнайы зерттелгені анықталып, үстеудің сөзжасамы мәселесінде біраз мәселелердің шешімін тапқаны айқындалды.

**2. Үстеудің сөзжасам жүйесі.** Үстеудің өзіне тән сөзжасамдық жүйесі бар. Үстеудің сөзжасамы ертелең қалыптасқан және туынды үстеулер белгілі заңдылықтары арқылы жасалады. Үстеудің сөзжасамдық жүйесін сөзжасамдық үш тәсіл мен сөзжасамдық бірліктер және олар арқылы

жасалған туынды үстеулер құрайды. Үстеудің сөзжасамына тән үш түрлі сөзжасамдық тәсілдердің үстеу жасайтын тілдік бірліктері өзге сөз табының сөзжасамдық жүйесінде жоқ. Бұл үстеудің сөзжасамдық өзіндік өзгеше жүйесі барын, оның өзге сөз таптарының жүйесінен ерекшелігін танытады.

Жалпы сөзжасамдағы уәждеме мәселесі Б.Қасым [6], А.Салқынбай [7] т.б. ғалымдар еңбектерінде сөз болып жүр. Ол ғалымдар еңбектерінде уәждеме кең көлемде қарастырылып, уәждемесіз сөйбір туынды сөз жасалмайтынын айтылған. Мәселен, А.Салқынбай: «...тіліміздегі кез келген атаудың жасалу процесінде уәжділік қатысады...» - [7, 187б.] десе, ғалым Б.Қасым: «Туынды сөзді қалыптастыруда уәждеме аталымның негізгі тетігі деп есептелінеді. Атаудың табиғатын түсіну үшін, зат пен құбылыс арасындағы байланыс жүйесінде анықтауға номинативтік белгілер мүмкіндік береді. Ол үшін сөздің ішкі мағыналық құрылымын анықтаудың басты шарты – уәжділікті туынды атаулардың туынды мағынасын қалыптастыратын үрдіс ретінде қарастыру» [6, 189б.]. Үстеу сөзжасамында уәждеме сөздің не өзіндік өзгешелігі бар. Үстеуде түбір сөздермен бірге тұрақты сөздер де кездеседі. Сөздердің өзіндік атқаратын Үстеуге уәждеме қатыстыратын сөздердің кез келген сөз табы туынды үстеуге уәждеме бола алмайды. Үстеуге уәждеме болатын сөздер - үстеуге мағыналық жақындағы бар сөздер. Мысалы: *босқа* бардым, *бекер* айттық, *жесте* түсінбеді, *тікелей* табыстады.

Үстеу сөзжасамындағы келесі тілдік бірлік – сөзжасамдық жұрнақтар. Жұрнақтар арқылы жасалған туынды үстеулер синтетикалық тәсілге жіататындықтан, үстеудің сөзжасам жүйесінде синтетикалық тәсіл қызмет атқарады.

Ресейде нөлдік морфема, сөзжасамдық жұрнақ мәселесін Н.Ю.Шелов, В.В.Попатин, Е.С.Кубрякова, Е.А.Земская, А.И.Смирницкий сияқты ғалымдар дәлелдесе, қазақ тілі білімінде А.Омарова қазақ тілінің сөзжасамында да нөлдік жұрнақтың болатынын көрсетті. Ол туралы ғаалым А.Омарова былай дейді: «Қазақ тілінде лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздерге жатқызылып келген туынды сөздердің негізгі ерекшелігі оларда жаңа мағына бар, бірақ ол мағынаны жасаушы көзге көрініп тұрған тілдік бірлік жоқ. Мағына бар жерде оны жасаушы тілдік бірліктің сыртқа көрінісі болады деген теория бойынша мұндай жағдайда мағынаны білдіретін тілдік бірліктің дыбыстық құрамының жоқтығы ғылымда нөлдік морфема аталып, сөзжасамда оны нөлдік жұрнақ атап жүргені ...дәлелдені. Олай болса, қазақ тілінде де сыртқа дыбыстық құрамы жоқ, бірақ мағына жасайтын тілдік бірлік сөзжасамдық нөлдік жұрнақ деп аталады» [8, 205б.]. Ғалым Б.Таңсықбаева ғылым дамуынан сырт қалмау үшін үстеу сөзжасамында нөлдік жұрнақтың орнын алатыны анықталды дейді [5, 9б.].

Үстеудің сөзжасам жүйесінде қаралатын мәселенің бірі – туынды үстеулер. Туынды үстеулер *түбір (жазып) үстеулер* және *күраеті үстеулер* деп екіге бөлінеді. Туынды түбір үстеулерге *кешкірші*, *жөзай*, *айлап*, *мұсырманша* т.б. үстеулер жатады.

Күраеті үстеулерге аналитикалық тәсіл арқылы жасалған бірліккен, қосарланған, тіркескен үстеулер жатады. Мысалы: *таңертең*, *әжеттәуір*, *жөз-жөнекей*, *қалам-қол*, *күні бұрын* т.б.

3. Туынды үстеулердің жасалуына уәждеме болатын сөз таптары. Туынды үстеудің жасалуына уәждеме болатын сөздің лексикалық мағынасы үстеудің лексикалық мағынасына қатысы болу керек. Сөз таптарының кез келген сөзі үстеуге уәждеме бола алмайды. Кез келген зат есім үстеуге уәждеме болмайды. Мәселен, *қалам*, *кітап*, *тамақ* сияқты нақтылы зат есімдерден жасалған туынды үстеулер тілімізде кездеспейді. Ал бірақ кейбір зат есім сөздерден жасалған туынды үстеулер бар. Мәселен, *қос*, *жөз*, *жөз* сияқты сөздер туынды үстеу жасауға уәждеме бола алады. Себебі бұл сөздердің мағынасында үстеуге жақындағы бар. Бұл сөздердің мәнін тексеріп көрейік. *жөз* - «Бұл сөз үстеулерде мағынасына жақындағы болып келеді. Құдан үстеуге уәждеме қатыстыратын сөздердің үстеу мағыналық жақындағы болуы қажет екені, сол арқылы үстеудің сөзжасамдық жұрнағының мағынасына да сәйкестігі бар сөздер ғана үстеуге уәждеме болатыны белгілі болды [5, 11б.].

Үстеуде уәждемелік қызметті жиі атқаратын сөз таптарының бірі – сын есім. Сын есім мен үстеудің мағыналық жақындағы олардың екеуінің де белгілі білдіруімен байланысты. Сын есімнің ішінде әсіресе сана сандары туынды үстеуге уәждеме болуға қабілетті. Мысалы, *босқа*, *жайша*, *тікелей* т.б.

Туынды үстеуге грамматикалық тұралағы сөздер де уәждемелік қызметте жұмсалады. Мысалы, *күнімен*, *түнде*, *ішпен*, *сыртқа*, *күні-түні* т.б.

4. Үстеудің сөзжасамдық жұрнақтары: құрамы мен мағыналық сипаты

Үстеу жұрнақтарын ғалымдар әртүрлі көрсетіп жүр. А.Бісқаков үстеудің 8 түрлі жұрнағын, 1967 жылғы грамматикада 12 түрін, Ә.Төлеуов 13 түрін, Н.Орылбаева 22 түрін көрсетсе, ғалым Ж.Сарбаев үстеудің сөзжасамдық жұрнағы жоқ деп санады. Ал үстеуді арнайы зерттеген Б.Таңсықбаева үстеу жасаушы жұрнақтардың бар екенін дәлелдеп оның 46 түрін көрсеткен[5].

Үстеудің сөзжасамдық жұрнақтары үстеу сөз табының өзінен я басқа сөз таптарынан үстеу жасаушы жұрнақтар болып келеді. Үстеуді арнайы зерттеген Б.Таңсықбаева еңбегінде үстеудің жоғарыда айтқанымыздай 46 сөзжасамдық жұрнағы берілген. Төменде сол еңбектен үстеу тулырушы жұрнақтарды тұтастай беріп отырмыз. Олар мыналар: 1) –ша/-ше: *айашша*, *мұнша*, *өскенше*; 2) –латып/-летіп: *борандатып*,

UNREGISTERED COPY OF SCANDAPYRUS



6. Қасым Б. Күрделі аталым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным (зерттеулер) – Алматы: ЖК Волкова А.В., 2010. – 383б; Қасым Б. Сөзжасам: семантика, уәждеме. – Алматы: КИЦО, 2003. – 167б.
7. Салқынбай А. Қазақ сөзі: уәжділігі мен тектілігі – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 206б.
8. Омарова А. Қазіргі қазақ тіліндегі нәлдік морфема.- Алматы: Экономика, 2004. – 254б.
9. Ыбырайым Ә.О. Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулердің грамматикалық сипаты. – Тараз: тараз университеті, 2012. – 171б.

**Тақырып бойынша семинар сұрақтары:**

1. Қазақ тіл білімінде үстеу сөзжасамының зерттелуі туралы не білесіз?
2. Үстеудің сөзжасам жүйесінің ерекшелігі неде?
3. Туынды үстеулердің жасалуына уәждеме болатын сөз таптары қандай?
4. Үстеудің сөзжасамдық жұрнақтарының мағыналық топтарын білесіз бе?
5. Күрделі туынды үстеулер туралы не білесіз?

**Дамытушылық тапсырмалар:**

- А) «Ғалым Ғ.Қалиевтің «Қазақ тілінің диалектілік ерекшеліктері» атты баяндама жазыңыз»
- Ә) «...үстеулерді арнайы қосымшалар арқылы жасалады деу, әлетте дұрыс қорытынды әкелмейді»-дей келіп, үстеудің сөзжасамдық жұрнағы жоқ, үстеу синтетикалық тәсілмен жасалмайды деген тұжырым айтқан ғалым Ж.Сарбалаевтың пікіріне өз көзқарасыңызды білдіріңіз.(Сарбалаев Ж.Т. Қазақ тіліндегі конверсия мен активация. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1993. 251б; Сарбалаев Ж. Сөзжасам мәселелері. – Алматы: Арыс, 2002. -148б.)

**Қазақ тіл білімінің тарлаулары**

**Ғабдолла Қалиұлы**

Ғабдолла Қалиев 1929 жылы Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданында дүниеге келген. Қазақ тіл білімінің маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ғылым академиясының академигі.

Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінде 1950 жылдан өмірінің соңына (2010 жылға) дейін қызмет атқарған.

1958-1961 жылдары және 1972-1977 жылдары Қазіргі қазақ тілі кафедрасының, 1993-2003 жылдары сол кезде ашылған жалпы тіл білімі және қазақ тілі тарихы кафедрасының меңгерушісі, 1993-1998 жылдары университеттің оқу-әдістеме бірлестігі бойынша проректор қызметтерін атқарды. Профессор Ғ.Қалиев 4 ғылым докторын, 13 ғылым кандидатын даярлады.

Ғылыми бағыттары: қазақ әдеби тілінің тарихы, диалектологиясы, лексикологиясы, лексикографиясымен айналысып, бұл салалардың ғылым ретінде қалыптасуына елеулі үлес қосты.

1950-54 жылдары қазақ тілінің диалектілік ерекшеліктерін бірінші рет ғылыми негіздеген докторлық диссертациясы (1954) және «Қазақ тілінің диалектілік ерекшеліктері» атты монографиясы (1955) жинақталған тақырыпқа қорғаған докторлық диссертациясы (1990) түркі (қазақ) диалектологиясында ғылыми жұртшылық тарапынан жаңа бағыт, соны уәлес ретінде бағаланды. Бұл еңбек халықтық сөздіктеріндегі сөзжасам заңдылықтары мен ерекшеліктерін әлеби тілмен, басқа түркі тілдерімен салыстырып кешенді түрде зерттеу нәтижесінде әдеби тілге негіз болған халық тілі байлығының жетілу, толығы жолдарын анықтаған тұркітану ғылымындағы алғашқы үлгі болды. Ғ.Қалиев қазақ тілі лексикографиясының дамуына үнемі ат салысып келеді. Қазақ тілінің диалектологиялық, терминологиялық, түсіндірме, ескірген аударма сөздіктерін жасаушы авторлардың бірі. Ғ.Қалиев 270-тей ғылыми еңбектің авторы, оның 35-і жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдары, титтік оқу бағдарламалары, монографиялар мен сөздіктер. 2004 жылдан бері «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша шығып жатқан 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» жасаушы авторлық ұжымда істеді.

Университеттегі ұстаздық және ғылыми қызметі бағаланып, ол ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің грамоталарымен екі мәрте, Оқу министрлігінің Құрмет грамоталарымен үш мәрте, 2003 жылы «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуда сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің және «Тыңға 30 жыл» мерекелік медальдарымен, 2008 жылы «Алтынсарин» белгісімен марапатталды. Ол Қаз ССР (1968) және КСРО (1980) оқу ағарту ісін үздік қызметкері.

#### ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

##### Монография мен зерттеулер

1. Қазақ говортарындағы диалектілік сөз тудыру. Монография. – Алматы: Мектеп, 1985. – 232б.
2. С.Аманжолов. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. Монография. (орысшадан аударған). – Алматы: Сөздік, 2004. – 535б.

##### Оқулық

3. Қазақ диалектологиясы. Оқулық, 4-басылым (Авторлық бірлестік). – Алматы: Дәуір, 2002. – 300б.
4. Жалпы тіл білімі. Оқулық (Авторлық бірлестік). – Алматы: Дәуір, 2004. – 236б.
5. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық (Авторлық бірлестік). 2-басылым. – Алматы: Сөздік, 2006. – 248б.

##### Оқу құралдары

6. Қазақ диалектологиясы мен фразеологиясы. Оқу құралы. – Алматы: 1960. – 90б.
7. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Хрестоматия (Авторлық бірлестік). – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясы. Республикалық баспа кабинеті, 2000. – 332б.
8. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Практикалық курс. (Авторлық бірлестік) Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясы. Республикалық баспа кабинеті, 2001. 273б.
9. Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 189б.

##### Оқу-әдістемелік құралдар

10. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Бақылау-пысықтау жаттығулары. Университет пен педагогикалық институттардың қазақ тілі мен әдебиеті бөлімдерінің сырттан оқитын студенттеріне арналған. Алматы, 1963.
11. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. Бақылау-пысықтау жаттығулары. Университет пен педагогикалық институттардың қазақ тілі мен әдебиеті бөлімдерінің сырттан оқитын студенттеріне арналған. Алматы, 1964.
12. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. Бақылау-пысықтау жаттығулары. Педагогикалық институттардың сырттан оқитын студенттері үшін. – Алматы, 1959.
13. Қазақ тілінің диалектологиясы. Бақылау-пысықтау жаттығулары. Университет пен педагогикалық институттардың сырттан оқитын студенттері үшін. – Алматы, 1959.

##### Сөздік

14. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік, 2005. – 439б.
15. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі (Авторлық бірлестік). – Алматы: Арыс, 2005. – 819б.
16. Русско-казахский словарь (Авторлық бірлестік). – Алматы: Дайк пресс, 2005. – С. 114б.
17. Қазақ әдеби тілінің сөздігі (авторлық бірлестік). Т.1. – Алматы: Арыс, 2006. – 748б.; Т.2. – Алматы: Арыс, 2006. – 742б.; Т.3. – Алматы: Арыс, 2006. – 742б.; Т.4. – Алматы: Арыс, 2007. – 750 б.; Т.5. – Алматы: Арыс, 2007. 750б.; Т.6. – Алматы: Арыс, 2007. – 750б.
18. Диалектологиялық сөздік (Авторлық бірлестік). – Алматы: Арыс, 2007. – 798б.

##### Мақала мен баяндамалар

19. Ученимис русских школ – полноценные учебники по казахскому языку // Казахстанская правда. 4 февраля. 1963. – 1962 жылы шыққан «Қазақ тілі» журналының 1-санындағы мақаланың бірінші бөлімі.
20. Қазақ тілі оқулықтары айналысқан аралықтан болсын // Социалистік Қазақстан. 1953. 23 маусым. (А.Обалрахмановпен бірге).
21. Бір термин жайында («Сын және өзара сын») // Социалистік Қазақстан. 1957. 28 наурыз.
22. Кейбір кемшіліктер жайында (Сырттан оқитын студенттердің сессиясы туралы). Педагог. Абай атындағы ҚазПИ. 1959. 26 шілде.
23. Қазақ әдеби тілінің нормалары жайында // Қазақстан мектебі. 1963. №6. 68-72бб.
24. Аса қорнекті ғалым-педагог. (С.Аманжоловтың 60 жылдығына) // қазақстан мектебі. 1963. №12. 8-10бб.

##### 15-әріп тезісі. Етістіктің сөзжасамы

